

8-4-51-23.
3096

КАЗИРГІ
КАЗАК
ПОЭЗИЯСЫ

Есләм
Зікібаев

Қас қазып соң







Есләм
Зікібаев

Қас қағым сөйт

Өлеңдер мен
толғаулар



Алматы
“Жазушы”
2004

*Қазақстан Республикасы Ақпарат министрлігінің
бағдарламасы бойынша шығарылып отыр*

Зікібаев Е.

З 96 Қас қағым сәт: Өлендер мен толғаулар.—Алматы:
Жазушы, 2004. — 248 бет.

ISBN 9965-701-41-5

37475

Поэзия — ақынның қан қысымы, жүрек қызуы десек, өмірден өткен өреді қаламгер Е. Зікібаевтың келешек ұрпақтарға қалдырып кеткен мол мұрасы соның айқын көрінісі іспетті. Ол тірлігінің соңғы жылдарында тынымсыз іздену арқылы көркемдік қиырларына шарқ ұра көтеріліп еді. Әсіресе, өмір мен өлім, махаббат пен ғадауат шарпысқан шақтардан туғандай сезілетін жырларынан айрықша қуат, шабытты рух лебі еседі. Соның бәрінде де Ел ертеңіне елсіз көңіл, өзі айтқандай «бір беті мұң, бір беті ән» ғұмырнамасынан өрнектеген адами-философиялық ой-толғамдар, жан толғаныстары мен тұнық ақыл, сергек сезім сүзекісінен өткен ғибрат бар.

012

3 $\frac{4702250202-027}{402(05)-04}$

құлақтандырусыз — 2004

ББК 84 Қаз 7-5

ISBN 9965-701-41-5

© «Жазушы» баспасы, 2004

Бірінші бөлім. ДҮНИЕ ЖАЛҒАН

ХАЛҚЫМ БАРДА...

Уақыт — тұлпар бас бермей ала қашып,
Жауынмен де дауылмен араласып,
Белең-белең белестер артта қалып,
Елуді де енсеріп... Барам асып!

Бұл өмірден нені алдым, нені бердім,
Бола алдым ба айтулы серігі ердің?
Топка салар бір атым бапталды ма,
Ақталды ма мен деген сенімі елдің?

Көктем болып жадырап гүл аттым ба,
Жабырқаған біреуді қуанттым ба?
Қайғы-мұңын сәтінде ұмыттырып,
Толтырдым ба кеудесін шуақ-нұрға?

Мына мендей сол замат жымия қап,
Жанарында тұрды ма нұр ұялап?
Көрінді ме бөр-бәрі өзгеше боп,
Секілденіп жерұйық дүние — бақ.

Әлде бейбақ өзімді, өзгені де
Алдадым ба мәз болып өз деміме?
Көріп тұрып күлдім бе көрмегендей
Біреулердің мұң тұнған көздеріне?

Сол көздерден нені ұқтым? Нені білдім?..
Басылды ма арыны желігімнің?
Ел алдында көрдім бе есеп беріп,
Жетегінде кеттім бе сері күннің?

Жүрмесем де сардар боп, елбасы боп,
Білем мен де ЕЛУДІ ер жасы деп.
Жылың толған кездерде жүгің толмай
Жатса, міне, жігітке сол қасірет.

Бұлақпын ба, арналы өзенмін бе?
Өздері айтар, көреді көзі елдің де.
Талқысына тағдырдың, сын-тезіне...
Күнде түсем, әйтеуір, төзем күнде!

Даңғыл емес тірліктің жолы күллі —
Күткен де емен шаттыққа толы күнді.
Артық-кемдеу айтсам да пенделікпен,
Шамалаймын өмірде орынымды.

Бар десе де ақында артық арын,
Асып-тасып шарамнан, шалқымадым.
Шектен шықсам, қалардай шамырқанып,
Қасиетім қашаннан ХАЛҚЫМ — АРЫМ!

Халқым — Анам! Биігім! Тереңім де!
Дария сынды тербелем кемерімде.
Еркелігім қашанда жарасады,
Ол болмаса, басқаға керегім не?!

Халқым — Әкем!
Мөлдірім! Тұнығым да!..
Күдірет-күш жатқандай бұл ұғымда.
Әкем барда — ақиық қырандаймын,
Тастүлекпін түлеген тұғырымда.

Халқым — барым!
Ұлы Анам! Ұлы Бабам!..
Өрем биік, шалқыған құбылам ән!
Өтсін жылдар жел канат зымыраған,
Қорқынышты болмайды бірі маған.
Халқым барда — мен әлі жас сәбимін,
Халқым барда — жас ару жырым әман!

ТАҒЗЫМ ЕТЕМ

Бұйра толқын — ақ селеу, ақ жал далам,
Жатыр тыныш, тымырсық, бақ жанбаған.
Түн тылсымын бір сәтке тындап көрші —
Мұңлы дауыс шығады «Мағжандаған».

Бұл дауыс — Мағжандаған дала даусы,
Бұл дауыс — Мағжандаған ана даусы.
Шер-шемен көкірегін кернеп алған,
Бір әнге біз білмеген салады әнші.

Сол әнші — жын-пері ме,
Әлде адам ба,
Егіліп-елтимін бе, танданам ба?

Мен бұрын естімеген әуен-сарын
Ұрпағын Мағжанменен жалғаған ба?!

Өксік бар, қорқыныш бар, өкініш бар,
Сикыр бар албастының отын ұстар.
Бір мезет тор ішінде тобын құрып,
Мұң шағатын секілді тоты құстар.

Алаштың көтерем деп Туын биік,
Қалғандай мезгілінен бұрын күйіп.
Армандай алғы күнмен жалғаса алмай,
Алғандай өкініштің уын құйып.

Ойлаумен ердің қамын, елдің қамын,
Ойлаумен тау-тас, өзен, жердің қамын,
Қалайша аңдамаған албырт ақын
Өзіне ақтарылар селдің барын.

Қандырып жан сусынын көз жасымен,
Күн кешкен бозінгендей бозда сүрен.
Кетер ме ақтарылып у-запыран,
Көңілдің күй пернесін қозғаса ерен.

Ғайыптан,
Оттан,
Судан жаратылған,
Сөйлеген Ана атынан, Ар атынан,
Ақын да – заманының пайғамбары,
Жалғасып мәңгілікке баратын ән.

Сұлудың құлдық ұрған күлкісіндей,
Суреттің мың құбылған түр-түсіндей,
Алаштың елдігін де, ерлігін де
Аспанның аясынан жүр түсірмей.

Күй кешкен ақын жаны ғұлама сыр,
Тудырған сондай ерді Тұран асыл.
Елімнің көк байрағын көкке өрлетіп,
Бөлеген тамашаға ұлаң-асыр.

Таратып туған жерге жан шуағын,
Қаратып думанды елге таң шырағын,
Жиһаздай жыр-дестесін қалдырыпты,
Себелеп көкірегінің тамшы-нәрін.

Өскінбіз сол тамшыдан қуат алған,
Жалғасу жақсы ағаға – мұрат, арман.
Туған жер,
Топырағыңнан нәрленбесем,
Мен-дағы шешек жарып, гүл ата алман.

Елімнің абыройы, ар, құтындай
Өскен жер ҮШ бәйтерек жалқы тұрмай.
Жыр жазып жүргенімді мақтан көрем,
Солардың сонындағы сарқытындай.

Бойыма жырдан жаһұт-асылды үйіп,
Кеудеме шабыт оты – жасын құйып,
Мағжан, Сәбит, Ғабиттер туған өлке
Тарқамаған өн-жыры, думаны ерте,
Перзентің болғанымды мақтан көріп,
Тағзым етем мың мәрте басымды иіп!

СЫНШЫМ – ХАЛҚЫМ...

Өнер дағы өз алдына бір өмір,
Қырлары көп, сырлары көп, біле біл.
Толатын да, солатын да кезі бар –
Күнде жайнап тұра алмайтын гүл-өңір.

Қайсы кезде мандайыңа бақ дарып,
Салған құсың көк бөріні жағты алып?..
Ойла, сонда құдайыңды ұмытып,
Кетпедің бе масаң тартып, мақтанып?

Бұл ғұмырда ғибрат көп білгенге:
Пенделігің асып кетер бір демде...
Соны ойлады-ау қайран бабам Жирише
Жыртық тонын керегеге ілгенде.

«Семіздігін көтере алмас бұл пенде
Төрт аяғын бірдей басып жүргенде, –
Деді-ау қайран асыл бабам, – кейінде
Ғибрат болсын сөз қадірін білгенге!»

Кейде сынап, кейде мен де сыналам,
Ерлік салты – бөріне де шыдаған.
Алаулатып, жалаулатып шықпадым,
Бір жырымды мақтағанға бір адам.

Берер жауап, қойса уақыт сұрағын,
Көкірегімде тынбай аққан жыр-ағын.
Қай кезде де соңғы сөзді айтатын
ХАЛЫҚ дейтін СЫНШЫМ барын ұғамын!

АБАЙ БОЛЫҢДАР, АДАМДАР

Тұра тұр, достым, тұра тұр,
Мына пәленнің немен бітерін түбі ақыр
Кім көріп келген?

Бәрі де, бәрі... беймәлім,
Бакыттылар бар,
Аз емес одан бейбағың...
Адам ғой соны жасайтын өзі өзіне,
Келмейді тура істері айтар сөзіне.
Хайуаннан бетер бір-бірін талар сәтінде —
Шындықтың бір кез қарасақ тіке көзіне.

От керек болды,
От жасап алды Адамдар,
Оқ керек болды,
Оқ жасап алды Адамдар.
Сұмдық ойласа,
Бәрі де іскер, бәрі епті,
Жасады қолдан,
Жоғынды сәтте бар етті.
Дүниеде мына жақсылық дегенді ұмытып,
Өзіне өзі салады келіп әлекті.

Білсе де білмей,
Көрсек де көрмей, арандар —
Хайуан емес,
Ақылды, есті Адамдар.
Шер басқан көңіл,
Шел басқан көзді аша алмай,
Көр қылып өзін,
Қор қылып жатыр, қарандар!
Сарқылды сулар,
Шарпылды нулар, ормандар,
Інінен қашты залалсыз жанға зормандар...
Мереке кетті,
Береке кетті тірліктен,
Табиғат-ана зар-запа шекті,
қорғандар!

Жан нұрың сенің,
Тағдырың сенің — алаңдар,
Армандай әсем далаға бір сәт қарандар.
Құтты ұяң анау —
Армандағыдай көркем Ел,
Ойнама отпен,
Ойнасаң, ол да өртенер,
Абай болындар,
Абай болындар, АДАМДАР!

ӨРНЕГІМ

Тербеткен Арқаның самалы,
Ержеткен қалқаның бал әні,
Мөп-мөлдір сұлудың жанары
Жанымды тебірентіп барады.

Қия алмай қызығып көргенім
Түс пе едің армандай, өң бе едің?
Сағынып, сарылып шөлдедім,
Аяулы ауылым — Өрнегім.

Базарлы балалық бал шағым,
Ажарлы арудай сал сағым.
Ауылым — арманым, аңсарым,
Өрнегім, өзінді аңсадым.

Жас күнім, сайранды сауығым,
Тербеткен қара орман бауырын.
Елемей боранын, дауылын...
Күн кешкен гүл дестем — ауылым.

Қуат ап жерден де, желден де...
Көңілім ашылып шерменде,
Сағынып өзіне келгенде,
Құс болып ұшамын мен демде.

Базарым, наз әнім — Өрнегім,
Сағынып, сарылып шөлдедім.
Дүниеде қанша ауыл көрсем де,
Өзіндей біреуін көрмедім.

Жыр кестем,
Гүл дестем — ауылым,
Құрбымен бірге өскен ауылым.

Жастықтың сайранды сауығын
Бәрінен бір кешкен ауылым...

Сен барда босағам — төр менің,
Қос анам,
Бірі сен, Өрнегім.
Өзімнен биікке өрледім,
Өзіңдей басқа жер көрмедім.

Дәм тартып шалғайда жүрсем де,
Аңсатып құр атқа мінсем де...
Бакытым, базарым, наз әнім,
Тілегім, жүрегім бір сенде.

Ақ қайын,
Ай жүзді көлдерім,
Тағдырым, бақ-нұрым сен менің,
Армандай асылым Өрнегім!

АЛПЫС — АРМАН

Толғау

Уақыт жылжып,
Алмасып айлар, жылдар...
Адастырып жүзімнен тайған нұрлар,
Ат байлатып АЛПЫСТЫҢ бекетіне,
Көкірегімде бүлкілдеп қайнар жыр бар.

Тағдыр тарпаң,
Кезім аз тарпыспаған —
Мен АЛПЫСҚА не бердім,
АЛПЫС маған?
Ауыздықпен келемін арпалысып,
Асау аттай тізгінін тарта ұстаған.

Сездің бе оны, ағайын,
Сезбедің бе?
Той көрінер тіршілік езге күнде.
Тербетіліп тағдырдың безбенінде,
Ұқтым бәрің от пен су ортасында,
Екі ездуден қан шыққан кездерімде.

Белі ауырса, кайқандар кара нар да,
Ер ауырса, жаутандар,
шара бар ма?
Ақты ақ деп ақиқатты айта берсең,
Көрінесің ақылсыз ала қарға.

Сөзімізде бір шындық жоқ па, бар ма,
Білгін келсе, сынға түс, топқа бар да.
Ауызбен орақ орып әуре болма,
Малтығып әзер жүріп оппа қарда.

Сөзге де сабыр керек сақтанарға,
Абыройсыз айқаймен ат қалар ма.
Бір шоқып, айналаңа екі кара,
Ермін деп кеуде керіп мақтанарда.

Елтітіп, еліктіріп желік өмір,
Кетпесін ілестіріп желіне бір.
Досқа күлкі,
Дұшпанға таба қылар
Аптығы басылмаған сері көңіл.

Әр сөздің сұрауы бар,
шынға жығыл –
АЛПЫСТАН көкірегіме тұнбады нұр.
Дөп басып бабаларым қалай айтқан:
«Жақсы ем, – деп, – былтырғыдан бұрнағы жыл».

Туа егіз албырттық жастықпенен,
Күндер өтгі масайрап мастықпенен.
Ертеңнің есе аларын еске ұстамай,
Кезіміз аз бөйгеге бас тікпеген.

АЛПЫС жыл –
Аз ба, көп пе?..
Ойламадым,
Құрсауын кім бұза алар ой – камалдың.
Жиырмандың жылап талай қазасында,
Токсанда тірі жүрген тойға бардым.

Білмеймін күйім қалай, жайым қалай,
Құмға шөккен кемедей қайырламай,
Еркін жүзсем болғаны тіршілікте,
Тек тәңірім тәубадан айырмағай.

Өкпеледім,
Талайды өкпелеттім,
Өтпейтұғын жерлерден көктеп өттім.
Біреулерді жылаттым,
Біреулерді...
жұбаттым --
Қалай күнәм жоқ демекпін.

Алдаған да кезім бар,
Алданған да...
Албырттықпен секірдім жардан жарға.
Алдан шығып немере-жиендерім
Аталайды,
Атада арман бар ма?!

Қара шалдың қасына қатар ермей
Ұлым да өскен өзімдей ата көрмей.
Содан шығар --
Абыздай кіл өулие
Ата біткен -- Алпамыс,
Атағы ердей!

Құдай шыннан өмірде бар ма, жоқ па?
Дәл айта алмай, саламыз жанды азапқа.
Жалған сөйлеп күнәһар боларым жоқ
Бірдеймін деп бар жұртқа, бар казакқа.

Көңіліммен елпілдеп-елендеген
Кезім де көп еленіп, еленбеген.
Барлық казак дәл бірдей көрер ме екен,
Мен казакқа бірдеймін дегенменен.

Кім айтар досым бар деп, дұшпаным жоқ --
Арманның аясында ұшқамын көп.
Қуанғандар көтерсе қиялында,
Қызғанғандар тұқыртты тыста күндеп.

Қан жылаған жарасын жүрегімнің
Жарымнан да жасырып...
Күле білдім.

Айтылмайды ақынның ақиқаты,
Тағдыры сол тірлікте жыр -- өмірдің.

Бетпак шөлде гүлдейді арман -- арша,
Ғұмырым бар білмеймін алда қанша.

Ақынға бұл фәнидің азабы ауыр,
Тәңірдің өзі берген жаза ма бұл –
Қарайтын жокқа жокша,
Барға барша,
Амал не, сол азапты таңдап алса?..

Білмеймін күй өрем бе,
ән өрем бе?
Қуаныш-тіршілігім –
сән-өрем де,

Азабым,
Қасіретім,
Шер-мұным да...
Бәрі де,
Бәрі, бәрі, бәрі... өленде!

Жат қылығым,
Аңқылдақ көңілім де,
Жырларымнан оқиды ел оны күнде.
Шалдығым,
Салдығым мен серілігім...
Шайтанды да ілестірген пері күнім
Бәрі өленде,
қысқасы, өмірім де!

Кімге сенім артамын,
Неге сенім?
Бергенім аз,
Көп тіптен берешегім.
Бәрі өленде,
Әйтеуір, бәрі өленде,
Табады ертең мені іздеп елесе кім,
Елемей жібермейді ел есебін.

Заман да бөз-баяғы зар күйінде –
Өзгерген жоқ айтатын ән-күйім де.
Ұйқылы-ояу мүлгіген марғау тірлік,
Жас сәбидей алданған әлди үнге.

Абысынның ашпай-ақ жік-арасын,
Ағайынның бөлмей-ақ құла-аласын,
Шыдайық-ақ дейміз-ау шыдағасын,
Қой аузынан шөп алмас момындардың
Жеп жатқанда сыпырып сыбағасын,
Отқа түспей қалайша тұра аласын,

Елге қарап жесірлер шашын жұлып,
Жерге қарап жетімдер жылағасын.

Ұмытып шыдамның да шегі барын,
Жұтып жатыр шайнамай жегі қарын.
Қайтіп қана шыдайын,

ЕЛІМ – арым,

Елімді жеп,

арымды таптағандар,

Таптағандар,

АРУАҚТЫ аттағандар

Айта алам ба нені ұқпай, нені ұғарын.

Айтудай-ақ айттық-ау,

Кім ұғынды?

Кәсіп қылып алғандар құнығуды

Барыма да бағыма сұғынулы.

Көз алдыма келеді қаралы жұрт,

Алыстаған Ақтабан-Шұбырынды.

Алыстаған Ақтабан-Шұбырынды

Ғазауатқа қақтаған ғұмырымды.

Құлағыма жанғыртып жеткізеді

Найза ұшында шыңғырған шырыл үнді.

Жасарып-жаңарам ба,

Тозамын ба?

Жарыссам, қаламын ба,

Озамын ба?..

Жақсылық, жамандық та өз арымда,

Бәрін де көріп келем,

Көніп келем,

Пейіш-бағын,

От-суын,

Тозағын да!

Білмеген ұды балдай жұтпай ма әр күн,

Өз дегенін жөн көріп,

Құптайды әркім.

Талпынып талай-талай биіктерге,

Әне-міне шығам деп,

Шықпай қалдым.

Тағдыр, тағдыр...

Жұмбақтай кілең маған,

Не боларын күні ертең білер ме адам.

Ініміз бәрімізден бұрын кетіп,
Біз аза тұтамыз деп кім ойлаған?!

Тірліктің түгесіліп бал-шырыны,
Өтеміз қай сағатта, қайсы күні?..
Баласын ана артында жоқтап қалған —
Өмірдің жан түсінбес қайшылығы.

Алмасып ақ пен кара жатқан ұдай,
Тағдырды тілемес ем жатқа бұлай.
Алла әмірі десек те,
Оғаштықтан
Жаратқан сон, құлынды сақта, Құдай.

Пендешілік —
Жоққа да барға күлер,
Арғы күнге жалғайды арманын ер.
Аман жеттім АЛПЫСҚА, шүкіршілік,
Алда қанша ғұмырым?
АЛЛА білер.

Бергенінді аз демен,
көп те демен,
Көңілімді көтерер көктеп өлең.
Ұрпағымның алдында абыроймен
Қай күні алып кетсең де өкпелі емен,
Төмен түсіп келеміз Көктөбеден.

Екіні — екі,
Бірді сол бір деп біліп,
Құрмет көріп және де құрмет қылып...
Ақылымнан адаспай өтсем болды,
Құрт құлайтын ЕМЕНДЕЙ гүлдеп тұрып!

* * *

Дүрліккен ел,
Дүбілген заман мынау,
Көңілімде бір тыным жоқ —
Алаңмын-ау.
Кеншілікте жүріп-ақ, теңшілікте...
Қамалдым-ау, қамалдым, қамалдым-ау!

Қайта-қайта ашытып жарамды жау,
Бір дертіме бір дертім жамалды ма-ау?

Өзгені емес,
Өзінді алдап тұрып,
Дос бетіне қалайша қарармын-ау?

Күн кешермін екінің бірі ғұрлы
Деген көңілім біржола түңілді.
Сыртқа шықсам, сыр бүккен сырбаз дүние
Ертең түгіл, білдірмес бүгінінді.

Мен ақынмын алпысқа таяп қалған,
Қалай бәрі абыройсыз аяқталған.
Он жасымнан тертеге жегіліп ем,
Кезім жоқ-ты жанымды аяп қалған.

Айтам бәрін,
Айтқаннан не келеді,
Дейтін кім бар
«Бұлар да керек еді!»
Аңызбенен алдаймыз немерені,
Аңыз бірақ кімдерге не береді?!

Мактан ғып жауды жеңген ер елімді,
Айтам ба,
Білмей жүрмін не дерімді.
Сәбиді өйтіп-бүйгіп сендірер ем,
Білмеймін өзім сенбес-сенерімді.

Ұрпағына жақсылық әкелмесін
Білсе, кеше қан төкті әкем не үшін?
Суретіне қараймыз төрде ілінген,
Көмусіз қалды ма деп жат елде шын.

Бір сұмдық түйткіл бардай жан-арымда,
Ұяттан өрт боп күйіп-жанамын ба?
Өтеді көз алдымнан жетім жылдар,
Толтырып көкірегімді нала-мұңға.

Аруағы тұра қоймас өлген жанның,
Мандайға жазылғанын көрген де әркім.
Қызықтап жиған мүлкін, мөз боламыз,
Қан төгіп кеше өзіміз жеңген жаудын.

Кеше гөр,
Бейбағынды кешір, Алла,
Біз қорқар өлген ердің сесі бар ма?

Жалғасқанда жақсылықтың жолы өман,
Дүние – думан,
Шалқып-толқып толар өн.
Сырым-жырым,
Әнім-күйім,
Зар-мұным,
Қуанышым – бұла күшім,
Таң нұрым –
БАБАМ ТІЛІ,
АНАМ ТІЛІ, БОЛ АМАН!

АРАЛЫМ – КӨЗ ЖАНАРЫМ

Арал қашып барады жағалаудан,
Айдын қайтып арнасын таба ма ауған?
Безбүйректей құм-тақыр безереді,
Әлдеқалай назары маған ауған,
Тайынбастай жанымды жаралаудан.

Арал қашып барады,
Арал қашып,
Қорқыныштан тұнады жанарға шық.
Туған жердің бір көзі ағып түсіп,
Арнасын құм бір күні қалар басып.

Алғы күннен арманын тосқан әлі,
Арал, Балқаш – Елімнің қос жанары.
Бірі кетсе, орнындай аққан көздің
Үңірейіп біреуі бос қалады.

Айдын қайда –
Ақ айдын, аққулы айдын,
Сәулетгі айдын, сәнді айдын, гөкқулі айдын...
Бірге алыстап бара ма жағалаудан
Көкейіме өн, жаныма бақ тұнған күн.

Жер – Ананың томпиған күрең белі
Жатыр өне –
Кім туып, кім өлмеді?
Арал да өліп қалар ма?
Атай көрме,
Атай көрме, не деген үрейлі еді?!

Атай көрме, өтінем,
Атай көрме,
Арал кетсе,
Талықсып жатар жер де.
Өзі туып жаратқан айналайын
Жан-табиғат соңғы оғын атар ма елге?

Сусыз, нұрсыз тірліктің жок амалы,
Арал кетсе,
Көп арман жоғалады.
Үнірейген жанардың арнасына
Аққу қалай сескенбей оралады?

Мұрат емес озғаным, озбағаным...
Кімге керек азған сөз, тозған арың?..
Айналайын АДАМДАР, аялаңдар
Туған жердің Аралын – көз жанарын!

Мансұқтаумен мағынасыз езбе күнді,
Ажалға да тажалға төзгенімді
Біледі ӘЛЕМ –
Бірақта болмайды олар –
Өзің ойып алғандай өз көзіңді!

ҚҰРАНДЫ БАСА АЛМАДЫМ

СЕНІМ, СЕНІМ...
Ананың сүтіменен қанға сіңіп,
Алғанбыз тіршіліктің таңбасы ғып.
Алғанбыз тіршіліктің таңбасы ғып...
Адамның арманымен жалғас үміт.

Кірмей тұрған кезде де есі мүлде,
Білмей тұрған кезде де есімін де,
Қүдіреттің барына жанды ұйытып,
Сендірген сәбиді Ана бесігінде.

Жымиып езу тартып күлсе қалай,
Шуақ боп көкірегіне кірсе де арай,
Қүдіреттің барын да сондай білген,
Анасының барлығын білсе қалай.

Мен де сол СЕНІММЕНЕН өскен ұлмын,
СЕНІММЕН өмір атты көшке кірдім.
Ұйықтасам, жанымда тұмар жатты
Бұрышына тігілген бөстегімнің.

Бойтұмар – жебеушім де, періштем де,
Періштемдей сенемін сеніскенге.
Онсыз жете алмастай жеңістерге,
Көп сүрінем жарық күн,
тегіс жерде...

Көз ашып дүниені көргенімде,
Бәр-бәріне сендірген жөргегімде.
Сол СЕНІМ өзмменен бірге өліп,
Өзімменен кірердей көрге бірге.

Еркімді асау аттай өрелеген,
О, баба, қандай көсем-көреген ең.
Қалса да ақтық демің соған қарап,
«Алдама, арам асты жеме!»— деген.

Жолында адалдықтың тастай қаттық,
Сан мәрте көзімізден жас парлаттық.
Рұқсат берген тағы НАНДЫ алуға,
ҚҰРАНДЫ, қажет болса, баспалдақ қып.

Ата салт, ата жұрттың таңбасын мен
Ту қылып көгеремін хан басыммен.
Көшелі ой, көсем сөзі бабалардың
Қаршадай күнімізден канға сіңген.

Алдамшы аярлыққа семірмеген,
Ажалдан, тажалдан да шегінбеген.
Тағдырдың тақсыретінен жеңілмеген,
Әулие екенсің ғой СЕНІМ деген.

Білмеймін таусыларын қашан дәмім,
Тірліктің көп тылсымын аша алмадым.
Аштық-ажал шеңгелін салды талай,
Мен бірақ биіктегі НАНДЫ алам деп,
Нанды алсам, сол ажалдан жан қалар деп,
Құранды аяғыммен баса алмадым!

СЕНІМІМ – СЕРІГІМ

Құдайға сенем,
Күн, Айға сенем,
Сенемін...

Сенемін неге?
Іздеген емен себебін.
Қаныма сіңген қасиет болар әу баста,
Сол сенімімнен айнымай әзір келемін.

Иманым болар,
Жиғаным болар сол сенім,
Шамалап әзір көрмедім оның өлшемін.
Сенімім аман,
Сері көңілім орнында,
Әлемде тыныштық,
Апаттан қағас болса елім.

Күйінен тайып көрмеген мен бір тепен көк,
Жетпей де қалған жерім көп талай жетем деп.
Сенімнен бірақ айныған күнім жоқ, сірә,
Кей-кейде тағдыр түлкі боп алдады екен деп.

Күймеске күйіп,
Тоңамыз кейде тоңбасқа,
Көк дөнен көңіл бабында әр кез болмас та.
Бәрі бір тірлік тынымсыз ағып барады,
Тарам да тарам тартылып алға жол касқа.

Тағдырым менің — осынау касқа жолдарда,
Тәубама келем кемерден асып-толғанда.
Жанымда жүрер сенімім — әр кез серігім,
Ыстықта — сая,
Ықтасын — жаурап-тоңғанда.

Баса алмай кейде көңілдің асау желігін,
Безбестен безіп,
Жерімес жерде жерідім.
Сондай сәттерде тәубамды ұмыттырмайтын
Айнымас адал серігім — жалғыз СЕНІМІМ!

АЙНАЛАЙЫН ЖАРАТҚАН

(Ән)

Айналайын Жаратқан,
Күдіреті күшті Кұдайым!
Орман-тауым, жер-суым,
Аспандағы Күн, Айым —

Бәрі өзіннің перзентін,
Бәрі өзіннің перзентін.
Пәле-жала, зұлматтан
Сактай жүргін лайым.

Бабалардың бабасы,
Аналардың анасы...
Дүние түгел бір сендік,
Жоқ ешкімнің таласы.
Астан-кестен бүгінде,
Біреуіне бірі жау,
Төбемізде бір аспан,
Не жетпейді, қарашы!

Аспан ортақ,
Жер ортақ,
Не жетпейді пендене?
Өзін берген Бақытқа
Бұл пендеңіз кенде ме?
Бәрімізде бір ауа
Ғарышта да, жерде де...
Болмашыға таласып,
Дүбіледі ел неге?!

АУЫЛЫМ

Ауылым қиыр шетте Өрнек деген,
Бар тінін тірлігімнің өрнектеген.
Жаныма жақындығы Өрнегімдей
Бір ауыл таба алмаспын жер-көкте мен.

Мұң шалған кездерде де көңілімді,
Шалқытып шәйдай ашар көгі нұрлы.
Сен менің қайда жүрсем тағдырымсын,
Тек саған арнағам бар өмірімді.

Оралған жыл құсындай көктемдегі,
Көңілім сеніменен көкке өрледі.
Өзіңмен өзектесіп жатыр мәңгі
Аяулы өмірімнің өткелдері.

Ерке Есіл емірене қолтығына ап,
Тұрады кемі болса толтырып-ақ.
Қарағай, шырша, терек, сәмбі талдар
Сәнімен сыбдырлайды шолпы құрап.

Сағындым сағынғандай ел де мені,
Сал самал көкірегіме дем береді.
Бауырмал ақ қайындар мені күткен
Қол бұлғап көз ұшында тербеледі.

Армандай ауылдастар, бауырластар,
Сендермен көңілім шалқар, тауым да асқар.
Дүниеде не ғаламат көрсем-дағы,
Мен үшін бір асыл жоқ айырбастар!

ДАНА ХАЛЫҚ

«Түзде батырмын...»

Ел даналығынан

Даламдай дарқан халық, дана халық,
Бір ойы бір ойынан дараланып,
Шындықты шындап айтқан ащысынбай,
Қалар деп жан-жүрегі жараланып;

Сөзді – сөз,
Ойды оймен өрнектеген,
Оған жат – жауын мұқап, көрмек төмен.
Бағы асқан,
Тағы асқақ болса-дағы,
Ағаның алдын орап төрге өтпеген.

Кездерде жауаптасып жолға келген,
Жауына да тон жауып, жорға берген...
Қолынан ерлік туын түсірмеген,
Өлсе де, ЕЛ НАМЫСЫН қорғап өлген.

Малдан, жаннан...
Бәрінен арын биік
Қоя білген,
Көкірегі – өрт, жалын, күйік...
Егессе, ЕЛ НАМЫСЫН қолдан бермей,
Өлімге де баратын жанын қиып.

Ежелден көсем халық, батыр халық,
Шежіре шешен халық, ақын халық.
Сабырлы, салиқалы сардар халық,
Ұқласаң, ұға алмайсың жақын барып.

Болғанмен «үйде — қатын, түзде — батыр»,
Маржандай көкірегіне тізген ақыл.
Бабалар даналығы — байлықта емес,
Қалдырған ұрпағына ізде жатыр.

Жан қинап кешпесем де зорланып күн,
Онаша ой тербеймін толғанып мың.
Мақтаныш менің үшін әр кезде де —
Бір ұлы болғаным сол **ӨР ХАЛЫҚТЫҢ!**

ҚАЙТАРДА ЖЫЛАП КЕТЕМ

Зерлі уындай жусанның жуаменен,
Кей-кейде тым ащы боп туады өлен.
Қайтейін,

Күн көзін де бұлт шалады,
Нұр төгер көлеңкесіз шуақ емен.

Өмірдің тәттісі бар,
Ащысы бар...

Білгенге екеуі де жақсы шығар.
«Тірліктің тоқтамы жоқ», — дейтін бабам,
Шығады жарып кейде тасты шынар.

Болмыстың өзек болар нәрі неде —
Үйренгем жоққа, барға...
Бөріне де.

Аз-көп пе,
Менің де өз тағдырым бар,
Тәлімсіз бас білмейтін тағы деме.

Арқаға аяздай боп бататыны —
Жанындай жалғыз достың сататыны.
Қайтейін,
Оған да өмір әзірлеген,
Әке өліп, жастай жетім қалғанменен,
Ел дейтін әулиедей АТА тірі!

Ақиық арман шығар Елімді алға
Жетелеп,
мінгізетін сенім — нарға.
Шыдармын тағдырдың не тәлкегіне,
Жаралған АДАМ болып тегім барда.

Үйімнің шыға беріп іргесінен,
Алқа ілген таң шығынан гүл кешіп ем.
Бұл күнде сол жерлердің бәрі тақыр,
Жалғасқан бабалардың мүрдесімен.

Армандай көзді арбаған жұмақ мекен,
Тағдырдан осы күйді сұрап па екен?
Аяныш халін көріп келген сайын,
Қайтарда ебіл-себіл жылап кетем!

ДАЛА – ЖҰМБАҚ

Дегенге:

«Қала – жұмақ!» –
Албырттық алып ұшпа бар азырақ,
Ауылдан бір-ақ күнде аттаныстық,
Қалды артта ұлы Анадай ДАЛА жылап.

Қалды артта ДАЛА жылап ұлы Анадай,
Түнеріп ойға батқан ғұламадай.
Жас көңіл асау аттай ала қашқан,
Даланың ҰЛЫЛЫҒЫН ұға ала ма-ай?

Шарладық содан бері сан қиырды,
Талайдан көңіл қалды.

Жан күйінді.

Сонда ешкім ұлы Анадай тербетпепті,
Жеткізіп жүректерге әлди үнді.

Күн кештік қуанып та, мұңайып та...
Өмір ғой –

қосады оны кім айыпқа?

Пейішгің қак төріне шықсаң-дағы,
Ұмыту ұлы Ананы лайық па?!

Бойдан – күш,
Нұрлы жүзден әр тайғанда,
Қамығып көңіл шіркін ортайғанда,
Шынтаққа ап қос жастықты жантайғанда...
Мейірін ұлы Ананың іздейді адам
Тірліктің қысы жетіп қартайғанда.

Толысып, тойынғаннан тасына алман,
Қашпасын бағым бастан,

Асым – алдан...

ТУҒАН АУЫЛ

Туған ауыл!
Түзу ұшса түтінін,
Арылмаса берекең,
Жарылмаса бүтінін,
Алыс жүрген мына менің күтімім
Келіскендей қуанам —
Көкірегімде толқиды жыр,
Туады өн.
Бір перзентім келді деп,
Ет-жүрегі елжіреп,
Биіктерден желбіреп
Көрінердей Туы әман!

Биіктікке не жетсін,
Биіктіктің бейнеті — ауыр,
Жолы — сын,
Арман биік,
Биік болса ой-өрісін.
Мерейің де үстем елдің алдында,
Өзің соны шын бағалай алдың ба?
Ойлап көрші,
Бір заңдылық бар мұнда!

Мына жалпақ жалғанда —
Биіктікке құмартпайтын жан бар ма?
Жер бауырлап жылан екеш жылан да
Ұмтылады заңғарға.

Туған ауыл —
От сезімнің семсері,
Қайда жүрсем, пір тұтамын мен сені.
Сен арқылы менің барлық болмысым
Көрінердей еңселі.

Дей алмаймын:
«Ең сүйікті ұлың — мен»,
Сонда да бір атым шықса дүбірден,
Елден ерек елендейтін өзіңсін,
Қуат беріп бойыңдағы дірілмен.

Өмірдегі менің барлық табысым,
Шаршы топта шабысым...
Өзіңменен өлшенетін секілді,

Менің шыққан биігіме сен сенсең,
Ел сенетін секілді!

* * *

Ауылда өскен пақыр едім ғұмыры,
Самалына кеудемді ашып даланың,
Көкірегіме ұялатқан бар өнін.
Дей алмаймын әй-шәйіне қарадым —
Қызық қуып келдім-дағы, карағым,
У-шуына қойып кеттім қаланың.

Үйлерін-ай, үйлерін!..
Өңім тұрмақ, көргем жоқ-ты түсімде.
Біздің ауыл түгел жүрген секілді
Бір үйінің ішінде.
Қымызды да ел асы деп есептемей беретін,
Мұнда тиын төлеу керек ішкен суың үшін де.

Түсінбедім, көкейіме қонбай қойды бір-бірі...
Ықтиярың, қаласаң, надандық деп біл мұны.
Кім біледі, бар шығар өз ойынша ұтқан да,
Ауыл — бөлек, ал қала мүлдем бөлек ұққанға,
Бір-біріне, әйтеуір, ұқсамайды тірлігі.

Туып едім ауылда самала ескен самала,
Кендік деген ұялап қалған содан санаға.
Бәрі қызық дүниенің қиял қуған балаға,
Тартсам деген бір тілек шектелмеген шет-шегі
Мынау жомарт далаға.

Рас, менің бүгінде қала — мекен-тұрағым,
Отыз бес жыл есебінде тұрамын.
Сөйтсе-дағы бастауын таудан алар өзендей
Кішкентай бір ауылдан басталады жыр-өнім.

Дала — менің бастауым, дала — байлық қазынам.
Көктемі мен күзінен, қысы менен жазынан,
Сал самалдың сазынан
Жан еркемнің назындай бір наз ұғам.
Қалада көп қиыспайтын қисыны,
Елге барсам, жарастығын табады
Еркелігім, базынам!

АДАМ. АДАМГЕРШІЛІК...

(*Балада*)

Соғыс біткен жыл еді,
Табандарға қаптап қойған ұлтандай
Күсіміз де бір елі.
Шүкіршілік, таусылмаған дәм-тұзы
Әр түтіннің бар ұлдары, бар қызы...
Көбі — қалған жалғызының жалғызы,
Арманы да, алғы күннен тілері!
Кәрі-кұртаң қалтылдаған шал-кемпір
Солар үшін тырбын қағып жүреді.

Әкесі жоқ, кейбірінде жоқ ана,
Тұл жетімде береке-құт бола ма?
Қайдан келсін байғұстардың күтімі,
Сол кездің бұл өз зауалы, үкімі,
Сирек-сирек шығатын-ды ауылда
Мыжырайған тал тамдардың түтіні.
Мектепке де баратынбыз кезекпен,
Кезек киіп жалғыз жыртық күпіні,
Қайдан болсын бүтіні?!

Ауыл деген қам-қарекет,
Тірлік қып,
Картоп салды үй басы,
Қияр, сәбіз екпеді.
Өмірбойы жеткен жер
Дәл сол жылы бөле келе жетпеді.

Дегендей-ақ ісімізді көрсін ел —
Жер бөлісті дастарханын бөліспеген көршілер.
О, Құдай-ау, сүйем жерге таласты,
Бірін бірі көрместей боп тарасты.
Өмір бойы таласпаған бір жүріп,
Өмір бойы жараспаған бұл қылық
Сол жылдары «жарасты» —
Есеңгіреп қалған халық соғыстан
Кейде сөйтіп адасты.

Адасқаны емей не —
Онда бізде ауқатты да, кедей де
Болмайтұғын —
Барлық үй де қонторғай,

Кейін келді сәулетті үйлер,
Көркем жай...
Қоспағанда темір төбе кеңсені,
Тек бастықтың жалғыз үйі еңселі,
Сүс көрсетіп тұратындай бөріне:
«Билеймін, — деп, — мен сені!»

Бір құрдасым болды сонда мешелдеу,
Мешелдікті қиын тағы «кесел» деу.
Аз болғандай тас тағдырдың қорлығы,
Маңдайынан арылмаған сор күні,
Жанға батып зомбылығы-зорлығы,
Күн бермейтін басқарманың жалғыз ұлы есерлеу.

Жүретін ол, жүретұғын шалқып-ақ,
Шалку деген — тірлігінің шарты нақ.
Көңіліне ұнамаған баланың асығын да тартып ап,
Кететұғын асылын да тартып ап,
Кейде тұтас, кейде сәл-пәл жартылап,
Қайткенде де ол басқамыздан артық-ақ!

Ауылдағы ең сотанак, ең долы —
Жақсы көрер бір бала жоқ елде оны.
Әттен, әттен, әкесі бар, болмаса...
Тәубесіне келтірер ем мен де оны.

Тұрмысымыз тұрмаса да тіреліп,
Балалықпен кейде ойнаймыз, тірі едік!
Жаз күні ғой, бір топ болып көшеде
Доп қуалап жүр едік,
Басқарманың сотанағы мешелдің
Қасына кеп тұра қалды шіреніп.

Тұрып-тұрып... ұрынды кеп мешелге,
Кемтар байғұс қорлағанын кешер ме?!
Тұмсығына тақай берген жұдырығын,
Елемейтін мешел тіпті мұны бұрын
Шап берді кеп, болмады қой десем де.

Коя ма ыза, қыршып алды бармағын,
Үлгімедім, ара түсе алмадым.
Басқарманың жалғыз ұлы шыр етті,
Ет жүрегім шым етті.
Қан жалаған күшіктей кетті зырлап үйіне,
Әкесі жоқ мешел байғұс —
Болар екен күйі не?

Ашынған-ау көне-көне иіне!
Бар болса әзір барқыраған басқарма
Жетеді ұшып карақұсша түйіле.

Дүрліктірген келе сала кеше елді,
Кем дегенде бір құлағын кесер-ді.
Баласындай ол да есер-ді, есер-ді!
Амал қанша! Өтті, кетті каталық,
Шеттеу үйдін шарбағына апарып,
Тығып қойдық мешелді.

Тағдырдың да түйсігі
Болса керек көп дегенмен қисығы,
Келе ме әлде істің орай-қисыны?
Бәлкім, одан бақыт құсы ауғаннан —
Үлкендеу бір бастық келіп ауданнан,
Төбесінде қалды ойнамай мешелдің
Басқарманың бишігі.

Көп жыл өтті,
Көп жыл өтті, содан бері көп өтті,
Уақыт озды, кейбіреуден «бақыт озды»,
Жылтыраған жаңаны да көне етті.
Жандарына, қандарына шок түсіп,
Сыр алдырды сыпсындаған көп пысық,
Сыр алдырды мықшындаған көп елті.

Басқарманың жалғыз ұлы, ерке ұлы
Елтіді-ай кеп, әр нәрсеге елтіді...
Уақыт-өзен арнасында ағып жатты байыпты,
Мешелдерден, кеселдерден де айықты,
Қалғаннан соң алапаттан ел тірі.
Бәрін-бәрін көзбен көрген мен тірі!

Қиын күндер, құйын күндер өтті көп —
Жақсылықтан бөтен жұртта жоқ тілек.
Шындығы сол — жарат, мейлі жаратпа —
Мүсәпір боп шыға келді заматта
Жүрген жандар төбесімен көк тіреп.

Жүрген бастық әркімді бір малданып,
Күн туғанда жанын зорға қалды алып.
Оқуы жоқ, тоқуы жоқ жалғыз ұл
Ішіп кеткен сандалып,
Қалбақтайды өзер-өзер жан бағып.

Бәрі-бәрі, бәрі-бәрі... кеше еді,
Жанда, қанда көктем-самал еседі.
Ғайып болды мешелдің де кеселі,
Бүгін міне ол — Ел ағасы көшелі,
Бір ауданның бар тағдырын шешеді,
Бәлкім, бұл да Уақыттың өз ЕСЕБІ!

О, ғаламат, күні кеше өзін азаптағанды,
Қорлап, кекеп... Сөзін мазақтағанды
Ұмытқан ба?
Басқарманың баласын
Шақырып ап, қойып жатты жұмысқа,
Мына ғұмыр асқан шебер, тым ұста —
Қайран қалдым — қате ме, әлде дұрыс па?!

Көріп тұрып аядым-ау, аядым!..
Өзім-дағы жегем талай таяғын.
Үф деп қалсан ұшатын,
Көз алдымда тұрды бейбақ мүсәпір,
Елпең қағып, аяғынды құшатын,
Жоқ көкірек, жоқ баяғы... Баяғы үн!..

Дұрыс шығар — Адам-адамгершілік,
Ездігінді ұмыта алар Ер шығып,
Сезімге егер жібере алса елші ғып.
Ешкім мені азаптамай, қинамай
Мандайымнан кетті шып-шып тер шығып,
Көп нәрсені жүр екенбіз теріс ұғып,
Айдай әлем — мына заман кеңшілік,
Қайран Адам!
Қайран АДАМҒЕРШІЛІК!

ТӘУБАМА ҚАЙТЫП КЕЛЕЙІН

Іздей де іздей дүниедегі жоқ ШЫНДЫ,
Шағылып тауым, сабылып сағым көп сынды.
Төмен жүрсем де төпелейтіндер табылды,
Жоғарылап кетсем... Онымды тағы көпсінді.

Иманы түгіл, жоғалтқандар көп ибаны,
Оны ұғып жатқан жан жоғы жанды қинады.
Өздері шықпай, мыңдалап тұрған биікті
Шығамын деген басқаға тағы қимады.

Ақиқат іздеп елті сен мейлің, елтіме —
Қоршаған орган жібере бермес еркіңе.
Қамалап әкеп түсірер терең қамбаға,
Қарай да қоймас Құран ұстаған сертіңе.

Бәрінен қорқам, бәрінен қорқам бүгін мен,
Теп-тегіс жерде талай да талай сүрінгем.
Мына адамдардың біреуін артық, бірін кем
Қормесем-дағы, көбінен безіп түңілгем.

Тірліктің мынау бал шырынына бір қанбай,
Сезінуші едім ғашық боп ылғи тұрғандай.
Туғаннан артық достарым алдап кеткенде,
Білмеймін қалай қалғанымды аман жынданбай.

Содан да ма екен, егіліп кейде езілем...
Безердей болдым тірліктің талқы-тезінен.
Алдамшы бәрі, айналаң толы аярлық,
Өзімді өзім қорғансыз жандай сезінем.

Құдая, сақта! Не деп барамын осы мен?
Қойғам ба қалып өмірдің ұлы көшінен.
Ақын деп жүрген, жақын деп жүрген жандар көп,
Біреулер үшін бәріне қайтіп өшігем?!

Сенейін елге, сенейін досқа, сенейін,
Сенімде шығар, сенімде шығар мерейім.
Көкірегіме жақсылық дәнін себейін,
Адасып жүрген екенмін, Алла, кеше гөр,
Кеше гөр тездеп, тәубама қайтып келейін!

ЗЫМЫРАП БАРАДЫ ӨМІР

Жыр жазсам, жырмен бірге мұң келеді,
Бұл не мұң қамалаған күнде мені?
Күздегі күңіренген күрең белдей
Мамырдың майса-мамық гүлдегені.

Сыртым сау, іші құрғыр алай-дүлей,
Қайранмын, құрдастарым қалай жүр, ей?!
Көз ілсем, анталаған аш бөрідей
Қамалап қайырымсыз талайды үрей.

Түкке де түсінбедім,
Түсінбедім...
Көрдім талай ит болып кісі үргенін.
Не болып бара жатыр мына дүние,
Сыртым сау, ойран-асыр ішім менің.

Алдырған бөлтірігін бөрілердей
Ызалы, әзірейлі боп көрінердей.
Мың емес, мұнмен жалғыз алысқанда,
Достың да кетті айналып көбі келмей.

Шын жүйрік шаппай қалса, тер тілер ме,
Бар ма осы қуат-қайрат желпінерге?
Сұлық түсем, сәл ғана серпілем де,
Еместей өмірімнің еркі менде.

Әрнеге елендеген нала көңіл,
Өрттей боп алаулаған жанады өңір.
Тұлпардай басы қатты тоқтай алмай,
Зымырап көз алдымда барады ӨМІР!

* * *

Өмір өтіп барады, өмір өтіп,
Түсіне алмай қор болдым көбіне түк.
Ауған бұлттай басыңнан озған дәуір
Күзгі дала секілді өңі кетіп.

О, құдырет,
Төңірдің күші қандай —
Ештеңе жоқ түйсініп, тұшынардай.
Қанша салсам, түлкіге түспей қойды,
Тым шәу тартып қалған ба құсым, Алла-ай.

Көңілімді бұлт басты, үміт қашты,
Бағаласак жақсы ғой біліп басты.
Сансыраған сандырақ саудагерлер
Сап алтынға балайды сынық тасты.

Жылаған күн, мұң шағып жырлаған күн,
Ішке түйіп бар сырын тындап алдым.
Дүниенің дерті көп, дауасы жоқ,
Көре-көре соларды жынданармын.

Кімге айтып, мұңымды кімге шағам?
Мұңсыз жандар ұқпас та, білмес әман.
Өзімді өзім қинаймын қияметтей,
Басқа менің келеді кімге шамам.
Өмір өтіп барады, өмір өтіп!..

ӨМІРГЕ ЖЫР ДА КЕРЕК...

Жоқ өленнің алары, берері де,
Жоқ сүйеніш-тірегі, сенері де.
Шындық үшін шырылдап отқа түсіп,
Қорғаныш боп жүреді тек еліне.

Әділеттің ақ жолы – бір сенері,
Аямайды жұртынан білсе нені.
Өрт шалып жатса жалпақ дүниені,
Қарлығаш қанатымен су себеді.

Құлпырып көріне алмас кілем-гүлдей,
Қадірін біреу біліп, біреу білмей...
Жүреді жүректерге жылу құйып,
Жатқандай көрінсе де түк өндірмей.

Адам боп адам баста жаралғалы,
Көркейту жер-әлемді бар арманы.
Өлең деген бірде мұң, бірде нала,
Бірде тұнған көз жасы жанардағы.

Өлең сұлу көктемнің желегіндей,
Кейбіреулер көзіне келеді ілмей.
Өмірге жыр да керек, сыр да керек
Жер мен Көк,
От пен Судың керегіндей!

* * *

Тірлік, тірлік!
Толып жатыр жан білмейтін құпиян,
Жүрегіңмен зар тындайсың жүргенінде күтіп ән.
Бай ғұмырда көкірегің қайғы-мұңға толады,
Тас тамұқтай тарылады құт ұяң.

Кішіретін, түсінетін кім бар сенің мұңыңды,
Тындайтұғын құлақ көне, кімге айтасың мұңыңды.

Кеше ғана алдынды орап безек қакқан достарың
Сырт айналды, бүгін теріс бұрылды.

Мына ғұмыр шет-шегі жоқ таусылмайтын секілді
Көрінген-ді,

Енді, міне, кіреукесі сетілді.

Алды-артыңды ойламаған албырт күнің өтті өне —
Қас қакқанша барады ауып екінді.

Іріп жатса,

Шіріп жатса ынтымағын, бірлігін,

Кімге мұрат мына сенің тыпыршыған тірлігін.

Елшілері келіспеген, беріспеген екі елдей

Екі көзің шұқып тұрса бір-бірін.

Ақ жармадай ақтарылып, ағыңнан шын жарылып
Жүрсен-дағы, болмас сені ағайынның бәрі ұғып,
Алдынды орап арамзалық, алақүлік аярлық,
Жібергендей адам түстес тағы қып.

Шыңға сермеп қанатымды, шартарапқа шарқ ұрдым,
Шарқ ұрдым да, отқа түстім! Жалынына шарпылдым.
Жар жағалап жүрген жандай айсыз түнде жол бойы,
Сан жығылдым, сан жығылып, сан тұрдым...

Ырық бермей, ілестіріп барады бір мықты ағын,

Қасарысып қарсы жүздім,

Бәрі бір де ықтадым.

Сал секілді жағалауда жаттым сұлық, ұкпадым —

Қашан, қалай, қай арадан шыққамын?!

Мына ғұмыр ештеңе де ұқтырмайтын секілді,

Қас қакқанша барады ауып екінді.

ӘЛІ ДЕ...

Ұйқы қашты,

Қарттықтың хабары ма,

Найза тіреп қойған ба жанарыма?

Көп ойлайтын болыппын өткенімді,

Маза бермей кей түндер жан, арыма.

Тастап кетті рақымсыз ұйқы мені,

Ойлар да бір ой емес, қиқым еді.

Махаббатым күшак жайды,
Қол жайды...

Жаңа күн боп,
Жан арым боп шықты алдан,
Дала гүлдеп,
Қия бетте күтті арман.
Көрдім сонда мөлтілдеген көз жасын
Мөлдiреген таңғы тамшы-шықтардан.

Таң да – мөлдiр,
Жан да – мөлдiр,
Мөп-мөлдiр...
Күннiң өзі көкiрегіме төккен нұр,
Шайқамасын деп тілендер сал самал,
Мені қимай қайта оралған көктем бұл!

Құла дүзде құлан жортып болдырған
Суық ұрып, сан гүлімді солдырған.
Тағдыр талай күйдiрген де тондырған,
Енді мені аясаңдар, ағайын,
Айырмандар,
Айырмандар сол нұрдан.

Зауалым көп көрмеген де, көрген де...
Шын сүймесе, сезім шiркiн шөлдер ме?
Сөндiрмендер кеудемдегі сол нұрды,
Сөнер бiрге өзім мәңгі сөнгенде!

ЖАЛҒЫЗ АҚҚУ ОРАЛДЫ

Жалғыз аққу орылды,
Жылдағыдай серігі жоқ жанында.
Аяйды адам, обал-ды –
Көтермейді еңсесiн,
Көңілі әлде жарым ба?

Танды тербеп естілмейді сазды үні,
Жанына нұр құймайтындай жаз күні,
Мынау айдын қалғандай ма құлазып,
Құлазыған көңілге де бiр азық
Табылмай ма?
Мұңға толы көздері –
Құс төресі өз-өзінен жүр азып.

Жүп еді олар,
Көктем сайын жүп болып,
Жатқандай-ақ көңілімізге құт қонып,
Көлімізге келетұғын көгілдір,
Жарқ-жұрқ етіп мөлдір дала таңында,
Тұрғандай-ақ айдын алақанында
Аппак-аппак шық толып!
Келетін де,
Осы көлді мекендеп,
Салатындай су бетіне жеті өрнек –
Көбейетін, балапандар көгілдір
Жүзетұғын секендеп.
Кәрі-жасы сүйсінетін ауылдың
Бұл да бақыт екен деп!

Дала жым-жырт,
Уақыт жылжып көшетін,
Көгілдірлер де аккумуля болып өсетін.
Күз келгенде ауыл үстін айналып,
Қанаттарын жай қағып,
Ұшатұғын, ұшатұғын қия алмай,
Кіндіктері қалғандай-ақ байланып!

Қоштаса алмай өсіп-өнген мекенге,
Аккумуля – ғұмыр наз айтатын кетерде.
Жұмыр Жерді жүз айналып ұшса да,
Туған жерге –
Думан жерге жетер ме?!

Нала құшып,
Барады ұшып... әлі үні
Естіліп тұр,
Тас тағдырдың өмірі!
Қысы болмай,
Күзі болмай өмірдің,
Жетсе егерде Күннің жылу-жарығы,
Айдындарын қиып мынау көгілдір
Кетер ме еді,
Ей, өмір бұл! Өмір бұл!

Көңіл қойсаң, ұғар едің бірден сен –
Үндерінде мұн мен шер,
Түсіп талай тұрды еңсем,
Мына ғұмыр таусылмайтын қиялдай –
Көз ұшында аккумулярды қия алмай.

Бірге туып,
Бірге өсіп, көктеген,
Бірақ мәңгі бірге тұрмақ жоқ деген,
Дараланып мекен-тұрақ жайы да,
Жас аққулар кете ме екен жайына,
Көктем сайын көретін ек екеуін,
Сөнге бөлеп,
Әнге бөлеп мекенін,
Жететін-ді асығып...
Биыл, міне, біреуі бар, бірі жоқ,
Қалды көңіл басылып.

Жалғыздық па?
«Жарасқан тек Құдайға»,—
Дейтін еді,
Қамыға ма, жылай ма,
Тағдырынан «мені де ал» деп сұрай ма?
Көктем өтті,
Жаз да өтті,
Күз келді...
Жеңілденіп желпінбейміз біз де енді,
Төңіректі мұң басқандай былай да.

Ымырт келіп ықтырғандай талтүсті,
Алғаш рет қара жерге қар түсті.
Көл де аппақ,
Жер де аппақ,
Аққу да ақ —
Аппақ бөрі...
Жеңіп алған бар түсті.

Маужыраған мөз қалпында тұрып-ақ,
Уақыт — өзен сылаң қақты зымырап.
Көктем сазы,
Жаздың жылы жыры қап,
Қытымыр қыс Күннің шуақ-нұрын ап,
Көк құрақты үлпілдеген мақта ғып,
Жатты жәймен өз міндетін атқарып,
Көл жиегін шынылап...

Алыстатып басындағы бақ күнді,
Мүз құрсауы аққуды
Бара жатты, бара жатты қусырып,
Көзден бұл-бұл ұшқандай ма тіршілік,
Бәлкім, енді қоштасар да шақ туды.

Көл басына балалар көп келеді,
Жем береді —
Тіршіліктің демеуі.
Бейбақ аккумулясын сәл-сәл шұлғиды,
Мына күйі көңілдерге мұң кұйды.
Өттең тілін түсінбейді —
Не деді?

Қайран аккумуля —
Ақ айдынның еркесі,
Тарылған ба ұланғайыр жер төсі.
Жем алады,
Бірақ жақын келмейді,
Бостандығын Адамдарға бермейді,
Бәлкім, бәлкім, Тірлігінің серті осы!

Дәурені өтіп,
Бір басынан озған бак,
Сикыр сұлу алатұғын көзді арбап,
Тауыса алмай тағатын,
Күтіп күнін, сағатын...
Көк жүзінде тағы самғай алатын,
Туған жерін аңсап келіп табатын
Құс төресі — жаны ақын,
Үлпілдетіп мамық жүнін жел жібек,
Тірлігінен белгі жоқ,
Жағты сұлық, босата алмай мұз кармаған қанатын!

Таң алдында мұны көрген жалғыз-ақ —
Аңшы жігіт!
Жан-жүрегі қан жылап,
Алды ажалдың тырнағынан босатып,
Жатты аккумуля халі біткен қалжырап.

Аңшы жігіт жетті асығып үйіне,
Қайран аккумуля!
Болар екен күйі не?
Тірлігінен қалған белгі шамалы —
Оты сөніп,
Нұры тайған жанары
Бір ашылып, бір жабылып, әйтеуір,
Әлсіреген кірпіктерін қағды...

Беу, дүние!
Қымбатсың-ау! Қымбатсың!!!

Қия алмайтын,
Қиялдай шын Гүл-бақсын,
Қырларың көп,
Сырларың көп... Жұмбақсын,
Ғұмырынды ұзартарсың, әттең-ақ,
Тұғырынды қалай ұстап тұрмақсың?!

Аққу — ғұмыр аққудың да басынан
Бара ма ұшып?
Содан, содан шошынам!
Көктем көңіл судай болып тасыған
Басылады.
Мен де сонда басылам,
Көзіме жас үйріледі,
Оны қалай жасырам?
Өзі көкке ұшар, ұшпас — беймәлім,
Енді қайтып ұшпайды-ау деп көкірегінен ғашық өн
Аққу — ғұмыр аққудың да барады өтіп басынан!

АҒАЙЫН

Тірлігі бір,
Бірлігі бір ағайын,
Керегесі,
Түндігі бір ағайын,
Арғы түбін сұрай келсең,
Бауырлас —
Кіндігі бір ағайын!

Дүбірлетіп Сарыарқамның ой-қырын...
Біздерде де болып жатыр той бүгін!
Тұңғыш туған сәбиінің есімін
Бердақ ата құрметіне қойды інім.

Бауырласып,
Қауымдасып күнде біз,
Жыласақ — бір,
Күлсек те — бір күлгеміз.
Аға-ініміз,
Қарындаспыз,
Қандаспыз —
Бөлінбеген іргеміз!

Бөліспеген еншісі бір екі елдің,
Мен жабықсам,
Сен көңілімді көтердің.
Еркелесем, еркелігім жарасар
Үйіне кеп қалғандаймын көкемнің.

Өз ауылыма келгендей-ақ — келуім,
Демейді ешкім:
— Мынауыңның тегі кім?!
Аңқылдаған інім шығып алдымнан,
Сәлем қылар жарқылдаған келінім.

Егіз елде ежелден-ақ бір тұғыр,
Өнері бір,
Өнегесі, ғұрпы бір...
Мақтан көрген ұлы әжемнің елі деп,
Шоқанымның нар нағашы жұрты бұл!

Бір-біріне жоғалтпаған сенімін —
Қарақалпақ қазақпенен тел ұғым.
Арманы бір,
Ардағы бір ағайын,
Сәлемін ал Абай, Шоқан елінің!

Іні тындап,
Айтып аға ақылын,
Жаттай силап өскен елміз жақынын.
Бақ күні бір,
Шаттығы бір ағайын,
Абай — сенін,
Бердақ — менің ақыным!

* * *

Кетер бір күн бойдан да, ойдан жалын,
Көңіл орта, қайтарсың тойдан жарым.
Күн төбеннен ауғанда түсер еске,
Кештеу болар, қазірден ойлан, жаным!

Тұрғаныңда күркіреп — көк перісін,
Күпірленбе тірлікте көп деп ісім.
Көктем кетер, жаз да өтер, күзін жетер...
Ойлан, жаным, өмірдің өтпелісін.

Көргенінің бәрі — түс, көрмегендей,
Батар мамық төніне шөңгелердей.
Бойың мұздап шілдеде пана іздерсің,
Суда жүріп боларсың шөлдегендей.

Алды-артыңды абайлап кара мына,
Кім біледі, жүрегің жаралы ма?
Қасыреттен қайсыбір күлкің келіп,
Қуаныштан жас тұнар жанарыңа.

Бәрі өтпелі,
Дүниенің бәрі өтпелі...
Өтпелі өмір болған соң, бәрі өкпелі.
Адамды тәубесіне келтіретін
Фәни деген бір ғана бар өткелі.

Жалған фәни көңілді алаң етер,
Сол фәниден бала да, дана да өтер.
Тіршіліктен тірнектеп тергендерін
Бір пенде жоқ өзімен ала кетер.

Тауып алдық Есіктен Алтын адам,
Алтынмен дүниенің нарқын әман
Өлшеген ол да, бәлкім, өтерінде,
Жанына пана таппай қалтыраған.

Ажал-жендет қылышын суырғасын,
Күні жетіп апшысын қуырғасын,
Жанына қорған болсын деді ме екен,
Алтындапты сауытын, дулығасын...

Алтындапты бешпетін, белдігін де,
Айыл-тұрман, тоқымын, терлігін де...
Айбары — алмас қылыш жарқылдаған,
Мін болмаған секілді ерлігінде.

Алтынменен көміліп лағыл арман,
Бәрі қалған,
Солардың бәрі қалған...
Алтынға орап жас тәнді кәрі жалған,
Лыпасы жоқ жалаңаш жанын алған.

Кезінде ешкім көрмепті одан байды,
Соны ойласам,
Жаныма толар қайғы.

СЕНІМ

Ит тірлік-ай,
Иттігін күнде көрем,
Иттей шыдап, болам кіл үндемеген.
Үндегенде,
Безем бе?
Қайда барам?
Кімнен қалам бөлініп?
Кімге ерем?..

Бірге келем елу жыл серіктесіп,
Нуын, суын өзіме сеніп кешіп.
Барына, жоғына да разы боп,
Қойғандай бір жүруге серіттесіп.

Біреу алдап,
Жанымды біреу арбап...
Асылымды кей-кейде жүр арамдап.
Кешкілік бұлтқа батқан Күнім қайта
Шығады ертенінде рауандап.

Сол дәйім көңіліме демеу, серік,
Күйректік кете алған жоқ мені еңсеріп.
Бір күнім тунжыранқы көрінгенмен,
Ереймен ертеніме келем сеніп!

ОТАННЫҢ ҚАДІРІН БІЛЕР МЕ

Өрнек пен Жарғайың арасы —
Бес-алты шақырым.
Ол кезде ескерген біз жоқпыз алысын, жақынын.
Жаңбырда, аязда, боранда...
Жетісіп жатпайтын жол онда,
Нан салған кішкентай қол дорба,
Жаяулап жетуші ек ақырын.

Түс ауа басталған сабақтан
Ай туа шығамыз.
Оқушым, дей көрме мұны аңыз,
Қар жауса, жаяуға қиын-ақ,
Күйсіздің онсыз да күйін ап
Жатады біз салған бір-ақ із,
Із емес,
Жол деп оны ұғамыз.

Кейде екеу,
Кейде үш баламыз,
Не құрдас,
Не бір жас арамыз,
Көбейіп, азайып қаламыз.
Жастық-ай, жаурасақ та елемей,
Жанда – от,
Маздақ боп жанамыз.

Жастық па,
Асылы, балалық —
Күн сайын қиялың жаңарып
Тұрардай болатын,
Көкейде
Көктеген көп арман бары анық.

Өрнек пен Жарғайың арасы,
Ауылға тез жету — басты арман,
«Ат мініп» шығушы ек жас талдан.
Мен үшін бітпейтін сапарлар
Әу баста осыдан басталған.

Келемін бүгін де сол жолмен
Қиялға беріліп,
Жол жатыр қиянға керіліп.
Қасымда ұлым бар,
Жүрмейді ол ерініп...
Дейтіндей:

«Мұнын не серілік?!»
Әкеңнің қанша рет жүргенін,
Артық па бір көріп, білгенің?
Балаңа айтуға алдымен
Алғанын жақсы, ұлым, сен ұғып!

Мен үшін парыздай бұл деген,
Жерім аз бармаған,
Жолым аз жүрмеген...
Шаруам көп болса да дүрбелең,
Жыл сайын әйтеуір бір келем,
Сонымен тыныс ап, күн көрем,
Отанның қадірін білер ме
Котанның қадірін білмеген!

ЖҮЛДЫЗЫМ ТҮГЕЛ

Ойлап тұрсам,
Бәрі елес сияқты.
Ырымшылдық —
Айтуға да ұят-ты!..
Соғыс жылдар жарым көңіл бала едік,
Төбемізден жұлдыздар тым жиі ақты.
Жұлдыз, жұлдыз!..
Төбемізде самсаған,
Сол самсаған жұлдыздардай қанша адам.
Бір-бір жұлдыз —
Бір-бір тірлік деп ұқтық
Бала көңіл әкемізді аңсаған.

Азы-көбін көрген бар ма түгендеп,
Қаза жетпей қапылыста кім өлмек?
Жұлдыз ақса,
Атамызды қайталап —
Айтушы едік:
«Жұлдызымыз түгел!»— деп.

Содан бері талай жыл мен талай күн
ақты...
Қазір ырымдайды қалай кім?
Айлы түнде жолға шықсам,
Алдымен,
баяғыша жұлдыздарға қараймын.

Болмасам да дәл ырымшыл кісің мен,
«Тәуба!»— деймін,
«Тәуба!»— деймін шішмнен.
Көңілім бір көкке жетіп қалардай
Ай, Жұлдыздың амандығын түсінген.

Уақыт шіркін ойнағандай тығылмақ,
Қалып жатыр жылым менен жырымды ап.
Мәңгі жасап тұрмасымды білемін,
Әке болып,
Ата болып тілерім —
Жолға шыққан немерем мен ұлыма
Ай, Жұлдыздар тұрса болды жымыңдап.

Дөкей апа!—
Балалардың қойған аты баяғы,
Жүр сүйретіп өзер-өзер таяғын.
Саулығымды сұрап жатты бәйек боп,
Ал мен іштей аядым.

Қажып жүріп, білмейтұғын кеюді,
Жеңгелер де картайыпты-ау кейінгі.
Тосып тұрған кесіп өтпей жолымды
Танымадым ибасы мол келінді.

Өскен елдің маңдайының бағына —
Інілерді танымадым тағы да.
Сәлемдері қуат болып кұйылды
Сағыныштан шөліркеген жаныма.

Құшақ жая қарсы ап жатыр күллі ауыл,
Құда-жекжат,
Кіл ағайын,
Кіл бауыр...
Болғаным төресіндегі төренің,
Шынымды айтсам, аз қысылған жоқ едім,
Ал қоштасу тиді ауыр,
Жүрегімді тербеп өтті бір дауыл!

СҮМДЫҚ-АУ

Сұлулыққа шын құштар ек, ғашық ек,
Ғашықтықты күллі арманның басы деп
Ұғатын ек... бәрі қалды, қалды артта,
Ендігі арман — тоя жер бір асым ет.

Қайда барсаң толған шағым, арыз көп,
Көрген шындық, айта алмайсың аңыз деп.
Көшедегі қоқтықтардың ішінен
(Омырауы толған орден, түсінем)
Жүрген әне қалған-құтқан нан іздеп.

Маң даладан босып келіп қалаға,
Кете алмай жүр, жете алмай жүр далаға.
Өмір шіркін өмір болмай бара ма,
Не берермін орден таққан ағаға,
Несібесін жерден тапқан балаға?

Бәрін айтып, жасқанады жыр-жырау,
Жыр-жыраудың қас-қабағы тұнжырау.
Қалаға бар, далаға бар... Естірің —
Есі кетіп, еңіреген кіл жылау.

Бейбіт өмір, шауып жатыр кімді жау,
Ет жүрегінді езілдірген кіл жылау.
Нарық мынау, халық мынау, ел мынау
Тақымына батқан тұзақ қыл бұрау.
Айдың күннің аманында қол созып,
Қайыр тілеу СҮМДЫҚ-АУ!..

АЙТҚАНЫМ – АШЫҚ СЫРЫМ

*«Алпыстан асып бармаңдар,
Байқамай шал боп қалмаңдар...»*

Шәкәрім.

Алпыста мансап қуып, аласұрып,
Біреуден бақ асырып, баға асырып,
Қыз көрсе, қутың қаққан көпей шалдар
Жүргендей сақал, мұрты жаңа шығып.

Сиқыр бар сумандаған шырайында,
Жасырып туған жылын, күн, айын да...
Жасарып, сұлу көрсе, шыға келер,
Ұмытып тәубасын да, Құдайын да.

Қалса да пайғамбардың жасына кеп,
Тайрандап, тайыз судай тасып өлек.
Шал емес, шалсымақтың көбейгені —
Қорқамын азғындаудың басы ма деп.

Жән айтып отырғанмен елге бұлай,
Алпысқа келіп қаппын мен де, Құдай!
Тірлік деп барға-жолға тырбандатып,
Адамды әуре қылған пенделік-ай.

Бар-жоғым көз алдында, біледі елім,
Азды-көп жапырақ жайып түр еменім.
Қуат бар өзімді өзім алып жүрер,
Құдайдан артық ғұмыр тілемедім.

Айтқаным – ашық шыным, илан былай,
Өлгенде берсе болды иман Құдай.
Қадырмен кеткен жанның арманы жоқ,
Өзін де, өзгені де қиналдырмай.

ТІРШІЛІК ДӨНГЕЛЕЙДІ

Бірімізді біріміз біліп жүрміз,
Біліп жүрміз, әрі іштей күліп жүрміз.
Ит ұлыған кеудеміз алай-дүлей,
Тек сырт көзге сыр бермей күліп жүрміз.

Ертеңіміз – ертегі, бұлдыр, еміс...
Қайғы-мұңсыз жандай-ақ күр күлеміз.
Бетімізді опалаған артистейміз,
Оны сүртіп тастасак... Бүлдіреміз!

Тіршіліктің тайталас күресінде
Жығылғаным, жыққаным... кіл есімде.
Тура барып Ту тіккен жан көрмедім,
Әділеттің жауы көп, білесің бе?!

Уақыт заулап өтеді күндерімен,
Күнде күлем, не пайда күлгенімнен.
Сахна емес, өмірде артист болып,
Айрылам ба деп қорқам білгенімнен.

Өмір – мұхит, үстінде жыр – кеменің
Талайлармен тағдырлас бір келемін.
Тереңіне тұңғыық кім жетіпті,
Білгенімнен көп әлі білмегенім.

Ақ сағымның көрінер арасынан,
Дұшпанымнан досым көп жаны ашыған.
Сонда-дағы бәр-бәрін тәрік қылып,
Безердеймін тірліктің таласынан.

Ертеңіміз – бірде үміт, бірде күдік...
Бара жатыр күндер мен түндер ығып.
Жер дөңгелек, тірлік те дөңгелейді
Бірде жылап мұнайып, бірде күліп!..

АРМАН ҚЫП КЕЛЕМ МЕН

Ақын, Ақын,
Ел еркесі дегенмен,
Бірде ортайып, асып бірде кемерден,
Жетем деген көкжиегім жеткізбей,
Қиял қуып, қиянды іздеп келем мен.

Бөрі басым жолбарыспен таласып,
Тұлпар — арман белдеулерде таң асып,
Алды-артымды абайламай, аңдамай,
Ай жарықта кеттім талай адасып.

Ақын, Ақын!..
Аңқылдаған жаны ізгі,
Бал қылығы балалығы тәрізді.
Жырлар еді жер-жаһанға жеткізіп,
Көрсө Римді, Дели менен Парижді...

Шеттеу қалып елден, ерден, езден де...
Сығалағыш сұмдықтарды сезгенде,
Жырда жалған жылмықтардан безгенде,
Асылды да, масылды да салмақтап,
Көрер ойша таразылап безбенде.

«Біреу мені елемеді, еледі...»
Білсе ойымды, алжасқан ба дер еді.
Әділетсіз бұл жалғанда дарынды
Дарынсыздар басып кете береді.

Ерте шыққан гүлдеріндей бөктердің
Сұлулықтың тез солғанын көп көрдім.
Қыл көпірдей қияметті басымнан
От пен судың ортасында өткердім.

Кездерде де еленбеген, еленген,
Естен тандым, кештеу қалдым дегенмен,
Жап-жас бала — елден кеткен қалпыммен
Қырық бес жыл арман қуып келем мен.

ЕРТЕГІМ БІТСЕ...

Қарлығаш — көңіл ұшсам деп биік шарқ ұрып,
Тұратын еді қарға адым жерге талпынып.

Ал енді, міне, аттасаң болды, алқынып,
Ойыңның дағы көбі мұң, басылып қалған көңілін,
Қанатың талып, таусылған күшің сарқылып.

Сикырлы сезім сылаң қағатын сынаптай,
Саябырсиды көзі ашылмаған бұлақтай.
Күнде қырық кіріп-шығатын үйі көршінің
Қиялдағы арман, қиянда қалған жырақтай!

Дана өмір-ай, бала көңіл-ай, талпынып...
Сынайсың тағы сәл жүріп, әрі сәл тұрып.
Жартыкеш ғұмыр кешкеніңе де ризасың,
Тәңірім баста жаратқандай-ақ жарты ғып.

Туған жер – ТҰҒЫР! Көдесі – майса, шөбі – май,
Гүл атқан жаңа мамырдай майса көңіл-ай!
Түлкібұлаңмен алдыңнан қашқан армандай
Шеті-шегіне жеткізбей жүрген өмір-ай...

Өмір-ай шіркін, өмір-ай шіркін, өмір-ай...
Қырандар ұшып қызықтыратын көгім-ай!
Жүз жасасаң да болып-толмайтын жалғанда
Алла жаратқан алдамшы АРМАНЫҢ көбін-ай...

Бүгінім – бүгін, қалай болар деп ертеңім,
Асанқайғының гөй-гөйін тынбай шертемін.
Бір-ақ күнгідей бәрі де бәрі таусылып,
«Мың бір түңдей» боп аяқтала ма ертегім.

Қадірі қашпаған деуші едім мен де еркемін,
Балам демесе, еркелете ме ел тегін.
Әзірге бітпей тұра тұрсыншы ертегім,
Пернесі бұзылып, ішектері үзілген домбырадай
Ертегім бітсе, ертеңімді айтып Еліме,
Көңілімдегі күйімді қалай шертемін, күйімді қалай шертемін?!

* * *

Мен елденмін, мен елденмін, елденмін,
Мағжан туған, Сәбит туған жерденмін.
Келген жоқпын Алматының көбейтсем
деп тобырын,
Аллам қолдап, арман арбап, өнер іздеп келгенмін.

Ауылдың ғой, жүре берсем, кымызы көп, қызы көп,
Айырмасы — мұндағыдай ырың-жырың ызың жоқ.
Сарыарқаның сал самалы жүрегінді желпиді,
Мен сияқты келген бәрі өнер қуып, жыр іздеп.

Айта алмаймын, іздеген бар керегімді таптым ба,
Өсер жасқа биік мансап, алуан-алуан «тақ» мұнда.
Пысық болсаң, иненің тар көзінен тез өтесің,
Жолың ашық, оралтасың ебін тауып жоқтың да.

Дұрыс бәрі, жөн-ақ болды Алматыға келгенім,
Бойға күт боп, ойға жүк боп азын-аулақ тергенім,
Озбасам да, біраз қазақ танитындай ақынмын,
Шүкіршілік, көрінгеннің жетегіне ермедім.

Ерген жоқпын, ертсек-ау деп құлшынбады көп адам,
Бәз біреудей өкпем пісіп, өкінбедім мен оған.
Тар жол, тайғақ кешулерден мың сүрініп, мың тұрып...
Асулардан асар тұсын тапса дедім ер әман.

Бір-бірімен қапталдасқан қалың сор мен бақ барын
Білдім содан, түңілген де болды бұлдыр шақтарым.
Шын берілсем, бір адамды өле-өлгенше жақтадым,
Жақтағаным — біреуге жат, талайларға жақпадым.

Сай-жырадан сан бөгелдім, кей тұсынан аттадым,
Қия жонда аз болмады жоғалтқаным, тапқаным...
Бақыт пенен биік мансап бір деп ұқты көп адам,
Ал мен болсам, өз бойымды өз ойыма шақтадым.

Тағдырында қара мендей қара таңба талайдың,
Біреуге бар, біреуге жоқ арай бақыт, арай күн.
Таң боп атам, күн боп шығам шуағымды

шашсам деп,
Жүрегіне нұр боп сіңем жарығындай жаңа Айдың.

Жүрегіне нұр боп сіңем жарығындай жаңа Айдың,
Жаурағанды жылытсам деп шуақ болып тараймын.
Жүрт алдында бұқпантайлап күн кешпедім басылып,
Арым таза, АДАМДАРДЫҢ жүзіне тік қараймын!

АРМАНЫМ

Мен де Арғынмын Әсеттей арындаған,
«Арындап өн сала ма дарымаған...»

Шығатын биіктері көп болар деп,
Тәңірім аздап силаған дарын маған.

Шартабақтай дөңгелеп сағым далам,
Жарыссан, сал дейтіндей барынды өман.
Сағым сынып, тауым көп шағылмаған,
Шашамды шалғын қағып, шаң ұрмаған.

Болмаған біріміз — құл, біріміз — күң,
Таралған тегі тұтас, түбіміз — дін.
Орта жүз, Кіші жүз бар... бәріміз де
Тетелес інісіміз Ұлы жүздің!

Деуші едік ақындыққа неге құмар,
Сүйінбай, Жамбылы мен Кенені бар...
Құрманғазы, Исатай, Махамбеті...
Ұрпаққа ұлағаттай кеткен аты,
Исі қазақ қайсысын демеді нар.

Арқаның салдарындай сері көңіл,
Жасымнан желіктірген желік өмір.
Ақан, Біржан, Ыбырайдың іздерінен,
Ағайын, іздесендер мені де бір.

Елім деп айқара ашқан ақ жаны бар,
Еңіреген Ер Түрік деп Мағжанын ал.
Қонар тұсын таба алмай тентірген
Кей-кейде тайқы маңдай Бақ жаңылар.

Сәбит, Ғабит — кешегі Ел мақтаны,
Ұрпаққа жалғастырар ерді ақ таңы.
Халық барда қаһарман туа берер,
ДАНАЛАР ағалардай келмек тағы!

Тағылым-талабымен Бақ табатын,
Жанымен жақынға да жатқа жақын,
Жеті атадан қайырып тегімізді,
Салтымыз — БАБАЛАРМЕН мақтанатын!

Арғынмын,
Арғын ішінде — Атығаймын,
Даңқым асқақ болмаса да, атым — айбын.
Жанатайдан жалғасқан алтыншы ұрпақ —
Мен, бәлкім, мақтануға татымаймын,
Бәрі бір алдымда үлкен жатыр айдын.

Бір ұрпақ бір ұрпақпен алмасады,
Өмір өсіп тұрмаса, бар ма сәні.
Танаттан – Есенаман, Мамыт, Зікібай,
Есләм, Еркін, Ерден, одан әрі
Кішкентай Ерұланға жалғасады.
Тәңірім тіршілігін тоқтатпасын,
Толқын, толқын... олардан да алға асады.

Демеймін көктен түсіп, бола қалдым,
Өртеніп өз отына жанады әркім.
Пайғамбардың жасынан асып кеттік
Ендігі бар тілегім – өзім емес,
Болашағы немере, балалардың...

Тірлікте сан тамұқтан өтесіз көп,
Туғандар некеліден некесіз боп,
Мақтанып жеті атасын кім деп айтар,
Тірі жетім өскен соң жетесіз боп.

Көңіліңе толса да, толмаса да,
Біреуді зор, біреуді қорға сана
Демеген арғы-бергі бабаларым,
Әр қазақ түп-тегімен мақтанады,
Бірі – артық, бірі кем болмаса да.

Өмірде асуы мол күз, белендер...
Жетіп жатыр, бәрі де бізде дендер.
Руды айту – басканы ұру емес,
Одан, сірә, саясат іздемендер.

Көпке жақпын демеймін, азға жақпын,
Өз алауым өзімде, маздамақпын.
Арманым – түтіні көп шашырамай,
Егеменді Елімнің КӨК ТУЫНДАЙ
Оты тұтас лауласын АЗ ҚАЗАҚТЫҢ.

КӨТЕРЕ БЕР ЕЛІМНІҢ АҚ ОРДАСЫН

Елімнің жұмақ төрі – дала мекен,
Ол – мені өлпештеген АНАМ, ӘКЕМ.
Жол жүру – барған сайын қиямет-қайым,
Сағындым, қалай, қашан барар екем.

Тенеу көп, ойша бәрін салыстырам,
Қиянда қиялыммен жарыстырам.
Төсінді Тайбурылдар дүбірлетіп,
Айбарынды асырған Барыс, Қыран!

Сағынтып Сарыарқамды анда-санда,
Қиянға бастаушы еді жол қашанда.
Ақмола қалпыңменен арайлы едің,
Жас қала әлі Астана болмасаң да.

Қылықты, қыз бұрымды Есілңмен
Тербеткен қиялымды бесігім ең.
Қайсыбір қиғаш бала қылығыма
Анамдай қараушы едің кешіріммен.

Таныған оң-солымды, есім кірген
Кезден-ақ ұқтым: төрін, есігің... кең.
Ризамын тағдырыма, ата-анама,
Есімімді үйлестірген есіміңмен.

Орнында бәз баяғы Ай, Күн әлі,
Көңіл кімнен қаймығып, шайлығады.
Абылай Ту көтерген алтын Арқа
Еліне құт дарытып, бай қылады.

Жалғасқан жақсылықтың жорасы көп,
Шошынғандар масасы, сонасы... деп
Жайлы орын беріп еді, бәрі барды,
Олардан өлген жанның моласы жоқ.

Қазағымның бар жері – баспана, құт...
Көлдері – айдын, таулары – асқар, алып.
Ақтөбе ме, Семей ме, Өскемен бе...
Өскен Елге жарасып кетер еді
Қай-қайсысын қойсаң да АСТАНА ғып!

Бар айыбың – қысың мен күзің зәрлі,
Есесіне сапырып қызыл дөңді,
Қалап-тілеп тұрады қызынғанды –
Ырыстың ұясындай Қостанайды,
Көрші, әне, Көкшетауды, Қызылжарды!

Бағы тайып кетпесе, құты кеміп,
Бес қолдың саласындай бүтін едік.
Көк Туымыз алаулап көгімізде,
Өзімізге тигенде бүкіл ерік,

Жаным — арым құрбаны деп білетін
Ежелгі Ер Түріктің тұқымы едік.

Білеміз көпке бірдің жаға алмасын,
Адам болып қалу да — Адамға сын.
Егемен Ел мерейін еркін ұста,
Арманыңның мұқалтпай ақ алмасын!
Биік мансап — айтуға,
Так — ол да сын,
Оққа тігер ер дейім ерен басын.
Қалың елге Құдай да жаққан емес,
Есінде болсын дейім, уа, Елбасым!
Қадамына гүл бітіп, бақ орнасын,
Ата-баба аруағы желеп-жебеп,
Көтере бер Елімнің Ақ Ордасын!

АНА ТІЛІҢ ЖӘНЕ ӨСИЕТ

Мен шал болдым,
Сен, балам, жігіт болдың,
Мұхиттың ар жағында жүріп келдің.
Дәл өзіндей жасымда бар болғаны
Ат жететін жерлерді-ақ біліп, көрдім.

Бермейміз деп бабалар жауға жерін,
Арғымағын жаратып, салған ерін.
Намыс үшін бөйгеге басын тігіп,
Өліспей беріспеген жанға кегін.

Соны есіңе ал, құлыным, жер көргенде,
Бабана тарт,

Ерлігің елден кем бе!
Талбесікте Халқыңның күйін ұқтың
Атанның өлдімен тербелгенде.

Енді, міне, жігітсің, он бестесің,
Намысы от боп ойнаған Елде өскенсің.
Жер кіндігі — ОТАНЫҢ, айқындап ал
Тірлігіңнің тізгенде жол кестесін.

Азаматқа шоктығы Ел ар атының,
Қайрылмайтын топшысы канатының,
Шындық — нәрің мейірің канатұғын,
Көп тілді оқып-үйреніп ұшсаң биік,

Тұғырың қайта айналып қонатұғын
Баба тілің —
қасиетті Ана тілің!

Санаң болса, ұмытпа бірін де әман,
Көз алдында дөңгелер ғұмыр — ғалам.
Ана тілім — ұлтымның, ұлысымның
Туы деп біл,
Осыны ұғын, балам!

Ұқ Еліңнің қайғысын, қасіретін,
Қуанышын, қадырын, қасиетін.
Оны ұқпаса, адамның басы жетім,
Ұлттық ұғым — АТАҢ да бас иетін
Осы, құлыным, қалдырар өсиетім,
Мерейінді мерейлі, үстем қылып,
Мені де,
ұрпағынды да өсіретін!!!

АТА – ТАҒДЫР

Ерте қалған әкеден жетім ұл ем,
Жүре-бара жетіп ем, жетіліп ем.
Шын-ақ жетім күй кештім қартайғанда,
Айрылып екі тіреу — екі ініден.

Тірлігімнің болғандай шеті дауыл,
Ащы таяқ көп тиді етіме ауыр.
Жолайрыққа жеткенде тастап кетті
Қолтығымнан демейтін екі бауыр.

Біткен бе бұл пенденің толы арманы,
Тарам-тарам тірліктің жолы арналы.
Жыладым көп, тек олар оралмады,
Басқалары туғандай бола алмады.

Көріп келем өмірдің жотасын көп,
Өзімді өзім биікке жорта сүйреп.
Қиналғанда іздеймін күңіреніп,
Қайдасындар, Аманжол, Боташым деп.

Үйренеді бәріне адам қалай,
Еліктеумен олар да маған қарай
Өсіп еді. Мен де еркін сезінуші ем
Айбыным көп, артыма аландамай.

Күніреніп шертерің күй – қайғы екен,
Ініден қалған ғұмыр қинайды екен.
Шүкіршілік, балалар, немерелер...
Алдандырып алдында жүргеннен сон,
Ата – тағдыр тірлікті қимайды екен.

БӘРІ ҚЫМБАТ

Бәрі қымбат,
Қара тас – қара маржан,
Азайды шын асылды бағалар жан.
Мал қымбат,
Бұйым қымбат,
Тиын қымбат...
Арзан болса,
Жалғыз-ақ Адам арзан.

Қымбат бәрі,
Бүгінде қымбат бәрі,
Соны ойласам –
Таң атып, күн батпады.
Кешегі асылдарым арзан тартып,
Масайрап масылдарым қымбаттады.

Кетердей күдер үзіп қара жаннан,
Сандалдым қымбатты іздеп таң-азаннан.
Таптырмай іздегенім ізім-ғайым,
Қарсы алды қайынымдай жала, жалған.

Ақ қалып,
Суырылып қара озды алға,
Күйреді күнсызданып ар-ождан да.
Тұяғы тұлпарлардың тасқа тиіп,
Жабы жүйрік атанды сәл озғанға.

Қымбат, қымбат...
Неге олай?
Жұмбақ бәрі,
Сан білгіштен сұрадым,
Тіл қатпады.
Көкірегімді күйдіріп күн қақтады,
Төңірегімді түмшалап,
Түн қаптады.

Ұға алмай ініні – аға,
Ағаны – іні...
Көбейді көңілімнің нала, мұңы.
Арнасын басқа жаққа аударып ап,
Өмірдің өзгергендей бар ағыны.

Тірлікте жан берісіп,
Жан алысып...
Құс – ғұмыр тас төбемде барады ұшып.
Ақ-кара,
Арзан-кымбат,
Асыл-жасық...
Кеткендей көз алдымда бәрі ауысып!

Шошынып безінердей қара жаннан,
Құлардай опырылып жаға, жардан...
Сезінесің,
Егіліп-езілесің –
Өйткені бәрі кымбат,
АДАМ арзан!

БІЛЕ ТҰРЫП...

Бала өсіп, немере өсіп, келін өсіп...
Тар үйде болып алды төрім – есік.
Жыр түгіл, хат жазбайтын күйге жеттік,
Бөлмеде әрі көшіп, бері көшіп...

Уақыттың өтеймін деп кіл қарызын,
Қалдырдым артта талай жылдар ізін.
Аға жоқ, нағашы жоқ қорғалайтын –
Өтеді «өлем» десең кімге арызың?

Өмірдің өңі сәл-сәл жылыған боп,
Әр жерде шырқалады жырым өн боп.
Сөйтсе де, сөз болғанда мен жайында,
Сұрайды алдыменен: «Кімі бар?» – деп.

Әу-жайды ұға алмайтын баламыз ба –
Кеткендей мысық жүріп арамызда,
Өтеді кей күндері сәлем алмай
Бір жердем бер дейтұғын ағамыз да.

Ағамын өзім де енді көп адамға,
Қарасам алды-артымды орағанға –

Доп қуып жалғыз жүрген ойыншыдай
Кегіп бара жатамын көк алаңда.

Арда едім жәйда жаным арымаған,
Жоқ дер ме налымаса барын адам.
Қасымда жүре тұрып, біле тұрып...
Болады кейбіреулер танымаған.

Мақтанса, дейді біреу талын – арша,
Әркімнің жоғы – жоқ та, бары – барша.
Болмыс тек бүгінімен өлшенбейді,
Болғаны елім ертең танып алса.

САҒЫНҒАНДА

Дүние кең, қайда да баспана көп,
Жыр қуып жүрген жан ем бастан әлек.
Келгем жоқ Алматыны толтырам деп,
Байлық жиып, басқадан мол тұрам деп,
Келген ем арман қуып, АСТАНА деп.

Ағайынмен жіірек араласып,
Қатынауға жол шалғай, ара қашық.
Ауылды аңсап бара алмай жүргеніме,
Айтуға ұят, жылдан да бара ма асып.

От азайды бойдағы, өртім өшті,
Ой көбейді, көңілде дертім өсті.
Албырт жүрек басылып, баяу соғып,
Бұрынғыдай елеуреп елтімес-ті.

Сарыарканың сағынып елін, жерін,
Қиялмен барып-қайтуға ерінбедім,
Құрақ ұшып сүйеді жеңгелерім,
Сәлем қылып жүреді келіндерім.

Көз жасымен жуып ап кеселерін,
Маңдайыма жабысып нешеме ерін...
Ақ шашымнан сипайды сәби көріп
Анамдай ана болған шешелерім.

Пенденің болар қайбір сұрағаны,
Пешенесін кім өлшеп, кім алады?
Мына тұрған Ақшиге Тұмағандар
Қаласа, күнде барып тұра алады.

Жарыссаң жетелейтін атыңды алға,
Туған ауыл тым ыстық ақындарға.
Көлтектеп көлгірсурге хақым бар ма,
Өрнегімді өлердей сағынғанда,
Қызығамын ауылы жақындарға.

Сәби жүрек өз өзін сынаған жер,
Көк тасына сан аунап құлаған жер,
Ирек-ирек жолдары бұралаң бел,
Табынамын Тәңірімдей, сағынамын,
Алыста балам бар деп сұрағанда ел.

Жерошақ, Босаға мен Табалдырык!
Табынған-ау бабалар саған біліп.
Жан беріп жатса-дағы жан алдырып
Қорғаған қарыс сүйем топырағыңды,
Есейген жанын қақтап отына күлді
Ақыныңды қоясын алаң қылып.

Бәрі қиял,
Әттең-ай, қиял бәрі...
Таусылмайтын тірліктің күй-арманы.
Өнімде емес, түсімде оралады
Қалып қойған күндерім қияндағы.

Жырмен нені айтамын, нені ұқтырам,
Қауқарсыз кімді ықтырам, нені ықтырам?
Бұрынғыдай күйім жоқ ұшып жүрер,
Бұлттан өтіп, аспанды құшып жүрер,
Мауқым басып, шалдармен қауқылдасып,
Сағынғанда қиялмен келіп тұрам.

АСЫҒУМЕН...

Балалық шақ,
Ойын да — мұң, күлкі — мұң...
Он жасымнан ала алмаппын бір тыным.
Асығыппын, асығыппын өмірі
Жамайтындай жер бетінің жыртығын.

Асықтырып жер, суым да, көгім де...
Ғашық қылып мына ғажап өмірге,
Басып тұрып жалпағынан жалғанды,
Сансыз сызат түсіріппін көңілде.

Жыр да жаздым, соңғы жырым болмағай,
Сәл қуансам, көкірегіме толды арай.
Көз болғанмен, кіреуке көп торлаған,
Жарық күнде адастырған жолдар-ай!

Қайда асықтым, неге асықтым?.. Ол жағын
Болжамадым, келген де жоқ болжағым.
Асығам деп талай-талай адастым,
Шатастырып шым-шытырық жолдарым.

Ащыны да, тәттіні де жеп көрдім,
Сүйдім талай, талайларды жек көрдім.
Аллам өзі адастырса, не шара?
Кейде ағаның ақылын да кек көрдім.

Мына дүние күнде үр жана, ой, Алла-ай!
Келем әлі қызығына тоя алмай.
Өтер ме екем осы өмірден бір күні
Сүюді де жек көруді қоя алмай.

«Асығыстық – шайтан ісі» дегенмен,
Тыйыла алмай киіп, ішіп, жегеннен...
Жиыла алмай көңілдегі өлеңнен,
Асығумен, асығумен келем мен.

ТӨНІРЕГІМ – ТЕЛЕГЕЙ

Ақ-қараны ажыратпай,
Қас пен досты елемей,
Мезгілімен таңым атпай,
Қайырладым кемедей.

Қайырладым, қайырладым...
Төңірегіме қарадым.
Қасты, досты айырмадым,
Бұлдырады жанарым.

Көкірегімді бұлт шалып,
Көңіліме мұң тұнды.
Бар қуаныш ұмыт қалып,
Қамады ойлар мың түрлі.

Жазықты ма ем Төңіріге
Сағым бүйтіп сынардай,

Талпынамын өне-міне
Жағалауға шыға алмай.

Құйын бәрі, қиын бәрі...
Қиын, құйын бәрі де.
Білмейді ешкім күйімді әлі –
Тірлігімнің мәні не?

Тірлігімнің мәні неде,
Сәні неде? Білмедім.
Құлдық ұрып Тәңір-Иеге,
Өтіп жатыр күндерім.

Кетер ме өркім бұ жалғаннан
Пенделікке малданып,
Жөн таба алмай тұмандардан,
Сағым қуып, алданып...

Ақ-қараны ажыратпай,
Қас пен досты елемей,
Әлі отырмын таңым атпай,
Қайырлаған кемедей,
Төңірегім – телегей!

СУДА ЖҮРІП

Жас та болдық,
Мас болдық –
Берін бастан өткердік.
Мамық болдық,
Тас болдық...
Қайшылықты көп көрдік.

Жыладық та,
Күлдік те,
Білмедік тек бағасын.
Теңіздегі бір нүкте –
Қанбақ болып ағасын.

Қанбақ болып ағасың,
Толқын ұрып толқынды.
Өткен күннің бағасын
Өкініштер толтырды.

Өкініштер толтырды,
Сері сезім бос қалды.
Кештеу ұғып олқынды,
Іздейсің көп достарды.

Сүйдік, күйдік деп жүрдік,
Бәрі бекер, бәрі де...
Фәни жалған «көп жылдық» —
Мағынасыз! Сәні не?!

Теңіз — дария, телегей,
Рахатын көрмедік.
Айтып-айтпай немене,
Суда жүріп шөлдедік.

Суда жүріп шөлдедік,
Тағдыр сонша қысар ма-ай?!
Рахатын көрмедік,
Не түсе алмай,
Не іше алмай.

СӨЗІҢ БІТСЕ...

Мен де ақынмын, білемін сөз қадірін,
Ой ойласам — жанымда боздады мұн.
Тынысымды тарылтып, кезек сұрап...
Өкше басып келеді боздақ інім.

Біреудей-ақ білемін сөз қадірін,
Сөз қадірі дегенім — өз қадірім.
Сөздің құны түскенде мүсәпірдей
Жабырқаған жанымда боздады мұн.

Сөзің бітсе,
Айтатын ойың бітсе,
Жол қысқарып,
Баратын тойың бітсе...
Ақынның да өлгені ел көзінде,
Бұқпантайлап дауылда бойын күтсе.

Бұйырған пешенеме «сыйымды» алып,
Алғы шепте келемін күйіп-жанып.
Арманым жоқ бабалар жалғасындай
Артымда ізім қалса шиырланып.

Қысылшанда көрінер оқыс үнмен
Талықсыған тағдырға оқысын дем.
Махамбетті жалыны жазым еткен,
Ақынды ізде іздесең от ішінен.

Қабырғасы қайысып халық деп шын,
Төгер жырын қуанып, жанып... төксің.
Ақын – тағдыр Анадан от боп туып,
Кетерінде күл болып жанып кетсін!

ПЕНДЕЛІК-АЙ

Сел үмітпен, серілікпен сенделіп,
Баз өмірден артық алып, кем беріп,
Қияндағы қыр басына шыққандай,
Өзінді өзін алдап келген пенделік.

Мен күлгенде күлмесін деп өзге адам,
Мен білгенді білмесін деп өзге адам,
Пенделік-ай, пенделік-ай күн-түні
Сексеуілдің шоғындай боп қоздаған.

Жел өтінен іздеп пана, ықтасын,
Жекпе-жекте біле тұрып жықпасын,
Бетке түсер қауқары жоқ, сөйтсе де,
Дейді: «Жұрттың бәрі мені құптасын!».

Ықтағаны керек біреуге өзгенің,
Құптағаны керек біреуге өзгенің,
Салындыдай ағын айдап кететін
Сансыраған сал-тірлікке төзбедім.

Жалықтырды, жалықтырды ез сезім,
Өмір мәнін және ұқтырды –
Тез сезім!
Жығылғанды жер көтерер, көтерер...
Қате айтсам да болса дедім өз сөзім!

Бүгіндерде адам – артист, сөз – ойын...
Көре тұрып, қалай ғана төзейін?
Сырт айналып сырғақсыған достарға
Бар айыбым – болғандығы өз ойым.

Ессіз, көзсіз жүрмедің деп елге еріп,
Кіналайды, ұялғаннан жерге еніп

Кете жаздап... қайта еңсемді көтерем,
Арандатқан, алаңдатқан
Пенделік-ай, пенделік!

ОБАЛ

«Обал!» дейміз,
«Обал!» дейтін сөз мына
Ақжем болып, мағынасы тозды ма?
Бағы тайып, басынан күн озды ма?
Сүйретіліп, қу сіңірін созды ма?!

«Обал!» дейміз жәбір көргендерге де,
Өзі өзгеге жәбір бергендерге де...
Ер еңсесін көтермейді ел неге,
Тұғыжықтап, тұқырамын мен неге?..
Сол баяғы қарыны тоқ, қамы жоқ
Байпаң қағып бара жатыр жер-кене.

Аңдап тұрып «Обал!» деген кезінді,
Өзін тіптен еркінірек сезінді.
Қан шеңгелін қадай түсіп, көрдің бе,
Қадірлейтін бола қапты сезімді.

Кеше ғана білмейтіндер «обалды»,
Бергенде — аз, алған кезде көп алды.
Содан ба екен, ерлігіміз ез болды,
Иманымыз, жиғанымыз тоналды.

Обал, обал!..
Еске алу да обал-ақ,
Асылыңды, асығыңды тонап аң,
Алшысынан түсірмеген домалап...
Енді бүгін мүсіркеу де, аяу да,
Бәрі керек бола қапты соған-ақ!

ОЙ ҒАНА

«Ренжіме, ештеңе де ойлама,
Не жинадың, не толтырдың қоймаңа»,—
Дейді бәрі, дұрыс шығар шектеген,
Айта жүрер өлшеуіші той ғана.

Суық ұрып солдырса бар гүлінді,
Бұлт торлап тондырса Ай мен Күнінді...
Айта көрме, елестеткім келмейді,
Дей бер онда тіршілігім бүлінді.

Тірімін бе?.. Жылайын да күлейін,
Жетсе төбем, көкті биік тірейін.
Ойламасам, жыламасам, күлмесем...
Мағынасыз қайтіп ғұмыр сүрейін.

Қорықпасам кашып құтым, үрейім,
Торықпасам, нені сезіп-білейін.
Шегірткедей шөп түбінде шырылдап,
Ән салумен ойсыз қалай жүрейін.

Ойлағыштар дейді: «Түк те ойлама,
Аза тұтпа, қуанышыңды тойлама!..»
Біле ме екен, біле ме екен шіркіндер,
Мені сақтап, сапта аман жүргенім –
Көкірегімдегі көзі бітпес ОЙ ғана!

ЕРТЕҢІМЕ КЕТТІМ ЕРІП...

Қыркүйек кеп, атты алғашқы күз таңы,
Жүр төбемде арманымның құстары,
Көңілімнің, өмірімнің құштары...
Қияндарға қанат қағып ұшты өне
Томпаң қағып қасымда екі немерем,
Былтырғыдай ерте тұрып, мектепке
Бара жаттық,
Бара жаттық біз тағы.

Бала оқыту – ұрпақ қамы, ел қамы,
Білімменен тірліктің де енді әрі,
Білімменен толысады жер дәні.
Ертеңімді ертіп алып қасыма,
Ерке күнге еріп кеттім мен-дағы.

Атқан әрбір арай таңмен бірге өсіп,
Жүргендейміз қуаныштан нұр кешіп.
Ата-әже, әке-ана, бал бақыт...
Көшелерде жүрген сынды гүл көшіп.

Ата болып менің жиып-тергенім –
Қос немерем – Әйгерімім, Ерденім,

Ата қаздай соңыма ертіп екеуін,
Қандай бақыт білім іздеп келгенім.

Ерек еді бүгінгі күн таң қандай,
Шыққан сынды үйлерінде жан қалмай.
Көрші шалмен, кемпірменен жарысып,
Ертеңіме бара жаттым армандай.

Қуаныштан елпең қағып, жан қалмай,
Өшкен бағым қайта алаулап жанғаңдай.
Қос құлынымды томпандатып қасымда,
Білім күні Бақыт туын көтеріп,
Ертеңіме кеттім еріп армандай!

ЖАНСАМ СОЛ ТОЗАҒЫНДА...

Гүлзар бақпен қоршалған кең алаңы,
«Алатауда» мықтылар демалады.
Қарапайым біреуді көре алмайсың,
Бәрі жайсаң,
Таңдаулы «ел адамы»!

Бәрі жайсаң, таңдаулы «ел адамы»,
Қалтасы қалыңдар да келе алады.
Астында тағы бардың бәрі Құдай,
Олар айтса, тау суы кері ағады.

Ой саралап, біздер ғой әріп терген,
Беріп көрген берердей, алып көрген...
Содан шығар, адамның адамдығын
Әшекей-атағынсыз танып келгем.

Әшекей-атағынсыз танып келгем,
Тірі жүріп тамұқта жанып көргем.
Сөйтсем, бәрі әшейін алдамшы екен,
Солқылдайды ойлаудан қалған шекем.
Құдай да – Құдай емес, адам – құдай,
Жұмақ, тамұқ дегенді санамызға
Адам-құдай өрнектеп салып берген.

Айтарлықтай «міне, – деп, – анық көрден!»
Бір адамды көрмедім тамұқ көрген.
Кешір, Алла,
Бәлкім, бұл күпірлігім –
Осы аңызды қайдан, кім алып келген?!

Акынбыз деп жүрсек те елге сыйлы,
Білмей далмын сенерім, сенбесімді.
Бірақ анық білерім — бір кеткен соң,
Хор қызы аялаған пейіштен де,
Қор қылып, аямаған тозақтан да
Оралып қайта ортаңа келмесімді.
Талай жерді шарлағам, саралағам,
Жаксы, жаман...

Салмақтап шамалағам.
Құтылып бұл фәнидің тозағынан,
Көрмедім пейіш іздеп барар адам.

Содан да балбыраған балғын көлді
Тербетіп, тәтті әуенте салғым келді.
Ол жақтың жұмағына қызыпай-ақ,
Осынау от көсеген тіршіліктің
Бір күндік жарығында қалғым келді,
Армансыз аларымды алғым келді,
Жансам, сол тозағына жанғым келді!

ӨЛЕНДІ ДЕ...

Үш қайтара қар түсіп, күн жылынды,
Алдымды орап кетеді кіл жырынды.
Кешегі елдің жазғаны шығып жатыр,
Үш жыл баспай қойдындар бір жырымды.

Арман ұшқыр, аймен де тілдесіп ем,
Ешкімнің де емеспін күндесі мен.
Мен де ұлмып, тоқалдаған туған жоқ ем,
Кем болды ма әу баста бір несібем.

Жағаласып қадірді білмесімен,
Жасағам жоқ күнде дау, күнде сүрен.
Арым сатып жәнс де барым сатып,
Бөйге алып оралмадым жыр кешінен.

Жұртыма аян оңым да, терісім де,
Жыр жазбадым ол үшін, сен үшін де...
Атақ алып алқынып жатпасам да,
Есләм деп таниды ел ішінде.

Ащыны да тоя іштім, тоя жедім...
Тұщыны да тоя іштім, тоя жедім.

Өлең шіркін сиқырын қояр болса,
Мен де өленді біржола қояр едім.

Өзіме аян оң ісім, терісім де...
Жүрген емен жолдың кіл тегісінде.
Осыны да бір байқап көрейін деп,
Шакырады-ақ әркімдер керісуге.

Білмеймін өзі үшін бе, мен үшін бе,
Жаны ашыса, жатпайды неге ішінде?
Алпыс деген ашуға өре салып,
Қой-қойлап жібермейді керісуге.

Ашыны да тоя іштім, тоя жедім,
Тұшыны да тоя іштім, тоя жедім.
Өлең дерт боп туғанда жабыспаса,
Мен де ақын болмай-ақ қояр едім.

МЕН, ӘЙТЕУІР, ТІРІМІН

Аш қасқырдай қамалаған ой мынау,
Аш өзекке түсіп кетіп, тойдым-ау.
Ерлігі жоқ кіл ездерден езіліп,
Еңсемді бір көтере алмай қойдым-ау.

Жолын кесіп қыран менен тазының,
Жанпидамен тауып жеген азығын,
Бөрі-тірлік безер етті өмірден,
Кезең өтті — қарттық жеңіп, қажыдым.

Алабұртқан албырт сезім жастан мас
Тура келген тажалдан да жақсанбас.
Өрт мінез бен жалын күндер бөсеңдеп,
Жан сауғалап «пәлекеттен» қашқан бас.

Бөрі жұмбақ, шерге, мұңға толы күн,
Қараңдаршы, қорқауларша алды-артымды торуын...
Қор болдым-ау, қор болдым
Ақыл алды от сезімнің орынын.

Сауысқандай жалтақ-жұлтақ қарап ап,
Сактығымды еткендеймін қанағат.
Айға атылар арыстан да бүгінде
Жан бағып жүр шидің түбін паналап.

Арыстарға үйіп-төгіп құрметті,
Асылдарды асыл дейтін күн де өтті...
Қол бастаған дарабоздар кешегі
Топ көбейтті дүбірлетіп дүрмекті.

Өлген жоқпын, мен де, әйтеуір, тірімін,
Сырт қараған сылаң көздерге ірімін.
Санатта жоқ, іздей қалсан, санда бар,
Көшке ілескен тобыр-көптің бірімін.

ӨЛЕҢ ҒАНА

Айтты деме, ағайын, тым өсіріп,
Жазғандарын мың түзеп, мың өшіріп,
Кірпік ілмей шығатын ақындарға
Берген Тәңірім азапты үлесі ғып.

Жұлдыздарын жамыратпай аспан әлі,
Түтқындаған сезімді тас қамалы.
Анадайын күзеткен жас баланы,
Ырғақ іздеп, ой тербеп отырады,
Төтті ұйқыда ұзақ түн жас та көрі.

Беріп келген, алардай алып келген,
Алыс-жақын елдерді танып көрген,
Жанатын жерде от боп жанып берген,
Аяғы жеткен жерді барып көрген.

Батыр да өзі, бай да өзі қиялында,
Бойға біткен қуаты күй-арында.
Телегей боп құяды құярында,
Тегеуріні Тайбурыл тұяғында.

Аршагүлдей бүр ашқан құла дүзде,
Ақындықта бар бағы, бір-ақ ізде.
Басқа бақыт бермеген Тәңір баста,
Байлықты көп қимаған, сірә, бізге.

Тәңірі берген тап келіп уақытына,
Жиған маржан-асылы, жаһұты да,
Ләззаты да, сыры да, сымбаты да...
Өлең ғана ақынның бақыты да!..

ЖҮРЕГІМДЕ ЖАРА ЖАТЫР

Біздің жақтан Алматыда
Көп емеспіз —
Санаулымыз.
Алатаудың жөннатына
Көшіп келсе бар ауылымыз,
Гүл жамылған қала көріп,
Қарық болып қалар едік.
Қарашы, өне, түнгі аспанда
Шок жұлдыздар жанады өріп.

Сәбит туған, Ғабит туған...
Мағжан от боп жалындаған,
Тарқамайтын сауық-думан,
Қасиетті дарын далам,
Алмағайып арасында,
Солғын тартып барасың ба?
Қазақтарың татардан аз
Қызылжардың қаласында.

Арман далам, орман далам,
Өмірі аңыз болған далам.
Қарлығаштай канаттанып,
Кетеді ұшып бәрі аттанып
Кәмелетке толған балаң.

Уақыт бізге «болысты» анық,
Жанға жайлы қоныс тауып,
Таланттарым түлеген жер
Бара жатыр отрыстанып.

Ұлыларым сайрандаған,
Қасиетті қайран қалам,
Қазақтарың татардан аз,
Қайран қалам,
Қайран қалам!

Айналасы мұнарланып,
Аз боп сағы сынар халық.
Өз елінде, өз жерінде
Бара жатыр шұбарланып.

Шұбарланып бара жатыр,
Мың толғанып дала жатыр.

Аз қазаққа өз жерінде
Болмаса екен заманақыр...
Көкірегімде мұң-нала жатыр,
Жүрегімде жара жатыр!

АҚТЫҚ ДЕМІ БІТКЕНШЕ

Егіз болып туғандай арман маған,
Армандағам, бәрін де армандағам.
Өмір ыстық көрінген, көңіл ыстық...
Ең алғашқы қатерден қалғанда аман.

Жолығардай бір бақыт алдан маған –
Армандағам, армансыз қалған ба адам.
Ақ дегенім кей-кейде қара болып,
Нала қонып, кезім аз алданбаған.

Тіршілігім секілді құрап пішкен,
Пенде біткен бақытын сұрапты іштен.
Аяқ-қолдан жан кетіп, тіл күрмеліп,
Бір-ақ күнде теректей құлап түскем.

Саулығы жоқ дімкәс жан қау сынды әман,
Желбегей тон қымтанып қаусырмаған.
Ақтық демі біткенше сүйретіліп,
Тірі адамның тірлігі таусылмаған!

МҮЖІГЕН МИДЫ ИТ ЕГЕС

Не ояу емес, не ұйқы емес,
Мүжіген миды ит егес.
Арбасып ылғи жатқандай
Бітпейтін қыңыр, күйкі елес.
Көрдің бе, жоқ па мұндайды,
Тағыдай тартыс тынбайды.
Еңсенді еркін жаздырмай
Езеді батпан мұң-қайғы.
Мұң-қайғы, миллион, мың қайғы...
Мұныңды кімдер тындайды.
Тартыс та болса тіршілік
Тыпыршып бір сәт тынбайды.
Алмасып күн мен түндері...
Арбасып шөнге, гүлдері,
Өмірдің көшін кідіртпей,
Жетелейді ылғи ілгері.

Арманның аппак елесі —
Асуым ба екен келесі.
Шаршаған сәтте шалдырмай,
Демеші, Төңірім, демеші.
Тосылмай шарға, дауға да,
Қосылмай досқа, жауға да...
Жанымды сұрап сауғаға,
Теңізде жүзген қайықта
Қалтылдап әзір келемін,
Қайсысына елім қосады —
Жындыға ма, әлде сауға ма?..
Не ояу емес, не ұйқы емес,
Тірлігім — қыңыр, күйкі елес,
Мүжіген миды ит егес.
Сенделіп жүрген жайым бар,
Сикым да саудың сикы емес!

ҚУДАЙДЫҢ САҚТАҒАНЫ

Шындықты шындық деуден қалып барып,
Енді-енді айта бастадық арып-талып.
Ұлы деп жүргеніміз ұры екенін
Бүгін ғана алғандаймыз анық танып.

Қыран көңіл, шалқыдық, шарықтадық,
Биігіміз қай тұста — анықтадық.
Шапқанда бай баласы, тоқтағанда...
Қонарымыз жұмыр жер екендігін
Ұққандаймыз оны да барып-барып.

Тағдырдың қаңтары мен ақпаны өлі,
Аптығын баса алмаған, сақтанады.
Бодандықтан бүкшиген бүркеншек күй
Бүгін тани бастадық ақ, қараны...

Аңдап басып айшықты жол арасын,
Келдік аман, енді ол күн жоламасын.
(Андамасаң, кұрдымға жоғаласың)
Дүр сілкініп көтеріп еңсемізді,
Бір-ақ күнде түрленіп шыға келдік,
Қыран құстай түсірген томағасын.

Бүгін тани бастадық ақ, қараны...
Мақтанса ел — соны айтып мақтанады.

Қар кетсе де, жер бетін гүл жапқанша
Көңілдерде кілегей дақ қалады –
Достарыңның сатқаны, сатпағаны...
Қиындықта сатпайтын досың болса,
Көп бөледен Тәңірінің сақтағаны!

* * *

Қирап жатыр, курап жатыр бәр-бәрі,
Қайындары, теректері, талдары...
Құйын соққан жерошактың орнындай
Бұрқылдайды көшелердің шандағы.

Бәйшешегім шешек атпай ерте өліп,
Жатыр бәрі көз алдымда өртеніп.
Құлазыған мына менің көңілімдей
Миуа бағым мәпелеген тер төгіп.

Жосықсыздар кес-кестейді жолымды,
Кімге сенем, кімге созам қолымды?
Сардарлардай сарбазынан айрылып,
Бастап жүрген берекесіз тобырды.

Су тартылып арнасында, тау шөгіп...
Бота боздап, аруана зар шегіп,
Акку үшып айдынына қона алмай,
Құмға сіңіп жататындай тамшы өліп...

Қирап жатыр, курап жатыр бәр-бәрі,
Қайындары, теректері, талдары...
Күнге қарап өскен тірлік талпынып,
Курап жатыр тамырынан тартылып.
Қурамаса, қирамаса болғаны
Соны көрген Адамзаттың арманы!..

СЕНІ МЕНЕН МЕН ҮШІН

Адам үшін бәрі де – сені менен мен үшін,
Дүниедегі сыр-сымбат, дүниедегі келісім...
Жақсы жандар жүрген соң жанымызды нұрға орап,
Жақсылықтар болады жадыратар ел ішін.

Шығамысың жол шегіп алыс, қиыр сапарға,
Келемісің басқа елге, танымайтын шаһарға...

Жақсы жандар көп болса айналанды қоршаған,
Білінбейді бірі де таңың күліп атарда!

Сәлем берген жандардың ақ ниетін құп алып,
Күнмен бірге шығасың қарсы алдынан қуанып.
Жақсы адамдар! Жүре бер мені Күндей айналып,
Жақсылықтың нәріне жүрегімді суарып!

Жақсы адамдар! Жүре бер жарқыратып ел ішін,
Нұрландырып жаһанның ылдиы мен еңісін...
Сендер берген **ЖАҚСЫЛЫҚ** – адамзаттың **БАҚЫТЫ**,
Соның бәрі, бәрі де...
СЕНІ менен **МЕН** үшін!

ӨЗІНДЕЙ ҚҰДІРЕТТІҢ

Бір күннен бір күн озған мына ғұмыр –
Жақсының, жаманның да... тұрағы бір.
Асқақтап кейде төбем көк тірейді,
Кей-кейде еңсем жер боп тұрады кіл.

Тірліктің ой-қыры көп, талас бар ма?..
Шалқимын жақсылармен жанасқанда.
Көңілім – көкжиекте, кара аспанға,
Әзілім асылдармен жарасқанда.

Әшейін күндегідей бірі көптің
Емеспін, күркіреген құдіретпін!
Жұбаттым жылағанды, жүректерге
Мейірім, шапағаттың гүлін ектім.
Өзіндей құдіреттің өлмес Адам,
Жақсыға, жақсылыққа көлдесе әман.
Кеудемді арман кернеп тұрған шақта,
ПЫРАҚПЫН,
Хас жүйріктей өрге шабам!

ТӘУБА ҚЫЛАМ

Жарығым-ай,
Басы жұмыр пенденің жары Құдай.
От болып жаралсаң да бұл жалғанда,
Жүре алмайсың алаулап жанып ұдай.

Жан шуағы –
Тірліктің тамыр тартқан шамшырағы.
Уақыт – қайрақ алмасты жұқартқандай,
Кемиді сезімнің де тамшылары.

Өмірің де,
Көктемдей шешек атқан көңілің де...
Бірте-бірте гүл өңін жоғалтады,
Кезінде андамайсың оны мүлде.

Лағыл арман –
Жастығында кім оны тани алған?
Перзенттерін фәниден аттандырып,
Қалады артта опасыз көрі жалған.

Ұлым да, қызым да бар,
Уақыт өтсе, әрімді, жүзімді алар.
Сайраған сара даңғыл болмаса да,
Артымда азды-көпті ізім қалар.

Бау-бағымнан –
Керексе, жеміс үзер жау да бұдан.
Бедеу ғұмыр кешпедім тіршілікте,
Шүкірлік, мен барымды тәуба қылам.

ӨЗІМДІ ӨЗІМ КЕШІРМЕН

Бір досым айтты:
– Несі бар оның, несі бар?
Өзін де бір сәт жігіт екенінді есіңе ал!
Мінезі, бәлкім, жараспай қалған әйелмен,
Жарасып жүрсе жетпей ме былай жәй елмен,
Азамат сағын сындырмау керек, сындырмау...
Мұндай да мұндай кетпейді дейсің қай ерден!

Түп-тұнық еді,
Түп-тұнық еді көңілім,
Бүгінде, бауырым, бағалап жатыр оны кім?
Тіксініп қалдым:
– Не деп тұр мынау, жаным-ау,
Адам деп жүрсем,
Адамнан гөрі тағылау!..
Көркеуде ме едім көкірек-көзін шел басқан,
Бұлай деп, сірә, ойлаған емен мен бастан.

Сорлылық қандай —
Қасындағы елді танымау!

Дос еді қимас,
Кезіге қалдым неге мен,
Білмеймін қазір,
Бөгде адам айтса, не дер ем?
Ақжарма жандай төгіле сөйлеп, төгіле,
Ақ дәмімді ішіп,
Отырған талай төріме.
Сәбиді қойшы келмеген өзі өзіне,
Бөлтіріктерін қалдырмайды ғой бөрі де.

Ақтайын делім,
Жосығын таппай қиналдым,
Жаныма зәрлі запыран-уын құйған кім?
Жігіт-ақ болсын,
«Жігіттігіне иландым...»
Бөрібір ертең басынан дәурен көшпей ме,
Еңсесін жазып шықпай ма ұл-қыз төскейге?
Сонда ғой, сонда...
Тірі әке тұрып, тырбанып
Есейген жетім ызалы болып өспей ме?!

Сақтасын Құдай,
Сақтасын Құдай кесірден,
Кездерім жоқ деп айта алман мен де есірген,
Түстіктен ауып,
Арбасқан шақта бесінмен,
Шығарсам егер ӘКЕ екенімді есімнен,
Басқаны қайдам, ағайын,
Алдымен өзім өзімді өлмей кешірмен!

ТЫҢДАП АЛ

Көк моншақтай тізілген көк жүзінде тырналар
Барады ұшып тыраулап —
Күзден-дағы бір хабар
Келген болар —
Аспанды бұлт орапты түп-тұтас,
Сол хабарды құстардың әуенінен тындап ал.

Естіледі алыстан аянышты мұң-әні —
Тындаған жан егіліп,
Таусылардай шыдамы.

Туған жерден жыраққа алып кетіп барады
Тірлік дейтін үміттің болар-болмас шырағы.

Қалтылдаған үміттің дір-дір еткен шырағы
Алмағайып алдынан шықпасы, әлде шығары.
Тағдыр осы!
Жазғандар, бағын талай сынады –
Қанша жерге жетеді қуат-дәрмен, шыдамы.

Көк жүзінде тізілген көк моншақтай тырналар,
Жазды еске салатын өткен шақтай бұл хабар.
Келер көктем шыққанша кім бар, кім жоқ –
Соңғы рет
Қош айтқаны болмасын,
Тында!
Тында!
Тындап ал!

ТАҒДЫРЫМА ӘРКЕЗ МАҚТАНАМ

Туған даланың терістігі мен түстігі-ай,
Дамылсыз ұшып жете бермейтін құс та ұдай.
Бір қиырында ақпанның ашулы аязы,
Бір қиырының ми қайнатардай ыстығы-ай!

Табиғат қалай ерекше қылып жаратқан,
Бір сәтте келіп шілде мен тамыз әрі ақпан.
Төрт түлік малы жайлауға шығып бір жерде,
Енді бір жерде барлығын қолға қаратқан.

Аузыма алсам-ақ жерімнің байтақ кендігін,
Төбем бір көкке жеткендей болам мен бүгін.
Соған сай етіп жаратқан Ием тағы да
Қайсар қазақтың елдігі менен ерлігін.

Үкілеп үйін, мәпелеп жанын бақпаған,
Өн менен жырсыз таңы атып, күні батпаған.
Жүрегі – жалау, ақ жаны – алау, арманшыл,
Қазақ боп туған тағдырыма әркез мақтанам!

ҰРПАҒЫМА ЖАЛҒАЙМЫН

Белдеудегі тыпыршыған боз құнан,
Боз құнанды сан бәйгеде оздырам.

Алабұртқан арман қолын ақиық
Алыстағы Ай, Жұлдызға создырам.

Сұқ көздердің жауын алған боз құнан,
Талайларды табанынан тоздырам.
Шаңқай түсте шаң қаптырып талайға,
Дегбірлеген делебесін коздырам.

Екі арасын жалғастырып шалғайдың,
Боз далادا боз құнан боп самғаймын.
Ертегіде ұшып жүрген періште —
Қолтығымда қанатым бар жандаймын.

Қолтығымда қанатым бар жандаймын,
Боз далادا бозаң тартқан тандаймын.
Бабалардың арман-мұңын
ертенгі
Ұрпағыма — нұр таңыма жалғаймын!

* * *

Кешір, Алла, кесіріңе бастама,
Кесіп алма, арманымды жасқама.
Мейірім бер, қанағат бер, тәуба бер...
Көпті көрген көріге де, жасқа да!

Фәни жалған аумалы да төкпелі,
Адам біткен бір-біріне өкпелі.
Біз ұқпастай құпиясы көп, тегі,
Әке мен ұл,
Ана мен қыз тіл табу —
Қияметтей қыл көпірдің өткелі.
Күн тұтылып, шаңқай түсте жарықсыз
Қалғандаймыз, айналамыз анық сыз.
Адамды адам алдау, арбау, аярық...
Нарық деген нарық емес, парықсыз.

Өз тағдырын жалғастырып кімдермен,
Қайран бабам кімге сеніп, кімге ерген?
Сол сенімнің қайтарымы секілді,
Шырын емес, у жинаппыз гүлдерден,
У жинаппыз гүлдерден!

СЕНЕ КӨРМЕ

Арман қайда?
Арманды іздеп босқа адам алданбай ма?
Арман деген не өзі? Жалған, жөй ма?
Лайымда жалған не жөй болмаса,
Үмітіммен жанаса жалғанбай ма?

Жастық-сайтан – қашанда желік, үміт...
Алабұртқан бойдағы сері қылық.
Арманым деп тек жалғыз сені біліп,
Жүруші едім баса алмай аптығымды,
Албырттықтың ақберен желі қуып.

Бұлдыры, тұлдыры жоқ шағылдарда
Адасып сабылғанда, табылғанда,
Тиесі несібеден қағылғанда,
Сағым сынып, тауым шын шағылғанда...
Сені іздеп жүгіруші ем сағынғанда
Сусыған көз ұшында сағымдарға.

Мен үшін сол күдірет арман еді,
Күнді – түн, түнді күнге жалғар еді,
Еріксіз елесімен алдар еді,
Қиялым қиян көкке самғар еді,
Бөрінде бір ғаламат ән бар еді,
Жанымды, жүрегімді арбар еді...

Арманым алақұйын сол ән бе еді,
Ән болса, көңілім шалқып толар ма еді?
Дүниенің бар қызығын ұмыттырып,
Кім еді ғашық қылған соған мені?

Қалды енді, қалды көңіл бөрінен де,
Бүгінде не сыйларын Тәңір емге
Білмеймін... Дауыл тоқтап, дамыл тауып,
Түскен бе сабасына кәрі кеуде.

Біткен ғой, біткен, сірә, менде жалын,
Бергенмін үлестіріп елге бөрін.
Әйтеуір, арман шіркін таусылмайды,
Армансыз тірі жүріп пенде – жарым,
Отырып оңашада ой кешемін:
Тіршілік бітпей тұрып, арман бітер
Десе біреу, сенбе сен,
Сенбе, жаным!

АЛПЫСТАМЫН

Туыппын Тышқан жылы Жыл басы боп,
Көргенім содан бері кіл қасірет.
Зобалаң, отты жылдар –
Мұң-зары көп...
Туғандай соның бәрін жырласын деп.

Алпыс жыл өте шыққан қас қағымдай,
Еңсемді уақыт зілі басқан ұдай.
Арасында ойын-күлкі жәй алданыш,
Әйтеуір, тіршіліктің астарындай.

Не көрдім алпыс жылда,
Не көрмедім...
Бәрін айтып береді өлендерім.
Арман шіркін қолтықтан демемесе,
Құсталықтан құса боп өлер ме едім.

Бүгіні – осы,
Не болар ертеңі елдің,
Төбіреніп жыр жазармын,
Тер төгермін.
Тілімді түсінетін жұрт аз жерде
Кімдерге ыммен жүріп еркелермін?!

Зобалаң, от жылдарда зар-мұңы көп
Көрінді сәл саңлау да таң нұры боп.
Нар көтермес ауырды біз көтердік,
Тәңірінің өзі жазған тағдыры деп.

Әлі де білгенім аз білерімнен,
Сеземін бәрін-бәрін... жүрегіммен.
Ақын біткен тілі жоқ мақау елде
Айрылардай таяныш-тірегінен.

Ата қаздай жәй басып, байпандаған,
Сауырына су қойсаң шайқалмаған,
«Маңғаз» болғым келеді-ақ,
Көре тұрып,
Көр тірлігін басқаның айта алмаған.

Тәуба деумен жоққа да, барға да әман –
Күндер батып,
Атады тандар аман.

«Манғаз» болсам деймін-ақ,
Не қыламын
«Манғаз» мінез бермесе Аллам маған?

Тышқан жылы туыппын Жыл басы боп,
Шықпасам да Музаны шыңға сүйреп,
Айтылмаған Мағжанның армандарын,
Аманат боп артында қалғандарын
Туған шығар тебірене жырласын деп.

Болсам ба деп жоқшысы жетім жырдың,
Арманымның құбылаға бетін бұрдым.
Ой – теңіз,
Бой – аласа,
Тілім қысқа...
Білмеймін не бітіріп, не тындырдым.
Кей-кейде босқа жүрген секілдімін.

Алпыстамын, әйтеуір, білетінім...
Пендемін жылайтұғын, күлетұғын.
Жәйшылықта үндемей,
кайшылықта
Шығатұғын баладай жүре тілім.

Орыным бар.
Тәрде емен, есікте емен,
Тағдырдың телегейін кешіп терең,
Елмен бірге малтығып өткелекте,
Елмен бірге талпынып өсіп келем!..

ӘКЕ ҰЛАҒАТЫ

Әкем мені ақын болсын демеді,
Батыр болсын демеді.
Ойлап тұрсам, оның да
Бар секілді себебі.

Тіршіліктен түйген барлық шындығы –
Басқаша деп айта алады кім мұны?
Көрінгенмен жәй бәрі,
Бәлкім, оның қысқа қолын байлады
Кешегі өткен ғазуаттың сұмдығы.

Өрелі аттай жаза алмапты ол өрісін,
Еңісі — күз,
Болған сынды өрі — шың.
Бізге көңіл бөлмеді деп, сол үшін
Кіна артам ба? Жалғыз қолмен бір өзі
Тындырыпты бір ауылдың көп ісін.

Кіл жетімдей елдегі
Өстік біз де,
Басқалардан бөлмеді,
Ерекшелеп бағыт-бағдар бермеді.
Қыңыр мінез болғанменен өмірде
Қия тартар қисық сөзге ермеді.

Тіктеп қарау қиын еді түсіне,
Сөзіне емес, елтіп өстік ісіне.
Ала жібін аттамады пенденің,
Қиянат қып көрген жоқ бір кісіге.

Ықтиярың — тәрбие де, тәлім де,
Білмейтінбіз мазалады жанын не.
Разы ма, наразы ма ісіңе?
Қабағымен ұқтыратын бәрін де.

Мен бүгінде ойлаймын да, таң қалам —
Мектеп көріп, арнай білім алмаған,
Тағдыры ма, соғыста да туралап
Келген талай ажалынан қалды аман.

Жауды қырып жайратып ем демейтін,
Төбесінен жай оғын ойнатып ем демейтін.
Белін жазып тұра алмаған кезде де
Өзін өзі демейтін.

Өрт ішінен шыққан жандай дін аман,
Сыртқа сырын алдырмай-ақ шыдаған,
Бақ-талайын сынаған,
Басылмады жандағы алау-жалыны,
Іс-қимылы дәріс болып дарыды,
Қарап өстік біз оған.

Біліміміз бар қазірде жоғары,
Барлық жерде көрсетеміз оны өрі.
Қанша тілде сөйлеп, жазатынымыз,
Қанша елге жылда баратынымыз
Анкетаға толады.

Сауаты жоқ әкем маған сол үшін
Кейде тіпті кейітіндей болады.
Ыстықтан да, суықтан да қорғайтап,
Жазық жерде жол бастап,
Біздерге ұсап ол баста-ақ
Жетекке алып көрген жоқ-ты баланы,
«Болса бойда талабы,—
Дейтін еді,—
Бәрін өзі табады,
Басында егер бермесе өзі табиғат,
Миына езіп құя алмайсың сананы!»

Соны бүгін қайталап,
Ұлыма да, қызыма да айтам-ақ
Осы еді деп өкеміздің сабағы.
Бәрі ойланып қалады,
Ұға алса тек жарады!

ӘЗ ДАЛАМ, АБЫЗ БАБАМ, ӘУЛИЕ АНАМ

Сағыныш – сары уайым,
Жынданармын...
Жанымды босатпайды шырмаған мұң.
Көлбедеп күндер қалай өте берген,
Шығармай шырмауынан шырғалаңның.

Төгіліп тірлігімнің арман-әні,
Төбемде жыр құсы боп самғады өне.
Жанды жеп сартап болған сағынышым,
Тербейді тебірентіп сардаланы.

Самғады,
Самғады өне жыр құсы боп,
Көргендей Сарыарқамды тұңғыш рет.
Жаныма күйды нұрын,
жиды сырын...
Көлбедеп көз алдымда сырлы сурет.

Әз далам,
Абыз бабам,
Әулие анам!..
Сендерден тағылым тауып, тәрбие алам.
Өлмейді ел дәстүрі жүректерде,
Тұрғанда қазағымның ән-күйі аман.

Етердей жанға медеу, тілге тірек,
Ұлыңның өтелмеген міндеті көп.
Бисмилла!
Өзім емес, ел-жұртымның
Жүремін амандығын күнде тілеп.

Әу баста бұлақ болып сенен арна
Алғанмын,
Сен болмасаң келе алам ба?
Мен бармын жер бетінде Сен аманда,
Ұмытсам,
Есептеме мені АДАМҒА!

СОҒЫСТЫҢ АРДАГЕРЛЕРІ

Жаксыны көрдік,
Жаманды көрдік,
Көп көрдік...
Осынау бастан талай да талайды өткердік.
Бозқырау соғып балауса гүлдей көк солдық,
Көктедік қайта шуағын төгіп көктем-күт.

Қол создық биік алғы күндерді армандап,
Болмады мұра ата-бабадан қалған бақ.
Отты да кештік,
Суды да кештік жан жалдап,
Толқыннан талай құтылып шықтық тал қармап.

Алмасты күндер,
Ай менен Жылдар жаңарып...
Қысылшаң шақта жан бердік қанша жан алып.
Шетінен шемік соғыстың жетімектері
Ешкіні – апа,
Текені жезде санадық.

Ойласам қазір...
Құдай-ау, қандай көнбіс ек?
Көнбістік қайсар тірлігімізге болды сеп.
Мейірбан жандар баурына басып жылытса,
Қайсыбіреулер қабағын шытып,
Көрді шет.

Фәни жалғанның қайшылықтарынан сыр алып,
Бәріне көндік,
Бәріне соның шыдадық.

Бағымызды да,
Сорымызды да сынадық,
Соғыстың зұлмат-зұлымдықтарын мұра ғып
Алған сол ұрпақ, ойласам қазір, шын алып!

Біреуден артық,
Біреуден сәл-сәл кемірек...
Күн кешкен біздің ұрпақтың шемен шері көп.
Сұраса шындап айтар ем осы ұрпақтың
Бөрі – кешегі Соғыстың Ардагері деп.

Ауылдан кеткен көп боздақ қайтып келмеді,
Жетімдік талай бізді де тірі жерледі.
Қайта түледік,
Қайта көктедік қасарып,
ТІРШЛІК атты ұлы бастаудан бас алып.
Өйткені біздер өртенге сеуіп қалдырған,
Жаңбырдан кейін нәр алып қаулап, жаңғырған,
Ертеңгі күнге қараумен көзін талдырған
Балауса, балғын балдырған...
Аталарымыздың, әкелеріміздің рухы –
Бөріміз сонау СОҒЫСТЫҢ АРДАГЕРЛЕРІ!

БЕРЕДІ ДЕЙСІҢ КІМ ӨҢДЕП

Мен туған ауыл,
Мен тұрған ауыл – бұл Өрнек,
Үйлері анау әсемдеп қойған гүл-өрнек.
Көшенің бойы көк шалғын құрақ құлпырып,
Жататын еді кілем боп.

Төскейдің беті білем де білем...
Кілең көк,
Көк шалғын үстін думанға бөлеп жүрер ме ек.
Бір-ақ көктемде,
Жырақ кеткенде мен елден,
«Көтеріп» кетіпті тынды «көтергіш» түрен кеп.

Жасанған жаудай жидырды дейсің кімге есін,
Жайратты-ай келіп қоранын, үйдің іргесін...
Басқа да басқа,
Аруақтан безген азғындар
Бабаларымның табанға сапты мүрдесін.

Дүмпіген ауыл батырдын ұрпақ-елі боп,
Дүрілдеуші еді кеудесін кернеп желік-от.
Мүсәпір болып қалыпты бір-ақ көктемде,
Малын өргізіп,
Алшандап жүрер жері жоқ.

Көмбіс те көмбіс,
Арыстарымның көмбісі-ай,
Қу тақыр болған өзенді өлке, көлді сай...
Қоң етін алып қуырдақ жасап жатқанда,
Қыңқлемейтұғын қайран жұртымның көнгіші-ай!

Мен туған ауыл,
Мен тұрған ауыл — бұл Өрнек,
Үйлері қандай —
Әсемдеп өрген гүл-өрнек.
Әттең-ай, әттең, көк шалғын көше-кілем жоқ,
Жүрегі құрғыр білем де, білем, білем бол,
Сыздайды тынбай...
Құлатқанымызды кім өндеп,
Құртқанымызды береді дейсің түгендеп?!

УАҚЫТТАН АДАМ ОЗБАЙДЫ

Тағдыр мені қанша рет отқа салды,
Нысанаға байлады, оққа шалды.
Содан ба екен, бұрынғы арыным жоқ,
Айға атылар айбар да жоқ қашанғы.

Сын деп бәрін шынымен сезіне алсақ,
Аямай-ақ сынапты тезіне сап.
Пешенеме жазғанын көріп келем,
Әркімнің өз болмысы өзіне шақ.

«Әлінді біл, Аяз би!» дейтін халмен,
Шарықтауға келмейді кей күн дәурен.
Жүргенге де жер басып ризамыз,
Ішер суға мәз болып жейтін нанмен.

Тағдырым ба, бола алмай Тәңір қорған,
Әумесерге ауысып тәуір қолдан,
Арса-арса күйім бар арық аттай,
Жайдақ мініп әркімдер, жауыр болған.

Асау едім аптығын алдырмаған,
Жүйрік ем топтан қара шалдырмаған,
Енді ұқтым, қолға үйретіп алғандығын
Құрығын сала-сала тағдыр маған.

Шапқанда шаршы топты тандандырып,
Артына түйдек-түйдек шаң қалдырып,
Шалқыған сан қияға қайран күндер
Жәй ғана жүр екен ғой алдандырып.

Тұғырда тұлпар – көңіл тозбай бекем,
Сезімді сері көңіл қозғайды екен.
Арман-ай, сол күндердің бәрі алдамшы,
Уақыттан Адам, сірә, озбайды екен.

САҒЫМ ҚУЫП

Өмір, өмір...
Шексіздік көзді арбаған,
Талайлардың басынан озған ғалам.
Мың құбылып жасарып, қайта түлеп,
Мың құбылып қасарып, тозған далам.

Тағдырынды әр жаққа туа сүйреп,
Тауға, тасқа басынды ұрасың кеп.
Біреу сені тілейді нық тұрсын деп,
Біреу қарғап-сілейді құласын деп...

Адалмын деп, ақпын деп ойлағанмен,
Көңіл – көктем, бақ гүлдеп, тойлағанмен,
Тертесінен тірліктің шығармайды
Жаң-жағыңнан камалап толған әурен.

Ойлағаның болғанмен, болмағанмен,
Шырқасам деп тұрғанда қолда дәурен,
Тасқа да ұрып басынды, тауға да ұрып...
Сүйретіліп шығасың жолдан әрен.

Өмір, өмір...
Көп көрдім, аз көрдім деп,
Көктем көрдім, қыс көрдім,
Жаз көрдім... деп,
Кейімеске кейідім кей күндері,
Мәз болмасқа баладай мәз болдым кеп.

Шешек атып көңілдің гүл-көктемі
Тұра ала ма? Дәуренің күнде өтпелі.
Кеше ғана жаз тұрған жүрегімнен
Енді, міне, қамалап мұң кетпеді.

Арғы күннен алдағы таңың жуық,
Көрінесің тұрғандай бәрін біліп.
Әне-міне арманға жетем деумен,
Өле-өлгенше өтесің сағым қуып.

Сағым қуып, өзінді күнде алдаумен,
Мас адамдай бұралып-бұлғандаумен,
Қалай ұшып кеткенін аңдамайсың
Бак құсындай басында тұрған ДӘУРЕН.

ТІЛЕКТЕРІҢ СЕНДЕРДІҢ

Кімдерге бар, кімдерге жоқ керегім,
Ойлап қайтем оның салдар-себебін.
Қыс па, жаз ба, күн бе, түн бе?..
Бәрі бір,
Туған ауыл! Жылына бір келемін.

Шаруам қайсы, төменде кім, төрде кім?
Біреу – ұлық, біреу – кішік, бөлмедім.
Ауылымның жас-кәрісі, ұл-қызы –
Менің үшін бәрі бірдей, Өрнегім!

Кісінеген құлын даусын, козы үнін...
Естігенше жетпей тағат-төзімім,
Ұшып келем қос өкпемді қолыма ап,
Өз ауылымның әр түтіні – өз үйім.

Балғын күннің бал дауысын балдырған
Келдім аңсап естілердей сан қырдан,
Бауырыма басайын деп бауырымдай
Сол заматта кім шықса да алдымнан.

Қарт ана ма, жас бала ма?
Бәрі бір –
Еркелеймін, еркелетем,
Жаны – гүл.
Айналайын алыс жүрген ағайын,
Қай-қайсың да өз бауырым деп таны, біл!

Өздеріңсіз орта менің жыр кесем,
Ұйықтап жатып бәр-бәріңмен тілдесем.
Тіршілікте бақытты да, сорды да
Өздеріңмен бір бөлісіп, бір кешем.

Білінбейді көктегені, солғаны,
Қадірі жоқ шын асылдың қолдағы.
Ауылдағы ағайындар, сендер де
Дәл өзімдей сағынсандар болғаны.

Қайда жүрсем, желеп-жебеп дем бердің,
Мен сендерді Тәңіріме тенгердім.
Ақын болып ел қатарлы жүргенім –
Тілектерің, тілектерің сендердің!

ДОС ТАБУ – ШЫН-АҚ АРМАН

Беу, желікпелім!
Білесің бе, қандай сол серіктерің?
Сен де оларға бір кезде еріп пе едің,
Серт үстінде сынасып, сеніп пе едің,
Өз қаныннан қан құйып беріп пе едің,
Білесің бе, қандай сол серіктерің?

Тіршіліктің қат-қабат қиясында
Сен де олардай жаныңды қиясың ба?
Кеңшілікте екiнiң бiрi серiк,
Тар кезде бiр қауызға сиясың ба?

Дақ түсіртпей балауса бал денене,
Қиналсаң, қуат болып нәр келе ме?
Ойланбай отқа күйіп, суға батып...
Екіұдайда сен үшін жан бере ме?

Айналдырып алардай жұрт аңызға,
Сиясың ба тар кезде бір қауызға?
Достыққа нәр де керек, жарық керек
Онсыз көктеп кете алмас гүл тамызда.

БІР КҮНІ ОТЫРАДЫ-АУ

Бірдеңе тындырғандай мәрә-сәрә,
Тау суы ағып жатыр сала-сала.

Жағада атам отыр ойға шомып,
Баладай елеңдеген тамашаға.

Ертеде атасына еріп келіп,
Қиялын қиянға өрлер серік көріп,
Жүретін қайран күндер оралды ма
Балапан бал-арманға ерік беріп.

Сонда да дәл осылай ағатұғын,
Сонда да дәл осылай жаға тыным
Табардай,
тау суына төсін керіп,
Тамызда жаны рахат табатұғын.

Бала едім,
Көргенімнің бәрі қызық,
Манаурап атар таудың таңы қызық.
Қия алмай отыр тағы атам мүлгіп,
Сол таңға беретіндей жанын үзіп.
Өзінше бұл елеске сенетіндей,
Жастығы қайта айналып келетіндей.
Қызығып тау суына телміреді,
Елігіп өлденені көретіндей.

Көретіндей,
Егіліп көретіндей,
Қия алмай, қиялына сенетіндей.
Сарқырап аққан судан көз алмайды,
Ең болмаса бір елес беретіндей.

Секілді тіршіліктің жолдыаяғы,
Секіріп, тыным таппай қолды-аяғы,
Сарқырап ағып жатыр арман-арна,
Арман-ағыс — тау суы сол баяғы.

Жанымды жылуымен жебеген нұр,
Төтті едің, тіршілік-ай, не деген бұл.
Баяғы өзім құсап атама ерген
Томпандап, Құдайым-ау, немерем жүр.

Немерем жүр —
Қызығым, қуанышым,
Бақ құсым,
Еркелеткен бұла құсым.
«Өгізге туған күннің, біліп айтса,
Күні ертен бұзауға да туары шын».

Арнайы шақырмаса,
Тойға келмей...
Қызығы тарқап-тарап болған елдей,
Оңаша немересін қасына ертіп,
Бір күні отырады-ау ол да мендей.

БАЛ КҮНДЕР-АЙ АҚ ТАҢДАЙ

Місе тұтып үйімізде барды рас,
Шын қуандық келген сәтте алдыға ас.
Тапшылықтың тақсыретін тартпаған
Кеше ғана шолжаң едік қаңғыбас.

Таннан тұрып, түнге дейін доп қуып,
Күрке жасап, дестелеген шөп буып,
Жерден алтын тапқандай боп оралдық,
Асық ұтып алсақ достан көп қылып.

Қандай ыстық күндер еді доп қуған,
Доп қуғаннан асқан сірә жоқ думан.
Құрдастар да жетіп жататын еді,
Аналар-ай айналайын, көп туған.

Тәңір қалай дейміз бізді жарытты,
Көтергендей көтерем мен арықты –
Алпысымда меніменен бір жылы
Туғандардан, думандардан кешегі
Күллі ауылда бір Төлебай қалыпты.

Отыз алты,
Жылдың басы **ТЫШҚАНДЫ** –
Тарландарды тігіреткен тұстарды
Есіме алсам,
ет жүрегім езіліп,
Елестетем қақап тұрған қыстарды.

Талғап атқан, тандап атқан күстарды,
Арыстарды жалмап жатқан мыстанды,
Жалмауыздың басы болған тұстарды
Елестетем,
басқа қандай күш қалды.

Балалық қой, ұға алмаппын көбін мен,
Күн бататын, ай туатын көгімнен.

Күйсе – күйіп, жанса – от боп жанатын,
Тауыстырмай бір-бірінің тағатын...
Қысылмай-ақ сәлем қылып баратын,
Көңіл шіркін шөй орамал сияқты
Жуса болды, кірі кете қалатын,
Керек затын сұрамай-ақ алатын.

Аласармас асқар биік тауым-ай,
Өкпесі жоқ, өне бойы бауыр-ай.
Үйі-күйі күндіз-түні құлыпсыз,
Әй, дәуір-ай, сол дәуірдің тәуірі-ай!
Ақ әжемдей қонақ көрсе құлынымдап,
Барын ала жүгіретін ауыл-ай!

* * *

Шег-шегі жоқ ой-қиял, шектеуі жоқ,
Оралмайтын арманның шептері боп.
Ояу сөтте, ұйықтап жатқанда да,
Қиял қуып, түскенмен көп сарсаңға,
Оған қуып адамның жеткені жоқ.

Арасында сайран-бақ жер мен көктің,
Қырдан астым, қиялмен елден кеттім.
Асан баба таппаған Жерұйықты
Табам деп сан қиырды серуендеппін,
Олар да өткен, күн жетсе, мен де өлмекпін.

Қиял ұшып қиянға барса демде,
Көңіл құсың шарықтап қанша әлемге,
Ұшасың қанаты бар қарлығаштай,
Қонасың шаршап келіп тұғырына,
Үзіліп әлің бітіп талса кеуде.

Бір маған тірелгендей тарыншылық,
Кей-кейде тау шағылып, сағым сынып,
Тастайсың тірлігіннің бәрін сырып,
Қырқылып қиял-қанат топшысынан,
Өлердей қиналамын жаным шығып.

Арманым, шектелмеші, шектелмеші...
Армандаудан адамның кеткен несі.
Оралмайды уақыттың өткен көші –
Бүгініңнен бір мезет түңілсең де,
Алдағы атар танынды жек көрмеші!

Біреуге аға, біреуге іні болып,
Біреуден пәс, біреуден ірі болып...
Жер басып жүрген көптің бірі болып,
Ерденімді есейту — бар арманым,
Ертеңнің есігінен күліп еніп!

ӨМІР

Ақ сағымдай тербелген айналам ән,
Жадырасам, жарық Күн Ай да маған.
Көңілімнен күн аумай тұрса болды,
Жабырқасам, жарықты қайдан алам?

Шалқысам, Күнге барам, Айға барам,
Айсыз түнде адасып қайда барам?
Мені мынау өмірге ғашық етіп,
Арманшыл ғып өсірген қайран Анам.

Аппақ әлем ғажайып сұлу маған,
Тәкәббар тау, мөлдір көл, шырын далам!..
Көкірегіме өні мен сөнін құйып,
Құлағыма жырларын сыбырлаған.

Әнге құмар жанымда, жырға құмар
Әшекейлі өсемдіктің ырғағы бар.
Сол ырғақтан ән мен жыр өдіптеген
Жүрегімнің лүпілін, сырларын ал.

Сырдай сұлу туған соң өңірде мен,
Әнге елтіп, жыр жаттап көңілденем.
Содан шығар, ән-жырдан тұратындай
Мен үшін қымбат әлем — өмір деген.

Кім еріксіз, білмеймін кім ерікті,
Кезі келсе, тас қайнап, мұз еріпті.
Сезім-сәуле көңілге нұр құя ма,
Төңіректі жайнатып жіберіпті.

Төңірегім — саябақ, гәкку-көрік,
Айналама аялап ақку қонып.
Арғы бетке өзіне асығамын,
Айдынында ән тербеп жатқым келіп.

ӨМІР – БӘЙГЕ

Өмір – бәйге, біреуден біреу озып,
Біреу шабан атанар, біреу – озық.
Озғанның да тобында көріне алмай,
Көш соңында салпақтау – өзіме ардай,
Қалың елдің қаптаған ортасында
Тіршіліктің малтасын жүрем езіп.

Көңілім – көктем, төңірегім жайнаған көк,
Содан «дүлдүл» акынға айналам деп,
Дүбілмедім «ағалап», мықтыларды
Жүгірмедім жағалап, ұқтым арды,
Жетіп жатыр менсіз де бәйге алар көп.

Артым да – сән,
Шүкірлік, алдым да – сән,
Пенделікке бойымды алдырмасам,
Өзегімді өртемес, талдырмас ән.
Өз орыным жетеді орта тұста,
Ризамын тағдырым, бақ нұрыма,
Болғаны көш соңында қалдырмасан!

МЫНА ЗАМАН...

Көңілім де өмірімдей жырым-жырым,
Көп адамға жұмбақтай сырым бүгін.
Сыртым сап-сау көрерге, ішім дертті,
Жылап жазған оқиды жырымды кім?

Уақыттан ба, бірінді бірін біліп,
Жатқан жоқсың, әйтеуір, сырыңды ұғып.
Өз өңешін ойлайтын өлмесі үшін –
Әрқайсыңның ішінде жұлынқұрыт.

Бірің ез де мыжыған, бірің қырыт,
Біреуінді жаратқан жырынды ғып.
Бәйтеректің кіріп ап өнбойына,
Бұрандалы бұрғыдай кіл үнгідік.

Ауырсынып нар жүгін қайқандаған,
Сағы сынып ер сөзін айта алмаған,
Іші – өңез, сырт көзге байқалмаған,
Мына заман қай заман, қай-қай заман?!

Пай-пай, заман! Қай заман, қай-қай заман,
Іші толы ібіліс, сайтан жаман!
Ұл өсірген аналар ораза ашпай,
Қайыр сұрап емінген сайқал заман.

Тумысында кім биік, кім аласа,
Биіктікке өркім-ақ құмар аса.
Өзегіне құрт түскен бәйтерегім
Жарар еді тік тұрып құламаса!+

* * *

Тіршілігімнің айтылып жатса бар өні,
Мерейім тасып, айызым да іштей қанады.
Байлығым да бар, бақытым-дағы бар әлі,
Тәңірден әке неге тілейді баланы.

Еңбегім ешке кетпесін, бағым жансын деп,
Көзім тіріде ескерткішім боп қалсын деп,
Қыран боп ұшсын, күйкентай ғұмыр кешпесін,
Мен бара алмаған думан-тойларға барсын деп...

Болжай алар кім бағының жанар, жанбасын,
Белдесер, тіпті сындырар қолын, жамбасын...
Бәрін де көрсін, бәріне көнсін, тағдыр ол,
Өмір сірә да кешіре алмайды жігітке
Арына түссе өшіре алмайтын таңбасын.

Азамат жүгін арқалап, мойынға алғасын,
Сүйреп келеміз тағдырдың тіркеп арбасын.
Екі көзіннің біреуі бірін күндейді,
Еркек болғасын, бәрі де бәрі арға сын.

Қалқан ғып ұстап даланың жусан-қамысын,
Қоян боп ғұмыр кешпедім шыбын жан үшін.
Желге де селге ықпадым, қорқып бұқпадым,
Көтеріп биік өтсем деп елдің намысын.

Жазылар сынса, сыздаса белім, жамбасым,
Арыма тағдыр салмасын кара таңбасын.
Көбейтсем-ау деп жүргем жоқ елде жан басын,
Намысын қорғап өтсінші-ақ мерт боп хан басым,
Еркектікті әкеп еншіме Тәңірім таңғасын.

СЕНБЕЙТІН БОЛЫП БАРАМ

Ойламайын деймін-ақ, ойламайын,
Елге кетіп, онан да қой бағайын.
Амалың не әу баста тағдырымыз
Матап-тіркеп қойған соң ойға дәйім.

Ойсыз, мұңсыз кеудемді қуыс қылып
Жаратпай, қойған оймен туыстырып.
Баз кешіп-ақ кетейін дегенменен,
Іздеп қайта табады тіміскі үміт.

Көз алдымда бүгінім, кешегім де...
Бәрі, бәрі миымның есебінде.
Қол ұшымды біреуге бере алдым ба,
Ауырымды аудардым кеше кімге?

Сері көңіл, кешегі тойлар да арман,
Өткенінді аңсатып қойған жалған.
Ойламайын деймін-ақ, тіршілігім
Не болады ертең күн ойдан қалған?

Орда бұзып, жау шебін ойрандамай,
Бүгін ішіп-жегенге, тойғанға бай
Тоғышардан қорқамын, төңірегімді
Қамалаған құтылам ойдан қалай?

Есті ашығып, есерлер тойған заман,
Жүрегімді сыздатып қойған жаман.
Бәрі қараң, бүгінде бәрінен де
Үмітінді ірітіп қойған жаман.

Ұрғашысы, ойымның еркегі де...
Ұқсап кете береді ертегіге.
Бір ойыма бір ойым қиыс келіп,
Сенбейтін болып барам ертеңіме.

ТӘУБА

Көңілімнің құлазуы бекерлік,
Бір басыма қонған бағым жетерлік.
Ұқса болды жалпақ жатқан өз қаным,
Ұқпаса да шүлдірлеген шетелдік.

Мен шыққан бел асу ма екен, тау ма екен,
Ұқпағандар досым ба екен, жау ма екен?
Оны ойлауға ойым, миым жетпейді,
Аз ба, көп пе, тілім менен ділімді
Ұғатындар барлығына тәуба етем.

ПЕНДЕ ҚАСҚА

Бүгінде ер де басқа, ел де басқа,
Ішіп-жемге, Құдайым берген асқа
Тойынып алғаннан соң, ұмытады
Жылқы мінез жерігіш пенде қасқа.

Наз дейін бе мұнымды, әлде басқа,
Тентіреп көше кезген аз-кем ашқа
Сүйек тастап шұлғытып қояды да,
Тойдырдым деп ойлайды пенде қасқа!..

ТӘУБАМНАН ЖАҢЫЛМАДЫМ

Қаршадайдан ат жалын тартып мініп,
Келгенінше шамамның шалқып күліп,
Тірлікте өзімнің кім екенімді
Ел-жұртыма келемін айта ұқтырып.

Қанша күрес өмірде, қанша майдан,
Бәрін бастан өткердім қаршадайдан.
Кем түтпадым өзімді ханзададан,
Өз үйімді ордан, хан сарайдан.

Өз шамамша ұтылып, ұтқанымды,
Жекпе-жекте жығылып, жыққанымды...
Шамаладым, басқаға қарамадым,
Елден таптым бойдағы құт-нәрімді.

Жалпақ жұртқа ойымды сарқа ұқтырып,
Көрінуге тырыстым шалқып күліп.
Шүкіршілік, тәубамнан жаңылмадым,
Біреулерден кем тұрып, артық тұрып...

БӘРІНЕН ДЕ...

Талай естен танатын жиын болар,
Сол жиынға бара алсаң, сиың да оңар.
Сыртың бүтін ақынсыз, ішің түтін...
Бірақ сенің ұғар ма күйінді олар?

Затың қайдам, даңғара атың қандай,
Жалпақ жұртты қоғаша жапырғандай.
Сиың болса тәуба де, күйің болса,
Қатарыңнан қалдырмай шақырғандай.

Құнсызданса теңгең де тиын болар,
Көңілің де алай-дүлей құйын болар.
Ұша алмаған аққудай қар үстінде
Үсіп жатсаң тобыңнан қалып қалып,
Бәрінен де сол саған қиын болар.

ТҮЛКІ – ҒҰМЫР

Бар қылғанмен адамды адам алдап,
Дарымайды жапсырып-жамаған бақ.
Баз біреулер ұмытып Тәңірісін,
Өзіне өзі күдай бола қалмақ.

Сағат сайын адамды адам арбап,
Көз алдында құбылып-жаңаланбақ.
Өз орнында біреуі күмша шөгіп,
Бой көтеріп біреуі дараланбақ.

Көкежандап, жалпактап ағажандап,
Таптырмайтын туысы болады алдап.
Түлкі тірлік жараңа жара жалғап,
Бірте-бірте жаныңа нала жаймақ,
Көлгірсісе көкірегін жадағайлап,
Алардайсың арынды арам арбап.

Ойлай берсем, өмірім күлкілі кіл,
Тәннің тысқа көрінер жыртығы жүр.
Тындырғаның пісілі-шикілі бұл,
Ай-күннің аманында адастырып,
Қайда бастап барасың, түлкі – ғұмыр!

МЕНДЕ НЕ ЖОҚ

Менде не жоқ, бәрі бар,
Азаматтың ары бар,
Қазағымның қаны бар,
Әз атаның жаны бар,
Қиятындар жақсыны
Ақын дейді танымал,
Соның бәрін ұмытсам,
Намысымды жанып ал,
Таны, ағайын, танып ал.

От шашатын көз де бар,
Топка ататын сөз де бар,

Айбарым бар, сұсым бар,
Дауаң жетсе, көздеп ал,
Бір кісілік бой да бар,
Ақыл да бар, ой да бар,
Құятындай көзге нәр.

Жаным сүйген жар да бар,
Қырмызы жүз, қынай бел.
Қияға сап өз-өзін
Қиындықта сынайды ер...
Ұлым да бар, қыздарым
Иман жүзді, ибалы.
Қызығумен қарайды
Барлығыңа былайғы ел.

Құдай қосқан қосақпен
Бір тұрамыз, бір жатып
Бірімізге біріміз
Сыйластықпен тіл қатып.
Ерте демей, кеш демей,
Ағайынды қарсы алып,
Бәйек болып жүреді ол
Шамасынша жан салып.
Мына фәни жалғанда
Соның өзі бір байлық,
Жеткізердей арманға
Таптырмайтын бір бақыт.

Көңіліміз тоқ, әйтеуір,
Кедейміз бе, баймыз ба,
Патшамыз ба, ханбыз ба,
Әлде жақыбай-жаймыз ба,
Тиянақсыз тірліктей
Табанымыз тайғанақ,
Қорқақтаймыз тайғанап
Кетеміз деп қай мұзда.

Арым мөлдір таза ма,
Әлде айғыз-айғыз ба?
Сұқтанбадық сұғынып
Қай сұлуға, қай қызға.
Енді санап басамыз,
Қадамымыз өлшеулі,
Тосып тұр деп сұм ажал,
Қай қылтада, қай құзда...

ӘЛІМСАҚТАН

Қызығамыз, не керек,
Шекпенге де, шенге де.
Көңіл шіркін ебелек,
Болмаймын деп мен неге?!
Байлық та бар, бақ та бар
Талайларға армандай.
Тек бірдеңе жетпейді
Басы жұмыр пендеге.

Сендей бола алмадым,
Айналайын, мен неге?
Мендей бола алмадың,
Айман-айым, сен неге?—
Деумен кейде біреуді
Біреу күндеп жатады.
Деумен біреу біреуді
Күнде жүндеп сатады.
Байлық та бар, бақ та бар,
Көңіл шіркін тоймайды.
Күрдасындай қақпақыл
Өмір кіл-кіл ойнайды.
Түсінбеймін әрнеге,
Ойы орта, кенде ме,
Әлімсақтан әлдене
Жетпейді ылғи пендеге!..

ЖАРАЛЫ-АҚ БОП ӨТЕЙІН

Жаксы ағалар, қамқоршы, жанашырлар,
Дарасындар, әрқайсың данасындар.
Аға деген бір ауыз жылы сөзде
Қаншама үйлесім бар, жарасым бар.

Үйлесім бар қаншама, жарасым бар,
Алыстан бой көрсетер дара шындар.
Көлбендеген көбелек көңілімді,
Ғаламат, сәтте баурап аласындар,
Барған сайын жақын боп барасындар.

Биігірек көтеріп дем берерге,
Туған аға болмады менде, менде...
Жоқтаттырмай, жанымды жабырқатпай,
Ризамын сендерді берген елге.

Оқи-оқи таптық қой білім жағын,
Кім өзгертер тағдырды, ғұмыр заңын.
Тумаса да туғандай қамқор болған
Сендерді берген елге ризамын.

Жаралы-ақ боп өтейін, жаралансам,
Тағдыр-бөрі күшіктей талаған сан.
Бәз біреулер оқ атып отты көзден
Шошытатын жақындап бара қалсам.

Жаралы-ақ боп өтейін, жаралансам,
Көп нәрсеге бәрібір ауар аңсам.
Жөн таппасам, жерім жоқ басқа барар,
Мен бөріне ризамын, жақсы ағалар,
Іздеріңмен жүрейін шамам келсе,
Іні боп ілесуге жарай алсам.

ҚАЙДА ҚОЯМ

Ертеңге ертең қайтып көк өспей ме,
Балауса балқұраққа теңеспей ме?
Кім тоқтау бола алады тіршілікке,
Тас та оған тосқауыл емес кейде.

Құбылыс, кім шығармақ барын естен,
Гүл көрдім тас кеудесін жарып өскен.
Өзі болып-толған соң тез ұмытар,
Сақта, Құдай, бос кеуде, жарым естен.

Адамды алдандырар елес кейде,
Жақсылық жамандықпен тең өспей ме?
Заматта тәубасынан жаңылдырып,
Көзіне көрсоқырдың шел өспей ме?

Бір күнім ұмыттырып бір күнімді,
Үлде-бүлде жабады тыртығымды.
«Бас сынса – бөрік ішінде» дегенменен,
Қайда қоям жаңдағы жыртығымды?

Жоқ та ноян сырт көзге, бар да ноян,
Азаматқа ар қымбат, арман аян,
Көп ойлардың уы бар, жанға жаям.
Шіріп кеткен сыртымды бүркермін-ау,
Іріп кеткен ішімді қайда қоям?!

Өлең — менің өмірімнің бөлшегі,
Тірлігімде жеткізбейтін жол шегі.
Өлең — менің көңілімнің айнасы,
Болмысымды елім танып-көрсен еді.

Өлең — менің таусылмайтын мұң-зарым
Жетім өскен, жетім өскен жылдарым.
Өлең — менің еңсегейлі ертеңім,
Қуанышым, ұлым менен қыздарым.

Бірде толып, бірде солып көнерген,
Нәр ап, тарап жапырақ жайған, көгерген,
Топыраққа терең бойлар тамыры
Тағдырымды бөле алмаймын өленнен,
Сол тамырым нәрсіз қалса, өлем мен.

Өлең — менің өмірімнің бөлшегі,
Толған, солған көңілімнің өлшемі.
Айналайын елім-жұртым көгеріп
Көктегенімді ұзағырақ көрсен еді.

ОН БІРІНШІ ҚАРАША

Он бірінші қараша, жапалақ-жапалақ қар жауды,
Төкті Тәңірім төбеден мөлдіретіп маржанды.
Алғаш жауған ақша қар қыстың хабаршысы ғой,
Әбіржітіп тастады бейқам жүрген жандарды.

Отын керек үйіңе, малға азық-шөп керек,
Жаздағыдай жайылып еркін жүру жоқ, демек.
Шақырусыз қыс-құда келіп қалды күттірмей,
Қалай кінә артасын Тәңіріңе өкпелеп.

Қыс та, жаз да, көктем де, күз де өмірдей өткелек,
Тірлігінде бірде аз, бірде михнат көп, демек.
Соның бәрін бажайлап үнсіз мүлгіп-қалғыған
Міз бақпайды, өнекей, ауладағы көк терек.

Біздей емес, ол тіптен желге-селге қыңбайды,
Көңіліміздің күй-жайын қалғып тұрып тындайды.
Көкірегін кернеген қуаныш па, кім білген,
Әлде мүжіп жатыр ма іштей жеген мұң-қайғы?

Тебіренте ме табиғат тебіреңткендей адамды,
Тербете ме бір мезет аспандағы Күнді, Айды?

Қыста калғып, көктемде оянады қайтадан,
Тірлікті ол да адамдай ұнатады, айтады өн.
Ұғып жатқан жандар аз, пендеміз ғой өтпелі,
Көк теректің жай-күйін кім бар біліп-байқаған,
Теңіздердің тербетіп тыныштығын шайқаған.

Көк терек-ай, көк терек, көк терек-ай, көк терек...
Тірлігінде тоймайды пенде-көңіл, көп керек.
Ал сен болсаң адамның пиғылына қайран қап,
Жүргеніне тайраңдап тұр ма екенсің өкпелеп,
Шығып алып шеткерек.

Өкпелеме, қайтесін. Тәңірім солай жаратқан,
Бар ғұмыры жаралған секунд, минут, сағаттан...
Көш-керуендей тынымсыз тоқтамайды бұл сапар,
Бір толқынды бір толқын қуып жетіп, әрі аққан —
Арпалысып баратқан.

Қар жауып тұр себелеп, басылған жоқ әлі-әлі,
Ашылған жоқ телегей, ырыс болса жарады.
Жылдың ғажап мезеті, айдай аптақ ажары
Таусылмайтын тілектей қардың да әсем бар әні.

Төңіректе қараңғы, атпағандай таң әрі,
Бағандардың басында шамдар өшіп-жанады.
Шал таңырқап тағы бір терезеге қарады,
Сәл жабырқап кемпір де жұлдыздарын санады,
Алда қанша тағы да атар таңы бар әлі?

Кештен таңға ұласып себелеп тұр қар әлі,
Ат жалына жармасып уақыт кетіп барады,
Түннен күнге алмасып бақыт кетіп барады,
Жаңбырдың да, қардың да таусылмайтын бар әні,
Оралғанша тірліктің жадыраған жамалы,
Қашан, қашан келеді көктемі мен самалы?..

ЖЕТПЕЙСІҢ ҚУЫП АРМАНҒА

Ыстықта күйіп, суықта жаурап тонғанда,
Табаның тайып, жүргенде ғайып жолдарда
Ертеңгі күннен қашып құтыла алмайсың,

Анау да керек,
Мынау да керек тірлікте,
Тағдырынды Тәңірім таңып қосқандай қыл жіпке,
Мұнаяр тұста күлдік пе?
ЖЕР көтергендей қайсарлықпенен әлі де
КӨК ӨГІЗ кеуде келеді шыдап бөріне,
Зілмауыр салмақ желкесінен түспей күндікке.
Қалауың білсін –
Әзіл де, еркін, шындық де,
Күтіп тұрғандай қойылар соңғы бір нүкте.

Шаршама деймін өзіме өзім, шаршама,
Тартқан жүгі ауыр,
Шүйдесі жауыр...
Жеткізер екен қаншаға?
Жылдары жемір,
Тозардай темір, қарағай, емен, арша да...
Өтпейді қанжар қаншама қайрап салса да,
Тәлтіректеумен келеді арып-талса да.
Сүрінер жерде сүрінбей,
Мүдірер жерде мүдірмей
Тәңірім жебеп, келеді демеп ар, сана!

Жамалған жүрек –
Тамтық жоқ, құрақ-құрақ па,
Ақыны деген казактың жұбап күр атқа,
Көрі киіктей ымыртта құлап суатқа,
Келеміз жәймен төменге қарай төбедең,
Көреді көңіл, көреді бәрін көреген.
Мезгілсіз мерт қып,
Егілтіп бірақ жылатпа,
Егілтіп бірақ жылатпа!..

БАҚ ТІЛЕ

Отыз алтыншы жыл, бесінде тудым маусымның,
Талайын көрдім тәкәппарсынған «тау-шыңның».
Сарқыншағындай анадан туған қанша ұлдың,
Сандалып қалдым, қажалып-қажып, таусылдым.

Мұңға бергісіз сырыма бір сәт құлақ сал,
Өрнегім менің – дүниеде жоқ жұмақ шәр.
Ауылға барам – алды бар және арты бар,
Ал отыз алтыдан күрдас деп айтар бір-ақ шал.

Жүрген жерімді есік те демен, төр демен,
Кезім де болды өрге шапшыған, өрлеген.
Анырамасам да ағаларымды айтып көрмеген,
Екі інім екі қанатым еді сермеген.

Ағасы емес, әкесі болған жандай ем,
Олар жүргенде, мамырлап атқан таңдай ем.
Жүрегімді ылғи сыздатқан ашық жараға
Ағайындар-ау, айта аласындар қандай ем?

Көп болып па еді тасыр күндерім тасыған,
Жігерім мұқап, тауым шағылып, басылам.
Күпірлік болар аз ғұмыр кештім дегенім,
Асып барамын пайғамбардың да жасынан.

Ішімде алау, көретін көзге сыртым сау,
Жамау да жамау... қаусырып тұрған кіл құрсау.
Ұмыттырардай іштегі у мен зәрімді,
Жадырататын жанымды жайсаң жыр туса-ау.

Ой, ой, ой...
Пәлі, таусылмайтын бұл ойларды-ай,
Тірлігім – думан, тарқамайтұғын тойлардай.
Өзімді өзім сезінем қуыс қурайдай,
Қауқарсыз, бірақ сыртынан сырлап қойғандай.

Қайғысыз, қамсыз тұрғандай алда бәрі өзір,
Еңсені басып, көтертпей бойды нала зіл
Тұрса да кейде, дым сезбейтұғын меніреудей,
Сөзің де алдамшы, өзің де алдамшы, әзәзіл.

Адам боп өстік дейтіндей жұртқа «БАҚ міне!»
Дос болсаң адал, тілегінді айтар ақ тіле.
Тәңірім берген сөйлейтін тіл мен жақ міне,
Соғыс кезінің сормандай өскен баласы ек,
Тісіміз тимей, телміріп қарар төттіге.

Жетімек едік телміріп өскен төттіге,
Уа, Тәңірім, мынау құйтырқы заман өккі ме?
Құйтырқы кезде бәрін де көріп тойдық қой,
Байлық қимасаң, пендене сәл-сәл бақ тіле!

БІЛЕ АЛМАЙ СОНЫҢ...

Көңіл — ақ қайың, тірлігім — зәулім қара емен,
Жүремің мүлгіп жандағы мың сан жарамен.
Тамырым қаңсып қалмасыншы деп тартылып,
Зәмзәм нәріндей ойыма демеу дәрі егем.

Таң тауығымен жарыса тұрып сәріде,
Көшеге шығам, қарамай қуат-әліме.
Өнбойым әбден үйреніп алған инеге,
Құятын нәрдей илігіп бәрі-бәріне.

Ән-күй елтітіп, қарсы алам солай әр танды,
Тым кәрі де емен езетін ботқа-малтамды.
Тілімнен кейде запыран аралас у шықты,
Уытын алар алдамшы төтті бал тамды.

Ғаламат өлем әрі тар мынау, әрі кең,
Кей-кейде қашып құтылсам дейсің бәрінен.
Қалтандап соның соңынан ерген иттейсің,
Өнебойынды толтырып алып дәрімен.

Жас та емессің желкілдеп тұрған желегің,
Мас та емессің бар дердей кімге керегім.
Әрі-сәрілеу күн кешіп жүрген жандаймын,
Біле алмай соның ебеп-себебін, дерегің.

АРМАН

Көктем келген,
Жаз келген, күз де келген,
Астық талай қиялап күз-белеңнен.
Тоят таппай Жамбыл да ЖҮЗ дегеннен,
Өмір бойы арманын іздеп өлген.

Маған да арман бұл ғұмыр, саған да арман,
Арман қуу үшін де жаралған жан.
Арман бітсе, тіршілік қараң қалған,
Шын бақытты арманын таба алған жан!

ЖАЙЫМДЫ ҚАЙСЫ БІЛЕДІ

Тұра тұр, құлыным,
Тұра тұр өзін сөйлемей —
Қызықтап бәрі балдырлата ма, қой демей.

Қайтейін, бал-бұл тіліңе мен де қызығам,
Қызғана жүріп үйдегі ұлым, қызымнан...
Сөйтсе де, тағы қайсыбір суық көздердің
Сескене берем сұғынан, суық сызынан.

Сескене берем,
Елуге жасым жеткенде,
Ата боп осы немере сүйген тек мен бе?
Ботаны бүркеп жабулап қана ұстайтын
Атамдай әлде ырымшыл болып кеткем бе?!

Күледі маған,
Ұл-қызым бәрі күледі:
— Атасы-ау, сонша жаманың мына кім еді?! —
Дейді кеп шіркін,

қытығыма әдей тигендей,

Итгер-ай,
Менің жәйімді қайсы біледі.

Атасыз өскен әкелеріңнің тілегі —
Ата боп көру көп арманының бірі еді.
Ақылдары — көзінің алдында жүрген күшіктер
Күледі,
Бірақ жәйімді қайсы біледі?!

* * *

Көктем тұрмақ, жаз тұрмақ, күздің де арман,
Көз тұнады бүгінде қызыл қаннан,
Жасамайсың «ерлікті» қызынғаннан.
Көзді жұмып барасың бәріне де,
Қаның әбден қарайып бұзылғаннан.

Өне бойың өртеніп, бұзылған қан
Басылар деп, кашасың ызындардан.
Өмір деген соқпақтың әр тұсында
Жақсы, жаман... әйтеуір, ізін қалған.

Ер ер боп атала ма елді сүймей,
Қарасан, әулиең де тең кісіндей.
Мынау менің жанымның жыры, сыры...
Тірлігімнің таусылмас белгісіндей.

Көңіл де сол — сен аман, мен аманда...
Бәрін жырмен жеткізіп бере алам ба?

Кейбіреулер Тәнірдің кенже ұлындай,
Мына фәни жалғанда сене алам ба,
Мына фәни жалғанда сене алам ба?!

ДҮНИЕ КӨЗ АЛДЫМДА

Ойға түсем,
Жармасып жарға шығам,
Тағдырым ауыр құйған қорғасыннан.
Көктемнің ауа райы секілденіп,
Көңілім бұзылады болмашыдан.

Күліп тұрып жылаймын заматында,
Үрлеп қайта маздатам жан отын да,
Арманым от пен судың арасында,
Самғауым самұрықтың қанатында.

Ұшып барам – білмеймін қай биікте,
Төбемнен шапақ шашып, таң күліп пе?
Жазмыштың не жазарын жан біліп пе,
Тірлігімді тұқыртып жоятынын,
Қоятынын мәңгілік соңғы нүкте.

Күлуден де кажимын, жылаудан да,
Мақтаудан да сазимын, сынаудан да...
Біріне де елігіп-елтімеймін,
Көкірегімде құрысқан қырау бар ма,
Күн ауған ба төбемнен, шың ауған ба?!

Улар, булар жаныма жара жайып,
Ойымды орап алған ба,
О, ғажайып!
Сұлуларға сұқтанар отты көз жоқ.
Әлмен бірге бара ма бәрі азайып,
Қатын ғайып, немере, бала ғайып!..

Тірі жүрмін дейсің тек өлмегесін,
Кім айдаса, бұйдасыз ерген «ерсін».
Майып болған майшамдай жарығын бар,
Өлеусіреп жанасың сөнбегесін.
Ұзынның да шектеулі шет-шегі бар,
Шайтан болып кетсең де, көрге енесін.

Көресін бәрін-бәрін көр деген соң,
Сақалыңды сапситып төрге өерсің,

Емделерсін, дәтіңе дем берерсін,
Жел желпісе, тербеліп сәмбі талдай,
Еріннен ауа жаздап жөнделерсін.

Ән дүние — кең жазира күрке есеп пе,
Қарттық па, құлақ түріп қырт өсекке,
Түн бойы ұйқы көрмей, депбекшисін,
Кемпіріңмен сия алмай бір төсекте,
Қырсығың жүк болардай қырық есекке.

Ұйқы жоқ, неткен ұзақ тандар еді,
Кімдер бар күтіп тұрған алда мені.
Тығырық тіреп қойып жарға мені,
«Мінекей, — дейді, — Елімнің ардагері!»
Тілдері тіліп түсер майда ма еді?!

Асылдар таңда туып, таңда өледі,
Масылдар көп жасауды сән көреді,
Шемендей батар шөгір-шөңгелері
Білмеймін ЖҮЗДІҢ кімге бар керегі.
Боздақтар боздап өткен бәз ғұмырдан,
Аз болып көргенінен көрмегені...
Шыңырау шыңға айналып ер дегені,
Дүние көз алдымда дөңгеледі...

ЕСІЛ КӨҢІЛІМ

Ән азайып, өмірде сән азайып...
Алаяқтар жанымға жара жайып,
Зұлымдықтар сүліктей сумаң қағып,
Жақсылықтың барады бәрі азайып.

Ірбін-кірбін кірлетіп көңілді аппақ,
Жалынымен жайлады өңірді аптап.
Бүйі шағып алардай жиырыласың,
Табаныңның астынан шөгір қаптап.

Күндеріңнің құтынан жұты басым,
Жұты басым, қылғынып жұтынасың.
Ен дарияның ішінде шөлің канбай
Тұрғандайсың, қайткенде құтыласың?

Тірлік керек, бұл тірлік неге керек?
Сұрап көрші, зекісін: «Немене?» — деп.

Қанға біткен қазына-байлық-ау деп,
Жатқан жан жоқ талантты елеп ерек.

Тірлігінде төбе де, тау да көрдің,
Басын талай күтқардың даудан ердің.
Еркіндігін қорғаған жаудан елдің
Батыры мен қазақтың ақынынан
Бағасы артық бүгінде саудагердің.

Намыс жыртар кімің бар, кімің қалды,
Жөн айтты-ау деп кім елеп, тіліңді алды?
Сөзін қойып, абыздың өзін де ұқпас,
Есіл сөзің есерге шығындалды.

Несін білдің оның да, несін көрдің,
Түйіні жоқ шешім мен кесімдердің.
Талайынан торығып, түңілгендей
Қалмады ма емексіп есіл көңілін.

БАЛАЛЫҒЫМ-АЙ

Қанты көп дейді, бұл не, бұл тәтті өмірден бе,
Бала боп едік дүние қат көрінгенде.
Алпыстан аса анау да, мынау да қантты –
Бәрі әлде соның шалқыған «шат» көңілден бе?

Ит басына іркіт төгілген күндерде жұмақ
Суық күнің де көрінер біздерге жылы-ақ.
Тәттіге тоймай тарығып өскен басыңмен
Қантым артық деп барарсын кімдерге жылап.

Бала кезінде аңсаған тәттіні, балды...
Тата алмай енді «шаршаған» шақ күнің қалды.
Бөріне бүгін саулығы жетіп тұрса ғой –
Көтеріп кетер адамның мәрттігі нарды.

Алдамшы ғұмыр, шектеулі қуаныш, қайғы...
Өмірің дағы сылдыр су – құр ағыстай-ды.
Тәтті мен ащы алмасып қас қағым сәтте,
Бірі жақындаса, жылыстап бірі алыстайды.

Қуаныш, қайғы... қас пен көз аралығындай,
Ол да алдамшы, күдікпен қарадым ұдай,
Шоқ басып алғандай ашиды табаным ұдай,
Бірін де соның ескеріп-елемейтұғын

Шалдуар шағым — кинайтын шала күнім-ай,
Алыс қалса да, қимайтын балалығым-ай,
Алыс қалса да, қимайтын балалығым-ай,
Балалығым-ай!..

АБАЙ ТҰРМАҚ

Тозайын деп тозбайсың-ау, тозбайсын,
Оймен мүжіп, қайдағыңды қозғайсын.
Жырасы көп, ұрасы көп жолыңның,
Озайын-ақ дейсің, бірақ озбайсын.

Бір озбайсын, екі озбайсын, озбайсың...
Айтарың көп, түгеседі сөз қайсын?
Оздырмастар оздырмасын ұққан соң,
Бозінгендей боздайсың кеп, боздайсын,
Енді қайтып өңешінді созбайсың!

Сырты сырлы, су жүкпастай ажарын,
Тойын тарқап, ойыңның да азарын
Білесің-ау, білген қиын дүниеде
Тарта жүріп ақылдың сор, азабын.

Төңірек тыныш, құлағыңда азалы үн,
Көрмеймісің хикіметтің ғажабын?
Сәні азайып, мәні кеткен тірліктей
Азаяды онсыз-дағы аз әнің.

Сұлуларға көп-көп ауған назарын
Тым-ақ ерте тарқатқандай базарын.
Ой көбейіп, ұйқы азайып, амалсыз
Өгізаяң маужырайды жазарың.

Жүрегінде — дүниенің дүбірі,
Құлағыңда — сыпсыңы мен сыбыры...
Төңірегінде — біреуінен бірі ірі,
Ірілердің кімісі ұлы, кімі ұры?
Айыра алмай сарысы ма, қызылы,
Көңілдің де көбейеді қыжылы.

Қаптап кеткен тамам кедей, тамам бай...
Кінәм жоқ-ау біріне де тағардай.
Жүргендеймін ұстараның жүзінде,
Арасынан өтетін жол таба алмай,

Қияметтің қыл көпірі,
Ой, Алла-ай!

Тозар бөрі, тек айла-амал тозбайды,
Айта берсем, қайдағымды қозғайды,
Өлең — қайғы, өнер — қайғы, сөз — қайғы...
Мұздан, сыздан салқындаған жүрегім
Отқа салсам, бұрынғыдай қозбайды.
Өлгеннен соң көтерілер еңселер,
Бір жақсысы, тірлігінде озбайды.

Өмір — шатақ, айналанды абайла,
Кім бар, кім жоқ — алды-артынды тағы ойла.
Басқан ізін, қашқан ізін — бөрі айла,
Сауысқандай айналаңа қарайла.
Көрден шығып, жыр жарысқа қосылса,
Жүлде ала алмай қайтар еді Абай да,
Абай тұрмақ, Кұдайыңа ел қарай ма!

ҚОС ПЫРАҚ

«Таңды» оқып ем,
Шұғылалы таң атқандай,
Бар шуағын дүниеге таратқандай.
Айдай жүзін Мұханның нұр аймалап,
Сезімді селт еткізіп қаратқандай.

Сәуле шашып күллі әлем жанданды ма,
Жанданды ма, тірлікке қамданды ма,
Ғаламат күдіретке таң қалды ма?
Мұханның түпсіз терең жанарынан
Сыр оқыдым шежіредей «Таннан» мына.

Көңілім кір шалмаған парақтардай,
Тебіреніп қалам алдым, қарап қалмай.
Жүрегімді тербетіп жыр-періште,
«Таңмен» бірге әдилеп оятқандай.

Сонау биік «Шолпанның» сәулесі ме,
Мың құбылған уақыттың әуресі ме —
Өлім тілеп күйініп-күңіренген
Қорқыт-тағдыр Мағжанды салды есіме.

Күңіренген мұң мен шер өн, күйі ме,
Шым батырып барады жанды иіне.

Мағжанды орап алғандай жөргегіне,
Ұйытып бақи дүние әлдиіне.

Жарасып біреуінен бірі аспандай,
Жарасып «Шолпан» «Таңға» ұласқандай,
«Таң – Шолпан» боп көрінген нұрлы дүние
Көз алдымда биіктеп шың асқандай.

Көкірегі нұрланған шапағаттан,
Әке – үлгі ұрпаққа, ата – мақтан,
«Таң – Шолпанның» нұрындай атады ақ таң.
Сол ақ таңның қауырсын қанатында
Мұхтар – Мағжан жарысып көз ұшында,
Жарысып қос пырақтай қатар аққан!

АДАСЫП ЖҮРГЕН ЖАЙЫМДЫ-АЙ

Бұлақ көзіндей ашылып мөлдір жыр-тұма,
Өндіріп жаздым, көндіріп жаздым ырқыма.
Айтсам-ау деген ойымды көпке жеткізіп,
Өрімдей әсем өлең ғып өрдім жұртыма.

Шарладым оймен қырларын қиян-қиырдың,
Пернесін басып құбылған көңіл күйімнің.
Жат ойлар келсе, тебініп-тарпып күйіндім,
Жақсы ойлар келсе, сәбилей шалқып сүйіндім.

Басы асау ойлар илікпей кейде ырқыма,
Шырмалап алды шайтандай қырты, шырты да.
Тірлікте мынау жасадым миллион-мың күнә,
Соны айтып қалай арыла алармын жұртыма,
Айта алмай қалса, ақынға ол да бір күнә!

Кездерім талай біреуді сынап-сыбаған,
Сезбедім қалай, сезбей қала ма сірә адам?
Періште көңіл пері боп кейде көріндім,
Бәрінен таза жүре алмайды екенсің дін аман.

Фәни жалғанда ертегі-жырдай аңыз көп,
Ыстығын күннің бөлмедім шілде, тамыз деп.
Күнәм болса егер, көбіне білмей жасадым,
Құран баспадым қарыным ашып нан іздеп.

Ақ пен қараның арасын ашып-айырмай,
Қожыратып біттім ойлардың бетін қайырмай.

Арыла алмай шайтан-күнөдан бәрібір,
Шатасып бір дем, адасып жүрген жайымды-ай!..

* * *

Шашылып келем, басылып келем жылма-жыл,
Тасынып денем, қосылмай қойды жынға жыр.
Діттеген жерден шығады дейсің кім қазір,
Оңа алмай жүрмін, бола алмай жүрмін күнде өзір.

Бұлыңғыр тартып, көрінбей қойды Күн де айқын,
Әндерім әрсіз, күйлерім нәрсіз тындайтын.
Арынды шақтар серпіліп сағы сынбайтын,
Бәрі де бәрі жуасып кеткен секілді,
Жырым да қазір қарттықтың жыры жырлайтын.

Асау қан ыршып ойнамай қойды денемде,
Тулақ тұлпардай ілбіген көшке ерем бе?
Атылған айға арыстан-көңіл басылып,
Сенбейтін болдым өзімді Есләм дегенге.

Арыны шөгіп, жалыны сөніп басылған,
Қызылын гүлден, қызуын Күннен жасырған,
Көктемнің нәрі, өткеннің бәрі елестей...
Қолапта сынды суынып түскен жасыннан.

Қайнаған ғасыр, айналам жасыл жаңарған,
Айдай әлем де қайтадан туып жаралған.
Армандай өсем бұлбұл боп ұшқан жанардан,
Ақ айдын үсті аққулар өсем таранған.

Сұлулық қандай, сұқтана қарап қимайсың,
Өзінді өзің қамшылап тағы қинайсын.
Көңілді небір күй кернеп кеткен кездерде
Тасыған судай арнаға қайтып сыймайсың.

Сол көңіл қайта қалады сәтте басылып,
Бұлғыр бұлт сынды Күн көзін қойған жасырып.
Төбеден төмен түскендей тепең қағасың,
Аптыққан жандай қарттыққа қарай асығып.

ӘЗІЛ-ШЫНЫ АРАЛАС...

Бұл ғұмыр әрі қаңтар, әрі тамыз
Болған соң, сан ұтылып, сан ұтамыз.

Батпайды тірілерге тырнағымыз,
Өлгендердің көкесін танытамыз.
Жалғанда толтырарсың жоқты немен,
Осы да дүниеден өтті деген.
Талайлар «тар тамықта жатыр күйіп»,
Тірлігінде кеудесі көк тіреген.
Әз кезінде Кұдай да, пайғамбар да,
Дүниеге құлашын жайғандар да...
Қанды ауыз қорқаулардың жемі болар
Қорғансыз аруаққа айналағанда.
Менің де көкірегім толы ән еді,
Жарытпас «жұмақ-мекен» – мола мені.
Артымнан әркімдерге сөз айтқызбай,
Өлмей-ақ жүре берсем болар еді.

ЖЫЛАУЫҚ КҮЗ – ЖЫЛАУЫҚ ҚЫЗ

Жылауық күз,
Жылауық күз секілді жылауық қыз.
Бықсып жанған іштегі шер-шеменді
Босатып алайықшы бір ауық біз.

Күн жылайды,
Күн жыламай, күз келсе, кім жылайды.
Алмағайып заманда жөн таба алмай
Жүргендер көп, томсарып тұнжырайды.

Жанымда күз,
Бірақ ішім өртенген жалын нағыз.
Бүгінгімнің бәрі де кіл құпия,
Таптырмайды тарихтан табылған із.

Біреу ұғып,
Заманның ағымынан біреу бұғып
Қалады, ішімізде ит өлгендей
Сыр ашпайтын дүние кілең құлып.

Жылауық күз
Секілді бәріміз де жылауықпыз.
Соқырішектей жарылып кетпес үшін,
Шер шығарып алайық бір ауық біз.
Келші бермен жақындап, жылауық қыз!

КЕШ ҰҒАСЫҢ

Уақыттың сескентпейді сесі кімді,
Ағанның алпыстарда-ақ есі кірді.
Бір жүріп дос пен кастың айырмасын
Мандайын тасқа соғып кеш ұғынды.

Ғаламат, бір көрмеге шын-ақ бәрі,
Арайлап көкжиектен шуақ таңы,
Кұбылып қас қағымда кете берер
Арманның қол жеткізбес мұраттары.

Дүние жалған, қыр-сырын ұғар қайсын,
Жел үрлесе, шайқалып құлардайсын.
Кешегі жүрген жолың — ұлан асу,
Тырбанып төбесіне шыға алмайсын.

Аздай ма елде қағылып, соғылғанын,
Тірліктің түсінбейсің көп ырғағын.
Көре-көре қиналып соның бәрін,
Ұғардайсың болғанын сорың қалын.

Солай, солай... тірліктің сесі басым,
Өзіңде жоқ, кім сенен не сұрасын?..
Малынған, шалынған көп күндеріңді
Мәреден өтіп кетіп, кеш ұғасың.

* * *

Тірліктің құты қандай, жұты қандай,
Бірде ұтсаң, енді бірде ұтылардай,
Жолыңның қай тұсында ұра, жыра,
Амалың бар ма қашып құтылардай.

Қабарып қабағынды шытынардай
Жөнің жоқ, пешенеңнің құты бардай,
Өмірі түзу жүріп, түзу келем
Сәждадан бас алмаған сұпылардай.

Ұта алмай, кейде тіпті ұтыла алмай,
Тұмар ғып адалдықты тұтынардай,
Соңғы кезде кіріспей керіске көп,
Кеткендеймін кәдімгі періште боп,
Қорғамай ма екенсің сұпыны, Алла-ай,
Болмайды екен азырақ жұтып алмай...

ІШІМДІ АШЫП КӨРСЕҢ...

Бір емес, болған екі іні менде,
Жарқырап жанатын-ды Күнім елде.
Жеткенше құрақ ұшып асығушы ем,
Көңілдің қалды солып гүлі демде.

Бір емес, болған екі іні менде,
Тұтас жүрсе татырдай ірі деуге.
Жаның бөлек, ілесіп кетпеген соң,
Сүйретіп жүреді екен тірі кеуде.

Айналам бар, жалғыздық сезбегенмен,
Аға іздеймін қиналған кезде дем-дем...
Арқа сүйер адамың болмаған соң,
Айдындағы ескексіз қайықтайсың,
Ешкіні — апа, текені жезделеумен.

Көлім мөлдір, суым түп-тұнықтай-ды,
Тек сырт көзге кім ұғып, кім ұқпайды.
Ішімді ашып көрсен ғой, алау-далау...
Көкірегімде тұрғандай тұнып қайғы.

ҮЗІЛМЕЙДІ ҮМІТ

Фәни тірлікпен қоштасар сәтте де әлсіреп,
Сандырақ ойлар біріне бірі қайшы кел,
Жүретін жолын айқындай алмай адасар
Ақылды көп пе, ақымақ көп пе — қайсы көп?..

Тарам да тарам... көп еді неткен ой қандай,
Болдық-ау осы ойлардан мезі тойғандай.
Жамандықты да, жақсылықты да жасаймыз,
Біріне бірін жау қылып өдей қойғандай.

Алатын жанын алатын Тәңірім алсын-ақ,
Дейсің-ау кейде шатасып ойдан сансырап.
Мең-зен боп басың, көзіннен жасың тамшылап
Жатқаныңда да үзілмейді үміт — шамшырақ.

* * *

Ел жазады кітапты, мен де жазам,
Мен жазсам, көрінбей ме елге мазаң?

Менің айтқан әндерім жәй әншейін,
Оның айтқан әндері «ең ғажап» ән.

Ән – ән емес, ол менің көңіл жаршым,
Барға риза, демеймін жоғымды алсын.
Жеткізеді ол күні ертең мен өлгенде
Күйге тұнған кеудемнің қоңыр даусын.

* * *

Секілді қан ойнаған тамыр-сынап
Бәріне де төзесің жаның шыдап.
Арпалыс өмір үшін алмағайып,
Біреулердің алады қанын сұрап.

Айтулы ел ағасы, арыспын де,
Біреуге жақын, біреуге алыс мүлде...
Адамдар адамдарға қан береді,
Жан береді жатқан соң әл үстінде.

Ойнайды дірілдеген тамыр-сынап,
Шықпаған жан жатады әзір шыдап.
Қан беру өз алдына, кей туысың
Кірмейді бас көрсетіп халің сұрап.

Бәлкім, бұл жайбарақат, қатыгездік,
Жарыста жан қинамай, жатып оздық.
Екіұдайда қайрылып хал сұраспау –
Асырып айтпасақ та, пақыр, ездік.

Құдай-ау, көңіл құрғыр неге мұнды,
Жырлаудай жырлап келем мен елімді.
Жарқырап Күн шыққандай болады екен
Білгенде біреулерге керегінді.

Көңілің жұрты көшіп кеткен елдей,
Көрінесің тобыңнан шеттегендей.
Ел ақын деп айтса да, бірдеңелер
Болады да тұрады жетпегендей.

* * *

Өмірім, жоғы қандай, бары қандай,
Азды-көп оны да елім танығандай.

Бәрін де берген Тәңіріме ризамын,
Жүрмін тек бір саулыққа жари алмай.

Болса да бәрі-бәрі, бәрі-бәрі...
Ауырса, жастың-дағы жаны көрі.
Тарынбайтын тұста да тарынады,
Ой қамалап, одан да жалығады.

Еске алып өткен-кеткен күндерінді,
Жалғастырып, кажисың, түн мен күнді.
Бәрі де жүрегіңнің айнасында —
Көңілің кімнен қалып, кіммен күлді.

Өмірдің толып жатқан өткелегі,
Ақылды да, ақымақ та өткен еді.
Жүзден асып тұрса да, көп демеді —
Қаусап-құрап жүрсе де құлағалы,
Тірлігімнің шегі деп айтқызбайды
Көңілдің мәуелеген көк терегі,
Көңілдің әуелеген көп терегі!..

ЗЫМЫРАҒАН УАҚЫТТЫҢ ДӨҢГЕЛЕГІ

Көңілің толқығасын, шалқығасын,
Жастықта сан қияға шарқ ұрасың.
Әттең-ай, бәр-бәріне жете алмайсың,
Шаршайсың, шалдығасың, алқынасың...
Шаршайсың, шалдығасың, алқынасың...
Оқ жетпес өр-киялар даңқы басым.
Қанатың отқа күйіп, шарпыласың,
Мекіредей тасқа ұрынған тартынасың.
Көңіл-ай алабұртқан, ой-хой, со бір,
Көзің-ай қарауытқан сойқан-содыр.
Білінбей өте берген алдамшы өмір,
Тілімдер жүректерді қалған шөгір.
Асқаның, тасқаның да... бәрі қызық,
Қызық үшін кетердей қаны қызып.
Сен үшін отқа күйіп, суға түсіп,
Беретін достар қайда жанын үзіп.
Іздейсің, іздейсің кеп... табардайсың,
Бәрібір таба алмайсың, алаңдайсың.
Зымыраған уақыттың дөңгелегін,
Әттең-ай, кері жүргізе ала алмайсың.

БАР АРМАНЫМ

Айдында, фәни жалған кемесінде
Келемін, сақтар ма, өлсем, ел есінде?
Байлығым – жылдап жиған жыр-жиһазым
Білемін Құран сөзі емесін де.

Біреу өлді, біреулер қалды тірі,
Сақтап тұрмайды екен-ау жан күтімі.
Өлеңмен өмірімді өріп келем –
Көшірмесі өлмейтін бар бітімі.

Токтамас өмір – өзен, Есіл ағар,
Ұқсатып мені де Елім есіне алар.
Жоқ-барымды өрнектеген ойларымның
Ертеңге несі жетіп, несі қалар?..

Көңілде күйкі тірлік, жанарда мұн,
Өмірде шикі шындық, жана алмадым.
Алдамай адамды адам, тура карап
Күн кешер кезді көру – бар арманым.

ШЫНДЫҚТЫҢ, АЙТЫЛМАСА, ҚҰНЫ ҚАНША

Ақын қандай, Құдай-ау, ақын қандай,
Былайғы елге дағара атын дардай.
Тіл ұшына келгенді тістеп тұрып,
Көкірегін, күрмеліп, аһ ұрғандай,
Орып түссе де айтуға хақын бардай.

Ақын қандай, білмейсің ақынды, Алла-ай,
Сөйлейсің көк теңізді сапырғандай.
Бір шоқып, төңірегіңе екі қарап,
Сауысқан боп кеткенсің, ақын болмай,
Тілімді алсаң, қайтер ед хақымды алмай.

Ақын қандай, ақынға жақын қандай,
Қойса, тәуба, аударып атыңды алмай.
Абай болып тусаң да айбарың жоқ,
Амал ізде жанына жақындардай,
Бүгін сенен күйкентай әкім зордай.

Аспаныңда тұрғанмен Ай, Күн әлі,
Көңілің мың құбылар айнымалы,
Сәл сыбыстан жүрегің шайлығады.

Сен түгіл, кеше жүрген «күн көсемдер»
Бүгежектеп, сөйлеуге қаймығады.

Бақ та, мансап, байлық та құрығанша,
Сауап қой мұны екiнiң бiрi ұға алса.
Шындық деп шымшықтай-ақ шырылдайсын,
Елеп жатқан ешкім жоқ мұны да онша.
Айттың не, айтпадың не — күр жаңғырақ,
Жан тындамас ШЫНДЫҚТЫҢ құны қанша?!

* * *

Япырау, не бол кетгi мына заман,
Тұрпаты жан ұқпастай сiрә жаман.
Ақ канат перiштелер ұшып кетiп,
Жер бетiн жайлап алған кiнәлi адам.

Соншалық арды ұмытқан ноқыс па едiк,
Түкке де танданбайсың оқыс көрiп.
Ертемен тысқа шықсам, кiлең бейбақ
Жүредi әр бұрыштан коқыс терiп.

Жандай ек хабары бар көп iстерден,
Қалған ұрпақ бәрiне көнiстi елден.
Отыз жетi зұлматы, оған жалғас
Жалмауыздай жайпаған соғыс көрген.

Көңiлiм бәрiнен де калыс бұдан,
Байлықты кедейлiкпен жарыстырам.
Мен көрген кесапаттар бiреу емес,
Қайсысын қайсысымен салыстырам.

Пенде қылып жаратқан, шүкiр, Алла-ай,
Ауырса, әркім қорқады құты қалмай.
Жер бар ма екен, Құдай-ау, айтындаршы,
Қашып Қорқыт көрiнен құтылардай.

ЖАЛҒЫЗ ҒАНА...

Жүрек әлсiз,
Бiлек әлсiз,
Бел әлсiз...
Бiлмей қойдым өң де, түс те неге әрсiз?
Көңiл бiрақ бәз баяғы күйiнде,
Бар тағы да бiрденелер ең арсыз.

Ұйқы, күлкі... бөріне де толы күн,
Ағын судай барады өтіп өмірің.
Жапырақ жайған бәйтеректей көгеріп,
Өзгермейтін жалғыз ғана көңілің...

ҚЫСҚА ҒҰМЫР

Келген адам өмірден көше беріп,
Бірге-бірте кетеді кешеге еніп.
Бір жақсысы – аттары асылдардың
Жаңғырады қала боп, көше болып...

Алтын арай тірліктің құшқаны нұр,
Қонған бақ та, дәулет те ұшпалы бұл.
Қас қаққандай әр сәті қайталанбай,
Зымыраумен өтеді қысқа ғұмыр.

Аурухана – сартөсек, сары уайым,
Бір қарасаң, керегің бәрі дайын,
Жарты жылдай көрінер жарым айың,
Жаныңды қанша жамал-жасқағанмен,
Қайта айналап келмейді сәуір айың.

Ауырған жан оп-оңай өле алмайды,
Өзін өзі алдайды, көп алдайды.
Ауру бірдей, ем бірдей көрінгенмен,
Амал не, бәрі бірдей оналмайды.

Біреу оқыс от, сумен ойнауменен,
Біреу елдің ертенін ойлауменен
Өткізеді өмірін, тас құрсауын...
Босатып бір серпілтпей қойды-ау денем.

Ақын жатыр бұл жерде, әкім жатыр...
Тағы бір маскүнемге жақын жатыр...
Енді біреу азаптан құтыла алмай,
Бүгін өліп кетуге мақұл жатыр.

Кетпесе алып ертеңнің елесін оқ,
Мына өмірге біреудің бересі көп.
Жүре тұрсақ дейсің-ақ балаларға
Қаракшыдай қарауыл-демесін боп.

Арман бәрі, өйтеуір, арман бәрі...
Тататұғын бітпесе алдан дөмі,

Сол арманға жетем деп өне-міне...
Қанша тағдыр қамданып, алданбады.

Ұстатпайтын алдамшы құс па құрғыр,
Айнала ұшып періште, мыстаны... жүр.
Сағымдай көз алдымда дөнгеленіп,
Зымырап барады өтіп қысқа ғұмыр.

* * *

Өмір өлшеулі, басқан ізіңнің бәрі сын,
Бақ дейтіннің де, сор дейтіннің де бары шын.
Екеуінің де қызықтай қарап «жарысын»...
Теріп келеміз тағдырдың шашқан тарысын.

Тіршілік – бәйге, күрес пе, тағы-тағысын...
Көріп келеміз тұлпардың, тайдың жарысын.
Өліп көреміз жүйріктен жабы озғанын,
Көңіліміз калып, жүрегіміз қағып бәрі үшін.

Мына жалғанда неміз бар тағы көрмеген,
Кезіміз де көп өрлеген, өліп шөлдеген.
Шанытқан шақта ұра-жыралар көлденең,
Кездесіп талай қия-құздары көлбеген.

Төтелей тарттым дегенде жазық жолменен,
Қия-құздары мұнартып мылқау көлбеген.
Ұласып кетер ылдиың асу-өрменен,
Көреді бәрін күнәһар көзің өлмеген!..

ТҮТЫЛҒАН ТҮТҚЫНЫМЫН

Мен кіммін, ағайындар, кіммін осы
Көретіндей бірді қас, бірді досы?
Туған жерді пір тұтқан құр пендемін
Дүниенің дейтіндей кіндігі осы.

Жүрген жанмын бірді – іні, бірді аға ғып,
Жігерімді суарып, шындап алып.
Шаң жұқтырмас шашаға шабандоздай,
Асылдардың бір сөзі – мың қаралық.

Өмірім – нәр еленіп, еленбеген,
Көңілім бар өрнеге елендеген.

Әр қазақ мені бірдей көре алмайды,
Мен қазаққа бірдеймін дегенменен.

Абай емен, Мағжан не Қасым емен,
Олай асып-тасардай тасыр емен,
Білетінім, өйтеуір, мен де акынмын,
Және олардың соңы да, басы да емен.

Ақындардың соңы да, басы да емен,
Қайдан, қашан келерін басыма өлең
Айта алмаймын, айтарым – өлгенде де
Ой-арнама сия алмай, тасып өлем.

Қарапайым қазақтың ақынымын,
Өзім деген пенденің жақынымын.
Айналам аман болса, мен де аманмын
Айбынданып шығатын батыл үнім.

Өзегім – өрт, жыр берген өр кеудеме,
Қуат кеміп, оты өшіп сөнген деме.
Ақынды Алла жаратқан жасын қылып
Ұшқын атып жататын өлгенде де,
Сақ болындар, ағайын, көмгенде де!

Ақынмын, туа біткен дертім өлең,
Тұтқынымын тұтылған еркіменен.
Қас қылғандай есті алып мас қылғанда,
Кезім жоқ өлеңге өліп-елтімеген.
Жан алып, жан берісер шақ туса да,
Семсердей сермеп өлер сертім **ӨЛЕҢ!**

ӨМІР – МАЙДАН

Күнде – шабыс, түнде – шалыс...
Өмір – майдан шебінде
Талайларға кетіп жатыр кегім де,
Біреулердің шекпенінде, шенінде
Қаным, терім менім де...
Құмға сінген судай болып сенім де
Жоғалады, тоналады күн сайын,
Соның үшін қай бейбаққа ұрсайын?
Қайбіреулер ұмытады өз атын
Темірге ұксап үйкелістен тозатын.
Басы жұмыр пендемін,
Бәлкім, бәлкім, көп нәрсеге кендемін.

Тозар солай, тозар қамал-шебім де,
Мәнгі тұрар ештеңе жоқ тегінде.

Майдан, майдан... Тек соғыста болады
Десе біреу, түсінбепті ол әлі.
Ақпан, қантар айларында ыстықтап,
Тамыз бенен шілдеде де тоңады,
Мандайының арылмаған соры әрі.

Кейде тіпті мылтықсыз,
Нысанаға ап мүлтіксіз,
Жаһаннамға аттандырып жатады,
Дос боп жүріп, сырттан алдап сатады,
Болмаса да алым-берім шатағы.
Ғажап бәрі, ғажап сырттай караса,
Егер жауын қаласа...
Қапылыста мылтықсыз-ақ атады.

Өмір — майдан шебінде
Тауда, суда, құмда және құрлықта...
Зұлымдыққа, сұмдыққа,
Жатып атар қулыққа...
Болмағаннан икемім де, ебім де,
Талайларға кетіпті есем менін де.

Талай мәрте жүрегімнен қан да ақты,
Талай мәрте тістеп қалдым бармақты.
Бір жіберген қателігім өңін сәл-сәл өзгертіп,
Соңына ылғи гу-гулеген сөз ертіп,
Басқа тұстан шыға келді — алдапты.

Өмір — майдан қапы кетер кезінді
Іздейді екен, соны жаным сезінді.
Біреулерге жақындасам қаншама,
Біреулерден сонша қашып-безіндім.

* * *

Естен танып жатпайсың күнде, тегі,
Жоғынды іздеп ой шіркін індетеді.
Жұқа көңіл жарымкеш, түгендейсің
Көңіл сұрап кім келіп, кім кетеді.

Жайшылықта елемей жүрсен-дағы,
Жылы қарап жимиып күлсен де әлі,

Ауырғанда ансайсың ағайынды,
Кейбірінің келмесін білсең де өрі.

Есепке алып жекжатын, жамағатын,
«Бажа жақын, – дейтін-ді, – бажа жақын...»
Жақындықта жоқ одан оза алатын.
Маған да оның ер емес, езін берген
Қауқары жоқ қол ұшын соза алатын.
Туысты адам алмайды тандап-сұрап,
Көрсетпей тіршілікте жаманатын,
Аман жүрсінші, әйтеуір, «азаматым».

КӨҢЛІМ – СЫНЫҚ АРБА

Көңілім – құрау-сұрау, сынық арба,
Жер басып сау жүрген жан мұны ұғар ма?
Артында қалған күндер – көзден ғайып,
Тосып тұр тағы қандай ғұмыр алда.

Кей-кейде миға шауып, қан дігерлеп,
Өзінді өзін алдардай қалды ма ермек.
Жүрер жолың – құз, қия асуы көп,
Бара жатқан секілді алдың өр боп.

Бара жатқан секілді алдың өр боп,
Жүректі қыжылдатар қайғы кермек.
Суға кетер адамдай малтығасың,
Тірі жүріп оңай ма жанды бермек.

Жазықта өскен қазақ ем күнде гүлдеп,
Өр, биік, тау... дегенді білмедім көп.
Есігі еркін ашық жүрегіндей
Жатсынбайтын кім кетіп, кім келді деп.

Шаршап кейде тұрсам да түннен жүдеп,
Сыр бермеуші ең кім кетті, кім келді деп.
Сен де қажып қалдың ба шыныменен,
Арпалысқа бой бермей жүрген жүрек?

Бәрі қалды дейін бе, бәрі қалды,
Көргем талай ашынып арығанды.
Дімкәс жүрек сәл жүрсем деміктіріп,
Сыйлас, қимас жекжаттай жанына алды,
Білмеймін тірліктің не сөні қалды.

Хал үстінде тәрік қып бәрін, бәрін,
Көріп келем бейбақтың жан ұрғанын.
Көз алдында дөңгелеп күллі дүние,
Төңірінен тілейді ар-иманын.

Өтті өмірден алдамшы, талғамсыз күн,
Көбі еріді көңілде қалған сыздың.
Еліме мен ризамын, ұмыттырмас...
Артымда ұрпағым бар – АРМАНСЫЗБЫН!

ҰҒА АЛҒАН ЖАНҒА...

Арманымызды айдынға салып жүздіріп...
Жүргендей күнде сөйлейміз өліп, үздігіп.
Бәрі ғой соның әруей тірлік, пенделік,
Болмаса біз кімді, жатыр-ау кімдер бізді ұғып.

Толып жатса да тірліктің тарам жолдары,
Ойлағанымыздың, тойлағанымыздың жөн бәрі...
Көзді ғана емес, көкірегімізді шел қаптап,
Ағаның айтқан ақылы бойға қонбады.

Тіршілік — мұрат, жеткізбес шегі бір ғайып,
Тәуекелін де дарияға салған жел қайық.
Ағаны тосып сөз сөйлемеген басымыз,
Ірі боп кеттік, ініні қайтіп тыңдайық.

Осылай өмір, өзінің жолы, жөнімен
Өте береді, енді ұққандаймын соны мен.
Алды-артымызды ажырата алмастай күй кешіп,
Ата жолынан адасып қалғандай көрінем.

Талайды сыйлап, талайдан тағы сый көріп,
Бойымызды жинап, ойымызды еркін игеріп,
Жаманнан қашып, кірпішешендей жиырылып,
Жақсыға жанап келе жатқанымыз да үйреніп.

Ұға алған жанға екен-ау бұл да ғанибет,
Жұқарасың кейде жаныңды тасқа жани кеп.
Көрініп жатқан тірліктің төте жолы жоқ,
Басқан ізіннің, жүрген жолыңның бәрі ирек,
Адасып қалмасақ екен-ау дейсің зар илеп.

ЖЕТПІС АТТЫ ҚАТАР ЖЕГІП ШЫҚҚАНДАЙ

Бір мәшине –
Жетпіс аттың күші бар,
Аз емес-ау, айтсаң, ауыз тұшынар.
Жетпіс атты қатар жегіп жүргендей
Кейде адам өз-өзінен кысылар.

Құла, торы, баранкөгі, күрені...
Көк арбаны қатар сүйреп жүреді.
Бір-бірінен жарты қадам қалмайды,
Бір-бірінен озбайды әрі бір елі.

Дегенменен: «Көңіл – жүйрік көк дөнен»,
Ата-бабам бұл байлықты көрмеген.
Сүйгенімді сүйсіндіргім келгенде,
70 атты тартам алға көлденен!

Шабыс тілеп, қайшылантып құлағын,
Пар келместей аңыздағы пырағын,
70 атты қатар жегіп шыққанда,
Ұшатындай қанаттанып тұрамын!

ЖҮРЕДІ АЙТЫП

Біз өмірдің қуанышын көп айттық,
Жел-сезіммен көңілімізді тоғайттық.
Көріп тұрған көзімізге сенбедік,
Неге сенсе,
«Сенімділер» соны айттық...

Соны айттық біз,
«Бас қатарып не керек?..
Ойлағандар нені ескеріп, нені елеп
Жатыр?– дедік,–
Өзіне өзі көр қазып,
От айналған ессіз, көзсіз көбелек!»

Тек жүргенге, тоқ жүргенге не жетсін,
Тек, тоқ... жүрсең, тағады кім не деп сын?
Әсіресе, монтансыған момақан
Қалпыңда сен мықтыларға қажетсің!

...Ақылды жұрт ақылдан да тойған ба?
Безер жандай берекесіз ойдан да.

Ел ыңғайы қалай ауса, солай айт,
Бар дүмінді ішке сақта ойлан да!

Алам десең атыңды бір оздырып,
Әуреленбе көн-төзімді тоздырып...
Әлділердің әлсіз жерін андай біл,
Дәл сол тұстан сөйле өнешті создырып,
Жас-кәрінің делебесін қоздырып.

Сөйле!.. Сөзді жатпайды ешкім безбендеп,
Кеу-кеулеумен әкетеді тез демдеп.
Сен сол кезде бір қыр асып қаласың,
Барша жұрттың жан сарайын сезген боп.

Қас жүйріктей шалдырмайтын қарасын,
Өлшегенше ел шын мен сынның арасын,
Тарт, тарта бер қарайламай артыңа,
Талай белден өтіп, кетіп қаласын.

Бәйге топқа қосылсаң да боздан кеп,
Қарамайды делебесі қозған көп.
Жүйрік емесінді біле тұрса да,
Жүреді айтып: «Сол бәйгеде озған!»— деп.

КӨҢІЛІМ ДЕ БҰЛЫҢҒЫР

Күн бұлыңғыр, көңілім де бұлыңғыр,
Айығатын кезі бар ма мұның бір.
Айығатын кезі болса, айықтыр,
Ал болмаса, біржолата түңілдір.

Үйде отырсам, үйге сыймай қиналам,
Түзге шықсам, күңіренеді күй-далам.
Онсыз-дағы қою бұлтты қойылтып,
Жан жарамды қайта қозғап қинаған.

Бір-біріне бағын, тағын... қимаған,
Көп кошқардың басы бірге сыймаған,
Айқайы көп, айтары жоқ, өгірік,
Кіл өгірік, қайсысына иланам?

Қайсы сөздің ұрғашысы, еркегі,
«Мың бір түннен» тындағандай ертегі,
Көз ұйқыға талып барып кетеді,
Бүгіннен бұлыңғырлау ертегі.

Бүгiнiнен бұлыңғырлау ертеңi,
Бағытынан қалды айрылып ел, тегi.
Зар iлiнiп домбыраның iшегiне,
Қорқыт-қобыз аза күйiн шертедi.
Көңiлiм де, өмiрiм де бұлыңғыр,
Айығатын кезi бар ма мұның бiр,
Айығатын кезi бар ма мұның бiр —
Егiледi Асанқайғы-жырым кiл,
Күн бұлыңғыр, көңiлiм де бұлыңғыр!..

ТЫҢДАП КӨР

Тыңдап көр, не айтар екен мен жайында,
Шыңдап көр, не айтар екен сен жайында...
Қарадай соқтығарға қара таппай
Отырған өзiрленiп ел қайымға.

Тыңдап көр қондырғанын қай төбеге,
Шымырлап бiр айтқанын қайта өре ме?
Қоярын адастырып кiмдерменен,
Қоярын жанастырып қай төреге.

Елiң кiм? Нағашың кiм? Қайының кiм,
Кiм саған жасап жүрген қайырымын?
Тарқатып берер жетпiс тармағыңды —
Барлығын кiмнен қанша айырымың.

Жандай-ақ жаттап алған бүкiл өндi,
Жайнатып жайып салар құпиянды.
Қажет пе, көз алдына әкеледi,
Бергендей өзi жасап күт ұянды.

Сенесiң, амал да жоқ сенбесiне,
Ол айтса, аландайсың сен несiне.
Тiрлiктiң бар тұтқасы уысында,
Қасқаның қара құлаш сермесiне!

Жан емес босқа ұшырар сөзiн желге,
Жетедi жақындассаң көзiң демде.
Бер-дағы тiзгiнiңдi, iлесе бер —
Ол сенi «бiледi артық өзiңнен де».

КӨҢІЛІМДЕ ӨКПЕ КЕТТІ

Мына жұрттың айта ма бәрі өтірік,
Қара жолға қараймын әлі отырып.
Қажыдым ба, қабақта кірбін қалың —
Ертерек кетпегенге сәл опынып.

Ежелден ел дәстүрі сірә мәлім,
Мен бірақ ешкімді де сынамадым.
«Алыстан келіп жатқан ауылыңа
Қонақ ем, қонақ қыл», — деп сұрамадым.

Іздеп кеп сәлем бердің. Рахмет!
Сол көңілің сан сыйына тұратын ед.
«Тос!» — дедің, күн бойына тосып жүрдім,
Осының болды маған бір ақырет!

Білемін, кісі күні кісімен ғой,
Кішірсен, ертең мен де кішірем ғой.
Жағдайың болмай қалса, айтпадың ба,
Біреудей сөз орайын түсінем ғой.

Біреудей түсінем ғой сөз орайын,
Жағдайың болмай қалды, сезем, айым!
Бірақ та ертеңіне бір уәжін
Айтпадың, соған қайтіп төзе алайын.

Кайтемін қазбаланып, өткен өтті —
Қазбалаған жанға сөз көп керек-ті.
Көрісіп-көріспеспіз енді айналып,
Көңілімде тек бір түйткіл, өкпе кетті.

ТҮСІНДІ АҚЫН

Таңдаулылар демалатын жер еді,
Ақынға да сол болатын керегі.
Томпандаған немересін қасына ап,
Бірер жұма барып қайтсам деп еді.

Жан Ердені жігіт болып, ес кіріп,
Бал тілінен балдай самал естіріп,
Думан қылып жүрер еді жанында,
Таза ауада дамылдаса кешкілік.

Келіп жатқан еңістен де, өрден де...
Басқалардың немересін көргенде,
Ақын көңіл алабұртқан бой бермей,
Бір әкіммен хабарласты сол демде.

Телефоннан көрмесе де түр-өнін,
Сыпайылап айтып бақты тілегін.
Арғы жақтан жауап-дауыс естілді
Деген: «Аға, мен ғой сізді білемін!»

Біледі, иә!..
Ақынды жұрт біледі...
Демек, енді орындалмақ тілегі.
Мақтаныш бір сезім билеп өн бойын,
Шабыттанып, жиі ұрғандай жүрегі.

«Бірақ,— деді қарлыққандай дауысы,—
Балалардың жатпайды онда бәрісі.
Немерелер, немерелер... әр түрлі,
Бар тағы да толып жатқан мәнісі...

Сізге айтпайтын...»
Түсінді ақын бірден-ақ,
Қайран көңіл гүлден нәзік, нұрдан ақ...
Бес жыл бұрын анау жүрген баланы
Ерденімен алып шыққан бірге орап.

Естімеген ес білгелі ондайды,
Ақынды әкім қалай-қалай қорлайды?!
Сәбилерді сортқа бөлген бұл жерге
Баруға да, қалуға да болмайды!

Түсінді ақын, бұл қорлықты өмірі
Ұмыта алмас, қалды тас боп көңілі.
Бәбектерді бөлектеген сол жерден
Біржолата қайтып кетті сол күні!

СЫНАМА

Алдым да жар,
Артым да жар, құлама...
Шешінген жан судан қорқып тұра ма?
Бәрің өзің менен артық білесің,
Біле тұрып, отқа салып сынама.

Өзің болып бақыт дейтін құс күнде,
Жүр айналып қақ төбемнің үстінде.
Сол құсымды қондыра алмай қолыма,
Тағдыр құрған қыл тұзаққа түстім бе?

Тіршіліктің бізге ұсынар «сыйы» мын...
Көрдің бе енді «сыйының» сол сиығын.
Таусылмайтын тарам-тарам жолдардың
Алдыма әкеп тартады ылғи тұйығын.

Арманым ең көңілімнен күй ұққан,
Керек кезде өз қанымнан құйып қан
Бере аламын,

Таң жұлдызым өзің боп,
Шығарып ал тірелгенде тұйықтан.

Өзің болып кезігердей алдан бак,
Адамға айтпай жүрдім іштей армандап.
Тағы, міне, тағдырыма қол создым,
Суға кетер бейбақтайын тал қармап.

Алдым да жар,
Артым да жар, құлама...
Көре тұрып, біле тұрып сынама!

* * *

Ойлағаныңмен керекпін ғой деп әлі де,
Ауырдың — бітті, ұмыт боласың бәріне.
Жақынмын деген достардың көбі кетеді,
Құдайдың бейне ұшырағандайсың көріне.

Ұмыту қиын, ұмытпағаннан пайда да аз,
Көңілдің мөлдір көктемі қайда, қайда жаз?
Қызық қуумен жүріппіз болып жәйға мәз,
Өтпелі бәрі, қолдан келердей қайран аз.

Көңіл ғой әлі елегізумен жүр елтіп,
Гүл ектім бе екем жүрген жеріме бірер түп?
Жас күндерімді, мас күндерімді сағынып,
Еске алуменен отырармын ба күнелтіп?!

СЫРТЫ БАЗАР ҮЙІМНІҢ...

Сырты базар үйімнің, іші базар,
Үлкен базар қайнаған, кіші базар...
Төңірегім кіл сауда, сауда, сауда...
Періште болам деген кісі де азар!

Алдап сатып,
Біреуден алдап алып,
Күнге жеттік ұтсам деп жан бағарлық.
Өнім түгіл, түсіме кіріп-шықпас
Тірлік кешіп келеміз таң қаларлық!

Сағасынан сүңгіні канға малып,
Барымтамен жан кешіп малды аларлық
Жауым да жоқ, бітіспес дауым да жоқ,
Жоққа беріп жүрердей, бардан алып.

Бір карасам — тірлігім қызығарлық,
Шын қаласақ — түсіріп қызын алдық.
Сау жүргенім жер басып — бұл да сауда,
Жұмбақ әлем, белгі жоқ біз ұғарлық!

Жан күйе ме егіліп — ол да сауда,
Жар сүйе ме беріліп — ол да сауда...
Біреулерді біреулер алдап кетсе,
Жау алғандай жалпақ ел той жасауда.

Сыртым түгіл, кеудемнің іші базар,
Базар қуып жүргеннен ісім азар.
Дөңгелегі дәуірдің тұр айналып,
Тоқтата алмас енді оның күшін ажал.

Жас қылғаннан, адамды мас қылғаннан,
Толасы жоқ тоқтамас тасқынды арман.
Қайда апарып соғады «таксыр-жалған»,
Амалым жоқ қолымнан келер басқа
Тағдырымды Аллаға тапсырғаннан.

* * *

Қалғандарым,
Жоғалтып алғандарым...
Көп-ақ екен, айта алсам арман бөрің.
Ой-безбенге салмаппын салмақпенен,
Өмірімнің ақиқат, жалғандарын...

Қараны да ақ деппін, адасыппын,
Таласпайтын тұста да таласыппын.
Жөнсізімді жосықсыз жөн көрем деп,
Көкіректеп көпке де дара шықтым.

Үміт семіп, ой кеміп, сезім де өлді...
Ақты қара жеңгенін көзім көрді.
Қарсы қойып өзіме өзімді енді,
Тірі жүріп өлген де кезім болды.

Ойдың да ортайғаны – қартайғанын,
Білемін нұрлы беттен әр тайғанын.
Өткенді санаменен санап тұрып,
Армандай түседі еске қай-қайдағын.

Санамда бәрін-бәрін салмақтағам,
Жұбанышым – кезім жоқ арды аттаған.
Өмірге де өкпе айтар жан емеспін,
Өтеді әркім, шайтан боп қалмақ па адам.
Мәңгіліктің заңы осы, күнім жетсе,
Өлімге де қыранша самған барам!

ҚАН ҚЫСЫМЫ

Қан қысымы!
Қинайды, қинайды-ай кеп жанды сірі.
Пақыр ма, айбары асқан батыр ма елде?..
Мүсәпір қып қояды бар кісіні.
Біріне бірін тіркеп қойған әрі –
Өмірің... Көңілің де ойнамалы.
Ойламайын дейсің-ақ. Бірақ, бірақ...
Айналып тіреледі ойға бәрі.
Бір күш бар үйлестіріп қойған әрі,
Айналып тіреледі ойға бәрі.
Тірлік шіркін өлшеулі, түп-түбінде
Сен кетесің, бәрібір ой қалады.
Санаң барда бойлайсын бойламасқа,
Жүрмекпісің мәз болып тойған асқа.
Адам болып жаралған айыбың сол –
Тірлік шіркін қоймайды ойламасқа.
Көтеріліп, төмендеп қан қысымы,
Ойнайды тәлкек қылып бар кісіні.
Ақыры әкеп ырқына көндіреді,
Айтып қайтем, белгілі арғы «шыны»!

КӨП ОЙЛАНАМ

Мен де токпын, ол да ток, ток айналам —
Өзен-көлім, тау-тасым, тоғай-далам...
Ток жүріп-ақ бір-бірін тонайды адам.
Бір-біріне дос, бауыр деп үйреткен
Заман қайда, заң қайда?..
Көп ойланам.

Ұл ер жеткен, қыз өскен — мені үйреткен,
Енді-енді ұғып келемін елімді еппен.
Түлкі бұлаң заманның амалы көп,
Таркамай жүр іштегі шерім көптен.

Таркамай жүр іштегі шерім көптен,
Қуаң тартып барады жерім көктем.
Биліктің қыл шылбырын катын ұстап,
Емін-еркін жайына келін кеткен.

Бір басыма орнардай заманақыр,
Ми шайқалып, ортайып барады ақыл.
Қызығына қиналып қара да тұр,
Көкіректе жазылмас жара жатыр.

Мен де токпын, ол да ток, ток айналам...
Айналамның бәрі ток, тоғайды Адам.
Қарыны ток, араны аштар қаптап
Кетпеді ме екен деп көп ойланам.

КӨҢІЛ ДЕГЕН...

Көңіл деген немене,
Көңіл деген?
Тенеу таппай келемін көңілге мен.
Білетінім — бір тіні өмірменен,
Бал шырыны шайқалып төгілмеген.
Ал өмірдің қисапсыз қайшылығы,
Шыға берсін ойыңнан қайсы бірі.
Содан шығар, бір сәтке мұқап қалып,
Жұтап барып қайтадан көңілденем.

Біреуге разы, біреуге наразымын,
Қайдан білем бөрінің ара жігін.
Қисапсыз қайшылықтар жайшылықта

Таусылмайтын менің де нала жырым.
Жаксылық пен жамандық қалтылдатып,
Бірде ысытып бойымды, салқындатып...
Тең басып екі басын таразының,
Тынымсыз түр бебеулеп безек қағып,
Сүйір тіл көрсеткішке кезек барып...
Осындай алмағайып арпалыста
Көміліп қай жағада қалады ізім?

Боран соғып, өректіп дауыл ұрып,
Меңіреу дала тасы да, тауы да ұлып...
Дірдектейді сөнердей лағыл үміт,
Қара түндей қатыгез кара түнек
Табиғаттың өзін де көрсеткендей
Түйсігі оянбаған тағы қылып.

Көңіл де кіл осындай алмағайып,
Бар болса – жоқ, жоқ болса – барға лайық.
Ор тұрса да қарамай жүгіреді
Жас балаша құшағын таңға жайып.

Көңіл деген немене, көңіл деген?
Тенеу таппай келемін көңілге мен...

КӨҢІЛДІҢ АЛАҢЫ КӨП

Жазсам-ау деп келіп ем осы жерге,
Оралмай жүр көңілімнің хошы демде.
Көрінер ме қылығым тосындай боп
Сырларымды ұқпаған тосын елге.

Айтындаршы, не сыр бар осы менде,
Өзіме өзім кектеніп өшігем бе?
Азап тілеп алғандай қара жанға
Мың көшірем, мың қайта өшірем де.

Күлтеленіп кеудеме тола ма үміт,
Алданамын өрнені жора қылып.
Сезім шіркін салады сергелдеңге,
Ішін тартып тұрғандай боран ұлып.

Алабөтен тағдырдан сый тілеген,
Білмей қойдым көңілім күйкі неден?
Әлденеге қойғандай аландатып
Беймезгіл шәуілдеген итіменен.

Ішім от боп жанады, жанады кеп...
Үміт кеміп, күдігім бара ма үдеп?
Өзге түгіл, ұқпаймын кейде өзім де,
Бұл көңілдің, әйтеуір, алаңы көп.

* * *

Жыласак, жыр жазамыз,
Күласак, жыр жазамыз...
Біреулерді мадақтап, марапаттап,
Шыңға шығып марқайсақ бар атақты ап,
Күл-қоқысқа айналсақ жала таптап...
Жыр жазамыз, тағы да жыр жазамыз,
Ақын-өмір ғажайып тұнған аңыз.

Арман — арман жезкиік ала қашқан,
Көз ұшында сағыммен араласқан.
Қос өкпемді қолыма ап қуып келем,
Өлген-тірілгеніме қарамастан.

Өмірден тыс кімді кім жарата алмақ,
Қуанған да кезім көп алақайлап.
Суалған да кездерім аз болмады,
Жүрегімде қалды кіл кара тандақ.

Құлай түсіп біреуге сенгенімде,
Сенгенімде,
Еркіне ергенімде,
Орта жолда қалдырып қор ғып кетті,
Көмгендей-ақ тірідей жерге мүлде.

Бәрі соның жырымда,
Жыр жаздым кеп...
Таттым талай зардабын ызғардың көп.
Өлеңменен өртеніп кетердей ем,
Су сепкендей күл болды қызған жүрек.

Қайран жүрек албыртып ала қашқан,
Алақұйын додаға араласқан,
Бір көмбеде қалдырып көтермісің,
Сырласым, мұңдасым ең бала жастан.

Бәлкім, бұл да пенденің пенделігі,
Жетіп жатыр көңілдің кенде күні.
Жылап, жұбап өлеңге мұның шаққан
Жүрегі шерлі ақынның мен де бірі.

Кейде жылдар артымда жай қалғандай,
Медеу табам жаныма қайдан, қандай?
Бір сүрлеумен келемін,
Алдым бұлдыр,
Өз өсімен Жер Күнді айналғандай.

БЕЙЖАЙ КЕЗДЕ...

Адамын қуаныштан, қайғыдан да,
Серт қойып сезім менен айныған ба?
Асаудай жүген-кұрық салдырмаған
Бір күні арманнан да айрылам ба?

Өмірде ер білместі ез біле ме,
Еңсемді қорғасын ой езді неге?
Арбасқан алмағайып ағайындар
Тірліктің қызығынан бездіре ме?

Бөрідей ішін тартып күз ұлыған,
Тірліктің бездіре ме қызығынан?
Жазмыштың кім құтылған құрығынан,
Қашам ба күдіретгін құзырынан?

Қайтқан бет, қалған көңіл бөрінен де,
Өмірдің бұрынғыдан әрі кем бе?
Серіппейді сезім — қанат қауырсынын,
Тағдырға мойынсұнған көрі мен бе?

Жауа алмай ауған бұлттай жауамын деп,
Желге ұстап желкенімді ауамын көп.
Түн қатып отырамын мың сауалға
Мыңғырған көп ойлардан жауап іздеп.

БЕКЕР БӨРІ

Жазылмаған өмірдің заңдылығы
Сәл бұрын да, кеше де, алдыңгүні...
Соған ғана бас иіді, басқаға емес,
Тына қалып тірліктің бар дүбірі.

Оқығаным басқа-ды кітаптардан —
Дуниекор жан емен шыт ақтарған.
Шындық шыңы қалайша аласарып,
Әділеттің ауылы жұтап қалған?

Мүмкін емес, сенгем жоқ, сенбеймін де...
Ағып кетем бағытсыз сендей мүлде.
Әділетті әбілет женер болса,
Адамшылық тап болмақ нендей күйге?

Ардың туын түсіріп, ластаған –
Өгірікті шындық деп растаған
Жандайшаптар жаудан да қауіптірек,
Шындық сырын сезінбес шын аспаған.

Бекер, бекер – бәрі де бекершілік,
Жауыз жалған тірліктен өтер шіріп.
Адамдардың жолына жуа екпесек,
Өзен – өмір арнадан кетер шығып.

Кетер шығып бар дүние қалыбынан,
Запа шегер Жақсылық – жалын ұлан,
Опасыздар олжа іздер тағы бұдан...
Тұрлауы жоқ тірліктің керегі не,
Нұрланбаса әділет жарығынан!

БЕЛГІЛІ БОЛУ ҚИЫН БА...

Белгілі болу,
Белгілі болу қиын ба,
Орайын тауып кіріп алсаң бір ұйымға.
Талай тағдырды қаңбақша іліп өкетер
Козғай алмайды дауыл да, жел де, құйын да...

Көріп те жүрміз белгілі болған талайды –
Белгілі болсаң, тезірек атың тарайды.
Жырынды білмес,
Сырынды білмес ағайын
Айғақтап тұрар анықтамаңа қарайды

Алтын ба, мыс па... Асылың қандай ішінде –
Тіршілігіне тірек қылардай күшің не?
Түнілдірместей жылылық бар ма түсінде,
Сырын білместей ұлылық бар ма ісінде?

Бір-бірімен де санасып ешкім жатпайды,
Қажеті бар ма қажет деп білсе, жактайды.
Көзге ұрып тұрса, кемшілігінді «таппайды»,
Сөз біліп тұрса, майын тамызып мақтайды.

Біліп ал, бауырым, орайы келсе, біліп ал,
Пендешіліктің түсі суық та, тілі – бал.
Тірліктің әркім көре бермейтін тіні бар,
Дауыл тұрса да, жауын ұрса да тондырмас,
Жылы қолтықтар табыла қалса, кіріп ал.

Алланы қойып, соларға ғана сыйын да,
Боранға ықпа, жеткізбе желге, құйынға.
Айбынын асып, артады құрмет-сыйың да,
Белгілі болу соқпайды сонша қиынға.

Солай, бауырым!
Қатырып басты не етесің,
Қыран болмай-ақ қиянға самғап жетесің.
Біреулер тіпті қыздырамын деп шекесің,
Саудаға салып жүреді кейде некесің.
Қайтесің күйттеп «белгілі» деген бергіні,
Орайын тапсаң, «көрінекті» боп та кетесің.

ҚАЛАЙ ҚАРАЙМЫЗ ЕРТЕҢГЕ

Өкпе жалаңаш,
Жүрек жалаңаш,
Жалаңаш...
Шарпиды жанды шоқ пенен жалын аралас.
Бірімен бірі арбасқан зәһар аждаһа
Өліп-тіріліп жатқаныңа да қарамас.
Көңіл нені ұқты –
Өмірге күпті шала мас,
Оңайлықпенен мастығың бойдан тарамас.
Адамдар бүгін хайуаннан бетер қауіпті,
Төні жалаңаш, жаны жалаңаш, араны аш!..
Ішпей де жемей пейілге ғана тоярдай
Кешегі күннен адасып қалдық, ой, Алла-ай!
Құдайдан емес, заңнан қорқады пәтшағар,
Болмаса, адам бір-бірін жұтып қоярдай.
Қараған жоқпыз суық деп, аптап-ыстық деп,
Көзді жұмдық та, бөріне гүмп-гүмп түстік кел.
Сахарада қалып шөлдеген жандай көз жұмып,
Суды да іштік, уды да іштік... іштік көп!
Көбейді қазір батыр келіншек, батыр қыз...
Бір қарағанға бөріміз бірдей батылмыз.
Елді ер емес, ездер биледі, содан да
Сазға отырғандай сазайын тартып жатырмыз.

Ескексіз қайық — еркіміз желде, желкенде...
Ойланған кім бар, шында да ез бен ер тең бе?
Бүгін күн өтер бұқпалап ғұмыр кешірген,
Не бетімізбен қарар екенбіз ертеңе?!

* * *

Береке кеткен төрімнен кім не табады,
Мереке кеткен өңірде не күн қалады?
Аңызғақ ұрып тартылса теңіз табаны,
Өзегің өрт боп,
Жаныңды дерт кеп шабады.

Талғам-талшыққа жеткендей жаңа зарығып,
Бір үзім нанға қалғандай қарап бар үміт,
Әлі сезіммен, бөрі сезіммен шабылып,
Тажалдай тарпып, ажалдай қарпып, тарынып...

Қызғанышпенен қарарсын бәрі-бәріне,
Ұмытып мынау тірліктің мақсат-мәні не.
Хайуан-сезім қарамай қауқар-әліне,
Ашқарақ көздер оянып кетер сәріде.

Құлардай болып шыңнан да, биік күздан да,
Көңілің қалып қыздан да, тіпті ұлдан да,
Жүресің кейде сыймастай болып бұл манға.
Қайшылық деген қалмайды бізден бөрібір
Жер мен Көк және адамдар аман тұрғанда.

БӨРІ ЖАЛҒАН

Бөрі жалған,
Дүниеде бөрі жалған...
Жалған әлем қамалап, жалығар жан.
Алтын, күміс, ақыққа... бөлесе де,
Бір пендені көрмедім жаны қалған.

Бөрі жалған,
Дүниеде бөрі жалған...
Жалғандығын не пайда танығаннан.
Тағдырдан тұлпар мініп қашқанда да,
Бір пендені көрмедім жаны қалған.

Бәрі жалған,
Дүниеде бәрі жалған...
Күн сайын күткенменен таңың алдан,
Қу түлкідей құйрығын ұстатпайды
Бұлдырап бұлаң қаққан сағым арман.

Бұлдырап бұлаң қаққан сағым арман,
Бір қыр ассан, шығады тағы да алдан.
Алдамшы бұл тірліктің бар тылсымы,
Қысқасы, дүниенің бәрі жалған!

ЕЗ БОП КЕТЕ БЕРЕДІ...

Ез боп кете береді ер дегенім,
Езді қалай ерменен теңгеремін.
Тірі жүріп ұяттан жерленемін,
Қайдан алам Тәңірдің бермегенін?

Бір үйірдің төлі де құла, алалы...
Тәңір берсе, барынды кім алады?
Жайшылықта екінің бірі батыр,
Ерлік, ездік майданда сыналады.

«Пәле-жала, – дермісің, – кімге қайдан?»
Тыныштыққа не жетсін ірге жайған.
«Қой үстіне бозторғай ұя салған»
Тірлігіңнің өзі де күнде майдан.

Біз малтығып жүргенмен, асықты өмір,
Шамаң келсе, арнаңнан асып, төгіл.
Аласұрған дарияның толқынындай
Әр жағаға соғады ғашық көңіл.

Мен де өзімнің әлімше көпті көрдім,
Отты көрдім, жайнаған шоқты көрдім...
Елпең қағып ездерше күн кешкенше,
Өртеніп жанып кетсем деп тілермін.

Ерліктің көз ашқаннан құшқаны – нұр,
Ездіктің өзезіл боп мыстаны жүр.
Асылды арамзадан айыруға,
Әттең, жете бермейді қысқа ғұмыр.

Ез боп кете береді ер дегенім,
Тірі жүріп ұяттан жерге енемін.

Көріңдерші, өлгенім — терлегенім.
Тура қарар бетім жоқ елге менің,
Езді қалай ерменен теңгеремін,
Қайдан алам Құдайдың бермегенін?!

АЛАБҮЛІК

Алабүлік —
Кіріп кеткен қандендей араға үріп.
Қайтарғанда уытын бір бүліктің,
Тағы да ойлап табады жаңа бүлік.

Ел кезіп қала көрді, дала көрді,
Тиімді ме өзіне — бала болды.
Ірімін деп дүрдиді інілерге,
Ұлымын деп соқтықты ағаға енді.

— Абайландар, өзімін жырдағы отғың,
Мен неге анда жоқпын, мында жоқпын?
Бір тұтқасын биліктің бермесендер,
Ақберен, атылғалы тұрған оқпын.

Ығыс былай, жолымды бер, қарағым,
Өлеңдегі данасы ең дананың
Абай да емес, берісі Қасым да емес,
Менмін жалғыз, біліндер, мен ғанамын!—

Деді, деді көпіріп, деді, деді...
Дей бергенге кейде жұрт елігеді.
Мінез ғой «ақындыққа жарасатын» —
Көп тобыр танымаған не білсіді?

Жиын сайын үреймен, үркітумен,
Үркіткені кем соқпай іркітіннен,
Кейде тағы сипалап тұлкі тілмен,
Қояды арбап бір жалын, бір түтінмен.

Солай, солай таланттың таласында
Жүр біреулер, сөзіме нанасың ба —
Іріткі боп, кей-кейде ішірткі боп
Қарттық пенен жастықтың арасында.

Байлық деген болмайды ақында ерен,
Бірақ жырмен жаныңа жақын келем.
Шаршы топтың алдында жабатұғын
Шапаным да, мінгізер атым да – өлең.

Байлық деген болмайды ақында ерен,
Бірақ сонша мүсәпір, тақыр да емен.
Тірлігім тірілермен жалғассын деп,
БОЛАШАҚҚА жазатын хатым да – өлең.

Өлең – менің елгезек көңіл күйім,
Көңіл күйім, жүретін жолым қиын.
Жыласам да, күлсем де – бәрі өлеңде,
Жырларымнан мөлдіреп төгілді Күн.

Теңізге ұқсап тербелген көңілде ойы,
Сыймай тұрсам шарама төгілгелі.
Ұрпағыма қалдырам мұра қылып,
Өлеңменен хат жазып өмір бойы.

Хат жазам немереме, шөбереме,
Хат жазбасам, көңілім көгере ме.
Аталардай артына сөз қалдырған
Ертеңімді кетпесем еліме айтып,
Ақын болып туғанмын неменеме.

Таудай биік көтерген өнерді ақын,
Өнерді ақын бәрінен көрер жақын.
Байлық, мансап – бір күндік қолдың кірі,
Жетсе болды ұрпаққа өлең-хатым.

АРНАЛҒАН АЛҒЫСПЕНЕН...

Оранып қошаметпен күнде гүлге,
Жастықтың желеуімен жүргенімде,
Анамдай ана болған, пана болған
Білдім бе қадіріңді, білмедім бе?

Атқанда нұрға оранып арай таңым,
Шұғыладай дүниеге тарайды өнім.
Сен тындап отыр ма деп сол сәттерде,
Сәбидей алаңдаймын, қарайлаймын.

Жетелеп арман-қиял атымды алға,
Алатау биігіне шақырғанда,
Тәңірдей табынарым өзің ғана
Ең қымбат туыстан да, жақыннан да...

Тәңірдей дүниеде табынарым --
Өзіне шын берілген жаным, арым.
Қасында жүрсем, еркін еркелеймін,
Сәл шырқап шалғай кетсем, сағынамын.

Жалғасып күн артынан күн келеді,
Қызғалдақ таң нұрымен гүлденеді.
Қуанып жас балаша сен болмасаң,
Жан апа, соның бәрін кім көреді?

Арналған алғыспенен шырын әнім,
Балаңның айтар шыны, сыры мәлім.
Шілдеде көлеңкеңнен сая тауып,
Қаңтарда мейіріңнен жылынамын,
Жылынамын!

* * *

Шайлықпастан көңілім шайлықпаған,
Алайын деп алмайды айлықты адам.
Кей-кейде ақынды да, батырды да
Иіп әкеп ыркына көндіретін
Күдіреттей көрінер байлық маған.

Айтқанменен байлықты қумадым деп,
Байлық үшін тумадым, тұрмадым деп,
Мен де пенде — көңілім құлазиды,
Бір жағымда қу тақыр, бір жағым көк.

Сен де басқа бұл күнде, мен де басқа,
Құлдық ұрып құнықтық жем мен асқа.
Сәби сезім ойында ештеңе жоқ,
Бірдей қылып жаратқан Алла баста.

Ауырына арқасын тосар жүктің,
Бәйгеге жеке-дара қосар мықтың
Мен емеспін, бәрі бар бір басымда
Пендеге тән мықтылық, осалдықтың.

УЛАНЫП ҚАЛДЫҚ...

Бойымызда осы қайнаған қан ба,
Жай су ма,
Санлаусыз сана,
Уланып қалдық қайсы уға?
Өзіңнен өзің адасып қалған жандайсың,
Өмірде мынау жоқсың ба,
Әлде барсың ба?..

Бар болсан, қайда?
Көрініп бір сәт шықпайсың,
Ел жұтқан уды бөлісіп неге жұтпайсың?
Боранда қалған бейшара қойдай ықтайсың,
Жақсы айтқанды да,
Жаман айтқанды да құптайсың...

Ықтайсың келіп,
Ықтайсың келіп... тіл қатпай,
Езде де ерлік болмайтын ба еді бірқақпай.
Ішкенім – ірін,
Жегенім – желім, бойыма
Бал берсе-дағы жүр батпай.

Қырандар қайда?
Көгімде майда – кіл қарға,
Көбінде үн жоқ естіртіп айтар,
ТІЛ бар да.
Көкірегі ояу, құлағы бітеу тыңдарға...
Адам боп келген өрісі қысқа өмірде
Адам боп жүріп,
Адам боп өтер күн бар ма?!

Тоқырап көрдік,
Көрдік біз қайта құрып та,
Тілімізді де,
Ділімізді де... құлыпқа
Салдық та мықтап,
Түк көрмегендей бүгжіндеп,
Жаураған қойша тығыла бердік кіл ыққа.

Елтедік «ЕР» боп,
Кетпедік мүлдем құрып та,
Қиқушы шықса, мойнымызды иіп құрыққа,
Ез болып көндік,
Бітпедік содан сынып та,

Дауылға қарсы,
Жауынға қарсы шыға алмай,
Шым батып терең,
Үйездей бердік тымықта.

Шым батып терең,
Болдык та керең, мүлгідік,
Айдынға шықсақ алатындай-ақ бүлдіріп.
Өтірік жүріп,
Өтірік күліп,
Күл-ді-ріп...
«Рөл ойнаймыз» —
Ішімізді жатыр кім біліп?!

Мүлгідік үнсіз жатып та,
Тіке тұрып та,
Керенау тірлік сылтау іздедік сыныққа.
Сұрама сырды,
Ішім біледі ит өлген,
Жақ аштырмайды,
Ауызым берік құлыпта!

Абылайлардың,
Ағыбайлардың ұрпағы,
Көкірегім — кеніш,
Жаны байлардың ұрпағы,
Кемістік көрген келейден тудық деп жүрдік,
Шалғайымызға жармасар деумен кім тағы,
Тегімізді танып жармасса болды —
Құртады.

Арғы атам менің...
Айтпаймын,
Айтсам, сенбестей,
Ойымыз — олқы,
Бойымыз — шаршы,
Келді өспей!
Құл-құтан едік Бас болмайтұғын жиылып,
Бас бола қалсақ, миымызға қан құйылып,
Қор болатындай тағы да
Тағызым еттік сиынып мінген ТАҒЫНА.

Онымыз қайсы?
Солымыз қайсы?..
Біле алмай,

Жолымыз қайсы —
Алшаңдай басып жүре алмай,
Көгіміз қайсы —
Қарауды қойдық биікке
Топшысы сынған қырандай.

Қайнаған қан ба,
Бойымызда осы жай су ма,
Санлаусыз сана,
Уланып қалдық қайсы уға?!

* * *

Біреу өтіп дүниеден, біреу келіп,
Біреу көрмей қызығын, біреу көріп...
Армандаған біреудің несібесін
Көлденең көк атты жүр иемденіп.

Бұлтық-бұлтық жер төсі білеуленіп,
Бірде — қызыл, бірде — сәл күренденіп...
Құбылады түлеген түлкідейін,
Жоғың әсте бітпейді түгенделіп.

Бір күндік тірлік артық «жарық» көрден,
Пейішті кім бар дейсің барып көрген.
Тәңір өзі пендеге түк бермеген,
Біреудікін біреуге салып берген.

Қыс боламыз, жадырап жаз боламыз,
Алаяқтар алдамшы аз ба нағыз.
Ештеңенің ертеңін ойламаймыз,
Бүгін тапқан пайдаға мөз боламыз.

Дүниенін жетсем деп шегіне бір,
Тырбанасың, қайда бұл жеңіл өмір.
Кірген ақты шашыма көрген сайын,
Су сепкендей басылған сері көңіл.

БІР-АҚ КҮН

Бір-ақ күнде,
Бәрі де бір-ақ күнде,
Не әкеледі сол бір күн бірақ кімге.
Сөті келсе, бір күнде бағың жанып,
Бәйшешектей құлпырып гүл аттым де.

Бак-талайы жігіттің —
Көрсенені,
Бір күнде адам қаншама жол шегеді.
Бәлкім, мына жалғанның жақсылығы
Бір күндік биігіңмен өлшенеді.

Бір-ақ күн!
Бәрі, бәрі... бір-ақ күнде,
Бағыңды сол бір күнге сынаттым де.
Қара жер қайысардай қасіретінді
«Бөліс!» деп айта аларсың жылап кімге.

Дүние тұтас мұнартып жанарында,
Кезіктірер сол бір күн нала-мұңға.
Жалғыз қалған бейбақтай сезінесін
Мәңгілік «Барса келмес» аралында.

Бір-ақ күн — тіршіліктің бар сенері,
Бір күнде көл семеді,
Тау шөгеді...
Қадірін сол бір күннің білмеген жан
Болса да өн бойында қанша өнері,
Өкініп өмір бойы зар шегеді.

Бір-ақ күн!
Бәрі, бәрі... бір-ақ күнде,
Сол бір күн жеткізбестей жырақ мүлде.
Бағың жанса —
Маздаған шырақпын де,
Шырағың жанбай қалса, жылап кімге
Барасың?
Бәрі, бәрі... бір-ақ күнде!..

ЕЛЕНДЕ, КӨҢІЛІМ

Қаншаға келдім, сұрама,
Сұрама бүйтіп, сынама.
Жылменен өлшеу — ағаттық
Адамның жасын сірә да.

Қаншаға келдім, сұрама,
Токтау сал сәл-сәл шұбана.
Айналамменен салыстыр,
Бірі — іні жұрттың, бірі — аға.

Алыспақ ойнап, жұлыспақ...
Жиырмадан астым жылыстап...
Жиырма бесімде белдесіп,
Отызда жүрдім Ту ұстап.

Тартыста қайтпай меселім,
Отыздың отты бесеуін
Алаңсыз артта қалдырдым,
Ол да енді менің кешегім.

Шыдар кез шындап шынықсақ,
Ұғар кез бәрін шын ұқсақ.
Қырықтарда да қиқулап,
Асауға жүрдік құрық сап.

Елуден астық, елуден,
Басылды көңіл елірген.
Жүдеді жүрек семірген,
Арылды кеудем желінен.

Ұрғылап жардың кемерін,
Дауыл боп соққан жел едім.
Адуын мінез азайып,
Алпысқа таяп келемін.

Білдірмес бөрі арығын,
Камығып қайтем, жарығым.
Жиырма бес емес, қырықтың
Енді ұққандаймын қадірін.

Өтер күн сенен, менен де,
Еленде, көңілім, еленде.
Қызығып ертең қарармыз,
40 емес, 50 дегенге,
Еленде, көңілім, еленде.

АЙЫП ПА

Жаныма көргеннен бе жақын бәрін,
Оқимын әр заманның ақындарын.
Кеудеме ұялатып ақылдарын,
Жырларын, өсиеттерін, нақылдарын...

Ортақ мұн, ортақ қайғы, ортақ арман...
Бөр-бәрін бір тіршілік ортаға аяған.

Соныдан соқлақ салам десем-дағы,
Соларға соқпай өтер жол таба алман.

Құлағын тыңдағанның елендетіп,
Бірі айтқанды басқасы тереңдетіп,
Асан баба бастаған ұлағатты
Бұқар жырау жеткізген кемелді етіп.

Жанақ ақын, Шал ақын, әрі-әрі...
Жырдан десте жинаған бәрі-бәрі.
Алтын, ақық – гүлжиһаз арасында
Сөзін түгіл, көзін де жанылады.

Абайы бар, Ақаны, Біржаны бар,
Көкірегінді аша бер жырға құмар.
Қазақтың өзен, көлі, тау, даласы...
Түп-түгел ақын десе, кім жаңылар.

Шарасын шабытымның шайқаған сан
Сәттерде албырттықпен байқамасам,
Ақын ел, ақын жерде бірге жүріп,
Айып па кейде бірін қайталасам?!

ЖҮРЕК КЕРЕК

Досты да дос еместі күнде көрем,
Дүние-тұрағым бір, бірге келем.
Кеуде ұрардай ірі емен, іргелі емен,
Сонда да сөз айтатын кез келгенде,
Мен үшін өлумен тең үндемеген.

Сұққылай ма у тілдің бізі сені,
Дейді ғой: «Андамаған у ішеді».
Бауыздап жатқанда да сыр бермейтін
Кой екеш, қой да кейде сүзиседі.

Жұмыр жер дөңгеленіп кіндігінде,
Тұр айналып әлі де Күнді күнде.
Брунолар өртенген шындық үшін,
Ақиқатқа таласар кім бүгінде?

Десек-тағы шындықтың жолы қиын,
Арман, қиял... әлі де толы миың.
Әкететін қанбақтай жел аударып,
Қапылыста сокса бір долы құйын.

Дауылы бар, тірліктің құйыны бар,
Әзірлей біл өзінді қиынына әр.
Көлгірлік те табандап жол табады,
Кім жөндеп ақиқаттың күйін ұғар.

Осыған жүргендей ек кіл өкпелеп,
Шүкірлік, жатыр бәрі ретке кеп.
Сонда да сол шындықты ШЫНДЫҚ деуге
Әлі де жүрек керек!

* * *

Даурыққыштар, даурыққыштар даурығып,
Басымызға қара қанды жаудырып,
Басымызға қара қанды жаудырып,
Досты досқа айдап салды жау қылып.

Даурыққыштар, даурыққыштар даурығып,
Көп аңсарын басқа арнаға аударып,
Оңтайына келген тұста тартынбай,
Көрсетеді төбешігін тау қылып.

Көкірегіне орнай қалса таршылық,
(Өмірде, иә, ондай сәт те баршылық)
Біреулердің ұлан-асыр теңізін
Көп көзіне көрсетеді тамшы ғып.

Жалпақ елге жақсын, мейлі жақпасын...
Әділеттің қағып келем қақпасын.
Көре тұрып, біле тұрып: «Барды — жоқ,
Жокты — бар!» деп көлгірсуден сақтасын.

ИТ ИТ БОЛЫП ҰЛИДЫ...

Тіршіліктің бұйырмай сый төрінен,
Көкірегінен мұңды зар, күй төгілген.
Жандар өткен еңсесін бір көтермей,
Ит ит болып ұлиды ит өмірден.

Жаралы жер, жаралы ел, жаралы аспан...
Бәрі ит тірлік — ит өмір жағаласқан.
Дүниеге келгенде түгел таза,
Ойламаған татам деп харам астан.

Аш-жалаңаш күйіне қарамастан,
Ойламаған татам деп харам астан.
Тегіс жерде жүру де қиын екен,
Келе-келе оны да қара басқан.

Қара басқан, сәл ғана жаза басқан,
Тойымсыз жан тоқ жүріп азар аштан.
Өмір солай тұңғыық ми-сорына
Тарта берген... Жаралы ел, жаралы аспан.

Шалыс басты бір қадам — қандай қадам?
Қалай басқан? Қайранмын, таңдай қағам!
Түсейін деп түспейді тұңғыыққа,
Жанайын деп тозаққа жанбайды адам.

Айналасы күз-жартас — қатер еді,
Албастыны күні үшін «өке!» деді.
Демейін-ақ деп еді, амалы не?
Өмір өзі қақпалап әкеледі.

Ескен желдей еркін-ді, қимағаннан,
Көкірегінде күрмеліп күй қамалған.
Келе-келе айрылды бәрінен де,
Жетекке ерді тайлақтай бұйдалаған.

Шарайнасы секілді күй-көңілдің,
Жадау тартып барады сиқы өңірдің.
Адам басы — тағдырдың тепкен добы,
Босағаға айналса жеткен төрі,
Иті болып ұлиды ит өмірдің,
Иті болып ұлиды ит өмірдің!

ІШТЕН ЖҮДЕП...

Бір адамдай бойымда барды мен де
Көрсетсем деп алау боп жандым елге.
Бәрі соның алыстап қалды демде...
Бір аттап алға бассам, екі қадам
Кейін қарап жүргендей күй кешемін,
Түсінбедім, артым — күз, алдым өр ме?

Жаның сыздап тұрған соң, жүдемек көп...
Бұрынғыдай шарқ ұрмай, жүрем ептеп.
Ішпей-жемей, Ай-Күннің аманында,
Шыға келдік айтулы мүгедек боп.

Біреу кетсе танымай, бірі елеп кеп,
Сәлем беріп жатады шын өбектеп.
Ел алдына шығандап шықпасам да,
Өз бағамды, шүкірлік, білем ептеп.

Өз бағамды, әйтеуір, білем ептеп,
Аршып алар асылын кім електеп.
Күн-күн сайын қиындап бара жатыр
Сәлем беру ағаға түрегеп кеп.

Шамадан тыс шарпысып күш пен білек,
Іскен жүрек, додаға түскен жүрек.
Ашуға да, басуға құлқың соқпай,
Отырғаның омалып, іштен жүдеп.

* * *

Бас ауырып, балтырың сыздағанда,
Ет жүрегің езіліп мұздағанда...
Бәрін-бәрін ұмытып бар-жоғыңның,
Ғашық бола түсесің қыз-ғаламға.

Ырғағынан жаңылмай жыршы күнін,
Жапырағын жаяды бүр шыбығың.
Мың күн жұмақ бәрібір қызықтырмай,
Ыстық тарта түседі тіршілігің.

Әні қандай тірліктің, сәні қандай...
Кедейлік жоқ, кемдік жоқ – бәрі бардай.
Кейде тіптен әшейін пенделікпен
Жүріптіз-ау жұмақты тани алмай.

Айналайын тірлікте жүріп мынау,
Босқа жылап, құр босқа күліппін-ау.
Жан мұрынның ұшына келген шакта,
Өмір қымбат екенін шын ұқтым-ау.

Шүкіршілік, екі қыз, бір ұлым бар,
Табан тіреп тұрардай тұғырым нар.
Үшеуі аман жүргенде, менен асқан,
Менен асқан адам аз, ұғыныңдар.

Бірінен соң бірі кеп балаларым,
Жасап жатыр тірліктің бар амалын,
Әулірімдеп жабылып көтергелі
Күздан құлатпаймыз деп кара нарын.

Әке болып солардан қызық көріп,
Танығандай болдым-ау жаңа бәрін.

Қарашығы көзімнің — құлындарым,
Ұқпай келген екем-ау бұрын бәрін.
Желкілдегіп бұрымы, тұлымдарын,
Балапандай шарқ ұрып шырылдауын.

Атқандай-ау алдымнан жаңа тандар,
Аялаған анамдай алақандар...
Мен тірліктің көрдім ғой көп қызығын,
Басқа тілер Тәңірден жоқ құзырым.
Артымда сендер аман жүріндерші,
Ақ қауырсын, сары үрпек балапандар!..

ӨЗІМІЗ

Жаксыны да, жаманды да көп көрген,
Бәрін, бәрін бастарынан өткерген
Қара нардай әкелер-ай әулие,
Сүйреп жүріп осынау күнге жеткерген.

Шындағы арман — замандардың іздері,
Құмда қалған адамдардың іздері.
Барлық белгі — әкелердің көздері,
Жаксылықтан саңлау болса біздегі.

Бойымызда бар ма бұла күш деген,
Қиял бар ма көкте құсты тістеген —
Қалған белгі әкелерден әулие,
Біреуі де төбемізден түспеген.

Кеткен солай бәрімізді Адам ғып,
Көңілімізді көп нәрсеге алаң ғып.
Ойымызды керенаулау, шабан ғып
Алсақ, бәрі өзіміздің жамандық.

Шым-шытырық шығып жатса сөзіміз,
Іріп жатса, шіріп жатса бөзіміз,
Көрмейтінді көре берсе көзіміз,
Көнеленсе сүрлеу-соқпақ болып із —
Соның бәрі ерлік емес, ездiктен
Бар жаксыны жоғалтатын өзіміз.

Жастықтың буы,
Мастықтың нуы... нені ұғып
Жарыттық, дүние дөңгелеп тұрды төбеде,
Есерлік қуып, кеселдік буып, семіріп...

* * *

«Баладай көрінетін кеше еліне,
Танымастай өзі ғой, — десе, — міне...»
Ол да рас, уақыт табын қалдырыпты,
Алғандай кәріліктің есебіне.

Соғысы бар, одан да зор ісі бар,
Әр жылың қайталанбас соны шығар...
Ұмытып сол күндерді — сор күндерді,
Болмыстан таптық па екен толысып әр?
Ой-қырым өре салып меселіме,
Шошына қарайтындай кешегіме.
Бір мінез тапқандаймын сенер-сенбес,
Әлде бұл да уақыттың кеселі ме?
Азайтып айналамнан күрдасымды,
Мазайтып бурыл тартқан бұл басымды,
Той іздегіш көңілді ойға бұрып,
Сағындырар кез бе шын сырласымды.
Ізін, түзін таптырмай көп қиялым,
Арманым адастырып құмға сінді.
Мимен де арпалысып, жүрекпен де,
Ұйқыдан да ояндық жүдеп кейде.
Масайрап мәз боламыз мағынасыз
Әйтеуір күн өткенге, жыл өткенге.
Айта алмай алмағайып айтарыңды,
Көңілге тұндырасың қайта мұңды.
Кебісің көнге айналып тарылғандай
Қушитып құрыстырар байтағыңды.
Қойдан жуас түсесің қалыбына,
Құдірет қағып-сілкіп шайтаныңды.
Тағдырдың толып жатқан жар, өткелі
Басыңнан арылмайтын әлек пе еді?
Арыңды асауды да ауыздықтар
Ерліктің де екен-ау бәрі өтпелі,
Таң қалам өзіме өзім қарап, тегі.
Қуш қайтып, қуат кеміп ақыр менен,
Қауқиған қуыс құрай пақыр денем.
Жатпен де тіл табысып, жақынменен,
Күн кешіп жатқандаймын ақылменен.

Кей-кейде қайрап қоям намысымды:
«Көрсетсеңші тағы бір шабысынды!
Осындай бола ма екен ақын деген?»

ШЕР ТОЛҒАУ

Жастайымнан көрдім мен екі дәуір,
Ащы таяк көп тиді етіме ауыр.
Бас көтерер ерлері қан кешуде,
Зарлаған жетім бала, жесір әйел,
Қорғаны жоқ шал-кемір – жетім ауыл.

Жыр да жазғым келмейді содан кейде,
Құйтырқы арман «боламын, толам» дей ме?
Ашқұрсақ, күтеріміз – бір үзім нан,
Жалаңаш етімізде жалаң жейде.

Көп міндім жүйрікті де, шабанды да,
Көп көрдім жақсыны да, жаманды да...
Тоздырып темір етік, темір таяк,
Қажаттым қайрақ тасқа табанды да.
Ағайынның азары аз, безері жоқ,
Көңілім әр нәрсеге алаң мына.

Жасынан астым, міне, пайғамбардың,
Көрдім көбін табаны тайған нардың.
Көрдім халін кезінде айқап-шайқап,
Енді әркімге алақан жайғандардың.
Кері кеткеннің кер көбін кимейін деп,
Әр қияға саламын айламды әр күн.

Бас имеске бас идім, ой, Аллам-ай,
«Желге, селге ықпаған ноян қара-ай!..»—
Дейтін еді әзілдеп жеңгелерім,
Құдай берген қалпымды қоям қалай?!

Көбін көрдім жақсы мен жаманыңның,
Сиқы осы ма мен күткен жана күннің:
Айтқан сертте сері боп тұра алмаймын,
Бүрі кеткен тайғанақ табанымның.

Кімнен пана іздеймін, қайда барам –
Ойламасты кей-кейде ойлар адам.
Құмға шөгіп кемесі қайрандаған,
Алақанын әркімге жайғанда әман,

Өзін өзі ірітіп ойрандаған,
Қайран заман, ісіңе қайран қалам.

Астарында — алтын тақ, күміс тақтай,
Заман ойнап, тізгінін түр ұстатпай.
Балалары ата-анасын бақсын дейді,
Ал олар тентіреп жүр жұмыс таппай.

Арманының ұшығы бір ұстатпай,
Тентіреуде телміріп, бір іс таппай.
Енді біреу долларды ойнатады,
Одан басқа қазаққа ырыс жоқтай.

Жан қысылса өлмейтін өзегі нәр,
Қиындыққа төзбейтін төземін әр.
Орыстың, еврейдің, немістің де...
Толып жатқан басқа да жер үстінде
Қиналса, жиып алар өз елі бар.

Демегін тозақ қайда, азап қайда,
Мына заман бізді шын мазақтай ма?
Атажұрттан басқа ауар мекені жоқ,
Заман қысса, ауады қазақ қайда?

Суық түссе ауатын тамам күсша,
Кулығы жоқ, емес-ті амалға ұста.
Ата-баба мекенін артқа тастап,
Елім қайда барады заман қысса?
Ақының да, аламан батырың да,
Жетімін де, жесірің, пақырың да...
Кете бере ме әркімнің тақымында?
Қара Ертіс те бастауы қығай бетте,
Не болады бұл заман ақырында?

Жер Күнді емес, сол Жерді Күн айналса,
Тайданбайтын шығармыз оған да онша.
Қара қытай — шегіртке қаптамай ма,
Нәрлі суың уменен лайланса —
Ойлағыштар бұған да бір ойланса.

Жыламаймын деймін-ақ, жыламаймын,
Жыламасқа қоймайды-ау мына қайғым.
Бәрін жұтар бұл заман, сірә, Жайын,
Басымызға Албанның күні түссе,
Берер ме екен қол ұшын бір ағайын?

Биік мансап, жоқ тағы зор атағым,
Білемін тек күн батып, таң атарын.
Сыртқа шықсам, қамығып қажып қайтам,
Шалдар жайып жүргенге алақанын.

Өз тірлігім — өз хұқым, неге өкінем,
Ақынмын деп қайда да енетін ем.
Кеше бізді ок пен от, жел өтінен
Қорғағандар коктықтан нәр іздеп жүр,
Елге ермін деп қараймын не бетіммен?

Тастандылар қаптаған қаңғырыста,
Заман тыныш, кәнекей, заң дұрыс па?
Күн батпай-ақ көшеге шыға алмайсың,
Қағып кете береді әр бұрышта.

Ішім иттей ыңырсып ұлығында,
У құйылып кетердей жылы қанға.
Әрі-сәрі, дел-сал бір күй кешемін,
Тілемеймін күйімді тірі жанға,
Менде ой да, ми да жоқ мұны ұғарға.
Тегіс жерде тайғанап сүрінемін,
Тағдырымның алдамшы жыны бар ма!

Әр киырдың ұлымыз, әр атаның,
Өз ұлтының ойлайтын ар, атағын.
Өлім тілеп отырған қартты көрдім
Жайып жұртқа мүсәпір алақанын.
Батар екен бүгін кеш қалай күнім,
Атар екен қалай боп ала таңым?!

ӨЗІҢДЕ ЕМЕС ӨЗ ЕРКІҢ

Ой ортайып, ми қартайып, күш кеміп...
Өзіңді өзін танымастай тістеніп,
Ұзақ таңға кірпіктерің айқаспай,
Қалғып кетсең, дөнбекшисің түс көріп.
Құс мамықта рахаттанып жата алмай,
Таң да саған сағындырып атардай.
Төсегіңе тас толтырып қойғандай,
Жамбасыңа кесек болып батардай.
Рас, адам тіршілікке тоймайды,
Бірсуге — той, біреулерге ой қайғы.

Төңірінен ұзақ ғұмыр сұраған
Пенде шіркін, біле алмадым, не ойлайды.
Тасбака да, мың жасаған қарға да...
Сол ғұмырда қандай мағына — бар баға?
«Ездің емес, ердің тіршілігін бер!»—
Деп құлдық ұр, құлдық ұрсаң Аллаға.
Әу бастан-ақ өлшеулі адам тірлігі —
Аз еді деп айта алады кім мұны.
Қыршын ғұмыр —
Сол ғұмырда ұққанға
Ұлағат пен ұлылықтың бірлігі.
Айта берсең,
Ғибрат көп, мысал көп,
Өрелі ойды өзімшілдік тұсар кеп.
Қиялыңның қос қанаты қайырылып,
Ұша алмайсың кейде биік ұшам деп.
Бір қарасаң —
Ойың еркін, сөз еркін...
Еркіндіктен тірлігінде безер кім?
Құрық үзіп кетпесең де қияндап,
Жүр қиялдап, әзір оны сезер күн,
Бәрі бір де — өзінде емес өз еркің!

ЕШТЕНЕ ДЕ СҰРАМА

Ештеңе де сұрама бүгін менен,
Жаксы, жаман... білмеймін түгін де мен.
Шуак күйсаң болғаны жүрегіме,
Жанарыңмен аймалап күлімдеген.

Тірлік жайлы, ел жайлы, қоғам жайлы...
Ештеңе жоқ, ойласам, одан жайлы.
Бірақ бүгін солардың біреуі де
Жүрегіме жұбаныш бола алмайды.

Моп-момақан жатқанмен дала сұлық,
Тұлпарымды белдеуде таң асырып,
Шығардаймын бір жойқын шабуылға,
Жүрек тыным бермейді аласұрып.

Жүрек тыным бермейді аласұрып,
Қармап алған жанымды қара суық.
Тілемей-ақ қояйын басқа тілек,
Көңілімнің кішкентай наласын ұқ.

Ештеңе де сұрама басқа менен,
Бірдеймін қамсыз-мұңсыз жас баламен.
Бәрін-бәрін ұмытып кеткендеймін,
Төңкеріліп жатса да аспан-әлем.

Көшіп жатса дүние дүбірлеген,
Қарама оған, жаныма үңіл дер ем.
Шуақ күйсаң болғаны жүрегіме,
Жаңарыңмен аймалап күлімдеген.

Басқа ештеңе сұрама бүгін менен!..

ҚИЫН СҰРАҚ

Емделем деп келсем-ақ қар жауады,
Ақ мамыққа бөлейді жар-жағаны.
Ой да, қыр да күмістей мөлдіреп тұр,
Таусылмапты аспанның маржаны өлі.

Ақ құс болып қонғандай құт ақпанда,
Алдында — жаз, қысылып-жұтап қалма.
Ең дұрысы — ақ маржан ел ырысы
Қонып жатқан ақ қар боп бұтақтарға.

Таңда туған көрінді Ай жаңарып,
Ақ ұла қар ұшып жүр майда, мамық.
Көлбеңдеген көктегі көбелектей
Қонақтарын білмейсің қайда барып.

Көрінбейтін шет-шегі өңірде кең
Құйқылжиды құбылып көңіл — дөнен.
Ертеңіңнің елесі ертегідей,
Бара жатыр қымбаттап өмір деген.

Суың да пұл ішетін, уың да пұл,
Соның өзі таудың күз-шыңында тұр.
Көлеңкеңнен қорқасың көлбеңдеген,
Көрінгенмен сырт көзге бүгін батыр.

Көкжиектен көрініп таң келеді,
Ұйқысынан оятып жан-денені.
Сырымды ұдай тартпайды бұрынғыдай,
Төбіренгіп-тербетіп әнге мені.

Ұбак-шұбак созғандай өмір көшін,
Небір қиял тербейді көңіл көшін.
Күннен күнге көмескі көкжиегің —
Көз ұшынан бұлдырап көрінгесін.

Тіршіліктің, бар болсаң, төріндесін,
Шара-шалап шайқалып төгілмесін.
Ертелі-кеш бір жерде тірелесің,
Кисая кетсең ертен, өлім де — сын.

Тіршілікке тойыпты жалғанда кім,
Жайқала түссе дейсің орман-бағым.
Төбеден төккен жаһұт-маржандарым —
Құйылған көктен бақыт-армандарым,
Ырысқа балап қоям жауған қарын.

Каптаған жерім де — өлең, көгім де — өлең,
Барлығым да сүбесі сөгілмеген.
Асылдарым көрініп, көрінбеген,
Жасындарым төгіліп, төгілмеген...
Киын сұрақ, тірлігім тиын сұрап,
Қымбаттап бара жатыр өмір деген...

* * *

Көңіл, көңіл... бірде пәс, бірде биік,
Қайғы-шерінді айтасың кімге күйіп.
Ішің жамау, сыртың сау, сыр алдырмай,
Көрінсем деп ойлайсың күнде биік.

Алмағайып тірлігің де ала-кұла,
Жүдеп жүрсең қарайды ел қабағыңа.
Өзінді өзің емес, жұрт біледі,
Алдау қиын басқа емес, баланы да.

Көңіл, көңіл... көзіме кара мына —
Үңілгендей боласың жан, арыма.
Көз жанарым — көңілдің шар айнасы,
Білгің келсе, қарай ғой жанарыма.

Қызықсам да мансапқа, шекпен, шенге —
Сырт айналып біреуге кектенсем де,
Айна — көзім бірін де жасырмайды
Ит етіндей жиреніп, жек көрсем де!

Көңіл бәрі, бәрі де көңілімде,
Шаша берем сыр қылып оны кімге?
Көңілімнен қақпалап қала алмадым
Жаксы, жаман... не болса да өмірімде...

АЙТАР МЕЗЕТ

Айтар мезет келмеді ме, келді ме –
Көкіректі шырмап алған шер міне!
«Оң іс» қылып, орыс қылып жібердік
Мағжан, Сәбит, Ғабит туған жерді де.

Басымызды айналдырып «мұңар бақ»,
Ұқпай қалдық – жатыр кімді кім алдап.
Тілімізді «Елім-айлап» жыр жазған
Мақұл көрдік алғанға да шұбарлап.

Дәлелдеп көр – кедей тіл ме, бай тіл ме?
Айырмаймыз оразаң не, айтың не...
Атасы мен немересі білмейді
Ұғысарын, шығысарын қай тілде.

Бағдарымызды айқындамай анық біз,
Басқалардан «озып» жүрер халықпыз.
Орысшаны шан қаптырып, шашалтып,
Аз-ақ жылда «ағылшын» боп алыппыз.

Қарап тұрсам азды-көпті ойға сап,
Санамыздың санлауына бойласақ,
Мыңжылдықтар тоғысында ат қойып,
Қатар шыққан талайларға мат қойып...
Басқа тілде мәз-майрам боп жатырмыз
Алты алашқа ат шаптырып, той жасап!

Еркің білсін, түсін мейлі, түсінбе,
Мақтанамыз ашық-тесік мүсінге.
Көре берер бәрін-бәрін көз арсыз,
Тере берер, айта берер сөз арсыз,
Сен үндеме, бас сынса – бөрік ішінде,
Тегін деме, қол сынса – жең ішінде.

Талайлар жүр – кере қарыс, шот мандай,
Илеп жатыр, билеп жатыр тоқталмай.
Барын, бәрін жарқыратып, жайнатып,
Жанарыңа қарып басқан оттарды-ай!
Ортаймайтын қазынамыз көп қандай!!!

Қазақстан – ғажапстан, қай стан?
Шыдамы – көн, терісі – сірі қайыстан.
Жатса-дағы табандарда тапталып,
Қыңқ демейтін, мыңқ демейтін меніреу,
Қара НАРДАЙ қабырғасы қайысқан.

Қазақстан – ғажапстан, бақстан,
Батыспен де, Шығыспен де табысқан.
Аспанынан шұға жауып жатқандай
Құдалары келгенге «аңсап» алыстан,
Басы айналып кетпей ме екен табыстан?

Көп болғандай бергенінен алғаны,
Таңдап тапқан тұмарындай таңбалы,
Жазатайым ұмытса да АЛЛАНЫ,
Айналдырар айқайымен кәлланы,
Ұмытпайды жас байы мен Алланы.

Қазақстан – ғажапстан, бақстан,
Астанада тұғыр биік, бағы ұшқан,
Жемге ұмтылар кілең қарға сауысқан,
Өз өрісін шокып, теріп тауысқан,
Содан, содан бізге қарап ауысқан...

Бағыттары бізге қарай ауысқан,
«Сағынысқан», құшақ жайып қауышқан.
Өмір қайдам, көңіл содан шерменде,
Қайтер екен қайтар кезі келгенде,
Көкіп, шокып жемімізді тауысқан?!

САҚ ЖҮРІШІ

Аңыз бенен шындықтың ара жігін
Ажырата аласың ба, қара, күнім.
Ақ, қараның көресің бәрін бірдей,
Жаның гүлдей баяғы балалығын.

Әрі сұлу, сүйкімді, әрі әдемі
Тіршіліктің көрінбей қара меңі,
Айналаңның бәрі аппақ айдай болып
Жүре берсең, құлыным, жарар еді.

Таңы жарық арайлы таңымыздай
Сырты сұлу болғанмен, жаны мұздай

КЕШІРСІН ТӘНІРІМ

Үйқыдан шошып оянып, жынданған жандай күнбе-күн,
Инемен құдық қазғандай қопарып бақтым жыр кенін.
Өзіме бәрі осалдай опырып ойдан алғаным,
Былайғы жұртқа қаншалық құны бар, оны білмедім.

Қаншалық құны, қадірі?
Айта алман оны, білмедім,
Шыңыраудан тартып шығардым бірде қуаныш, бірде мұн.
Таразы басын тең басып қалтылдап тұрған тәрізді
Мына тірлікте пенде боп жылағаным мен күлгенім.

Ақынға біткен осалдық – мақтаудан бәрі дәмелі,
Сыналып жатса, әзірдей оған да себеп-дәлелі.
Халқым деп сөйлеп «қамқорсып», көкірек ұрып жүргенде,
«Ұлым!» деп жатса шіркінді жарасар еді-ау бар елі.

Өзім де көптің бірімін –
Не айтуды кейде білмедім,
Айтар-ақ едім, сөзімді ескеріп жатыр кім менің.
Арнаға сыймай, шашырап кететін жылға-жылғамен
Сұраусыз судай сылдырып ағады сынап – күндерім.

Айтайын деп те айтпайсың орынсыз тұста секендеп,
Топырыш торы тірлігім жай-күйін білер тепең көк.
Үндесең, оны білгеннен айтып тұр осы демейді,
Үндемей қалсан, ойлайды түк білмес топас екен деп.

Анадан тудым мен де ұл боп, осы жұрт соны біле ме-ей,
Біреулер түк те тындырмай – сүт бетіндегі кілегей.
Мандайға басқан мөрі жоқ, сонда да тани қоясын
Мына тірлікте Тәңірге кім жақын, кім жат, кім өгей.

Баянсыз ғұмыр өтеді одан да, сенен, менен де...
Кетпейтін болса бақиға, фәниге жылап келер ме?
Кешірсін Тәңірім, кешірсін, күпірлік етсе пендесін,
Сене алмай қалам Аллекем баршаға бірдей дегенге.

ҚАЙРАН АҒАМ

Аға, қайдан келесін, қайда барып,
Бір қолға – сүт, бір қолға айран алып?
Келіндерің көрсе егер, бізге сор ғой,
Жүретін сені үлгілі қайнаға ғып.

Аға, қайдан келесің, қайда барып,
Байқамағам мұнында жайда нағып?
Бәрімізге төбедей көрінуші ең,
Не боп кеткен тірлігің, қайран алып?!

Не боп кеткен тірлігің, қайран алып,
Көрі жеңгем барында шәйға қанып,
Сөйлеуші едің тілдіге тізгін бермей,
Кеше ғана келгендей Айға барып.

Бәрі өтпелі екен ғой, бәрі өтпелі...
Жас тоқалдың қандайлық бар өткені?!
Ойға-қырға жүгіртіп соның өзін,
Отырсаңшы сүйретпей көрі өкпені.

Сәнмен серпіп қанатың жайған қыран,
Қартайғанда тап болдың қайдан бұған?
Сен жүресің қолбала секілденіп,
Ол шықпайды көлбендеп айна алдынан.

Қайран ағам,
Тегіс жерде тағдырың тайғанаған
Көрініп тұр көзге де жай қараған.
Қадірімді жас тоқал қайыным деп
Білер ме? Сені іздесем, қайда барам?
Қор болдың, қор болдың-ау, қайран ағам!

ДОСҚА ХАТ

Біле тұрып, біле тұрып алданбаудың керегін,
Мен өзіне өмір бойы алданумен келемін.
Басқалардай көпке айтпаймын, өкпе артпаймын тағы да,
Артып қайтем, айтып қайтем – сен білесің себебін.

Елу алты – астанаға жетіп едік бәріміз,
Асхананың тегін наны – бойға қуат нәріміз.
Сан қиыннан, әр қиырдан жолдарымыз тоғысқан
Жетім едік, ұмытпауға тиістіміз әлі біз.

Бес жыл жаттық бір бөлмеде, бес жыл таттық бір дәмді,
Одан соң да көп су ақты, көрдік талай сынғанды.
Тіршіліктің арқасында тырбанумен келеміз,
Ойлап көрші, сол жылдардан кімдер өтіп, кім қалды?..

Бәріміздің жанымызда айықпаған мұң бар-ды,
Бірге отырып сыбаушы едік жәй ұқпаған мұндарды.
Сыбайтын да, сынайтын да сол кездегі достардан
Қарашы өзің, алды-артында «міне!» дердей кім қалды?

Аз-ау бүгін, аз-ау бүгін...
Қарашы оң, солына,
Алдыңда да аз, ергендер де көп емес-ау соңыңа...
Шолақ камшы сабындай-ақ мына келте ғұмырда
Артық болмас есіңе алып қойғаның бір соны да.

Арман-тауға бірде жетпей, бірде жетіп қолымыз,
Сан тоғысып, сан айрылды тағдыр атты жолымыз.
Біреу білер, біреу білмес, одан бізге не залал —
Бәрі бір де ұмытпауға тиістіміз оны біз.

Бұл фәниде болмайтындай ұтылыссыз кіл ұту,
Ұмытпауға тиістіміз, мүмкін де емес ұмыту.
Әр шақтарда мансаптан да биігірек тұратын
Бар, бауырым, ДОСТЫҚ атты ұлы ту!

ЖАҚСЫ ЕКЕН ҒОЙ

Құдай берсе, қона салар бақ қандай,
Сере семіз — балпаң күйрық батпандай.
Ағаларың арнай іздеп келгенде,
Жаның жібіп, таның күліп атқандай —
Сезінесің Оқжетпесте жатқандай.

Кілең мықты маған жайсаң жақындар,
Атағы аңыз, елағасы ақын бар.
Ғылымның да бір тұтқасы қолымда,
«Мен кіммін?» — деп мақтануға хақым бар.

Ой тербеумен өтер күн мен түндері,
Сезім шіркін жетелейді ілгері.
Академик, ақын іздеп келетін
Осал жан деп ойлай алар кім мені.

Ойлары бар елді ұйытқан көшелі,
Қатарына қарап адам өседі.
Осындағы бар немістің көсемі
Бельгерді жұрт маған туыс деседі.

Жалғандық жоқ қолдан құрап жасалған,
Салт-дәстүрден қазақ қалай аса алған.
Бала күннен бірге өскен доп қуып
Өзімізге Гера дос ол қашаннан.

Жаксы екен ғой ата дәстүр, жөн білген,
Сана-салтқа көкірегінді көндірген.
Аңқылдаған АҒАЛАРДЫ көрдім де,
Өзімді енді танығандай болдым мен.

ҰҚҚАНҒА...

Ұққанға сыртым да өлең, ішім де өлең,
Шабытын от-ошактан түсірмеген,
Әр-әркім тіршілікте түсінбеген,
Ақынның маңдайына жазғаны сол,
Қалғып кетсем,
Көрерім – түсімде өлең.

Қиялды қияндармен жарыстырып,
Жаксылық, жамандықты салыстырып,
Жүреді тірлігінде тыным алмай,
Кетіскен екі досты табыстырып.

Біле алмай қалғандығын кімге жазып,
Мұнайса, мұн шағады гүлге нәзік,
Кей-кейде Қожанасыр секілденіп,
Өз көрін өзгелермен бірге қазып...

Өлең бе?

Бола алмайды табыс ол да,
Ақынның жаралғандай жаны сорға.
Кедей боп қатарынан кем жүрсе де,
Тағдырдан тандап тапқан бағы сонда.

Санамда санағанмен өнерді азық –
Көсіліп көрген жоқпын өрем жазып.
Сықырдай сыландаған еркін алып,
Ақынды билей берер өнер нәзік.
Барлығы ол дүниенің рас болса,
Жатармын өлгенде де өлең жазып.

ІНІ СҰРАҒЫНА ОРАЙ

Деймісін бұл ағаңа: «Халың қалай?»
Жіліктеп айтам, жаным, бәрін қалай.
Алысар ауыздықпен асау күн жоқ,
Тартамыз тағдыр жүгін арындамай.

Көтеріп, хошаметтеп қосағасын,
Жүреміз арыннан қол босағасын,
Шал болып шау тартқан бұл шағымызда
Күзетіп ұйғыр, корей босағасын.

Қазақтың қара шаңырақ Одағы еді,
Арнасы арманымның толы-ақ еді.
Басқаға барымыздың бәрін беріп,
Өзіміз сырт қалмасақ болар еді.

Күйбің-күйбің көңілге күй келмеген,
Ашиды тұз басқандай күйген денем.
Тәрдегі басымызды доп қып ойнап,
Келеміз есік жаққа сүйреуменен.

Көңіл шерден, бас ойдан босағасын,
Жаксы, жаман... бәрін де хош аласың.
Өзім де ұқпай, өзгеге де ұқтыра алмай,
Келемін түсіне алмай осы арасын.

Қапы жоқ басшылықтың шешімінде,
Тілімнің тартып жүрмін кесірін де.
Құрметті демалысқа кетер ме екем
Отырып әркімдердің есігінде.

ЕЙ, БАУЫРЛАРЫМ

Ей, бауырларым!..
Төтен болды бұл жолғы ауырғаным.
Дүниені ұршықтай шырк үйіріп,
Көз алдыма әкелді ауыл маңын.

Өткендерім, алыстап кеткендерім,
Жетпегенім және де жеткендерім,
Өмір деген әдемі ақ дәптерге
Салған ою-өрнегім, шеккен зерім...
Көз алдыма келеді дөңгеленіп

Мандайымнан аймалап ескен желім.
Ескен желім!..
Жалаң аяқ майсасын кешкен жерім.

Жыл айналып қалыпты-ау көрмегелі,
Көрмей қалай сені ұлың өлмек еді?
Тас қияға қадалып тырнағымен,
Өмір дейтін биікке өрмеледі,
Бұл – әзірге отының сөнбегені,
Тауықыметтің ырқына көнбегені.

Есіл бойын, қаптаған ен тоғайын...
Жағасында жайлаған ел толайым,
Сағынды ұлың арманын сабылдырып,
Ормандарын тербелген ерке қайың.

Сал қарағай, үйенкі, калың терек...
Сыбдырлайды адамның жанын тербеп.
Перзентіңнің шайқалған әлсіз кезі,
Жіберіндер қолтықтан бәрің демеп.

Демсндер, кетейін бір қуаттанып,
Жандарыңнан шипалы шуақ тауып.
Айналайын, сендердің тілеулерің –
Тұрып кетсем шайқалып құлап барып.

БІРГЕ КЕТЕР

О, ғаламат,
Бар ма екен өнерде азық,
Инеменен құдық та көрем қазып.
Үйқтағанда түсімде түніменен
Жыңды адамдай жатамын өлең жазып.

Жазғанымды мың түзеп, мың өшіріп,
Алған жандай өзіме тым өшігіп,
Сау басыма жүргендей сақина іздеп,
Таңда мең-зең тұрамын түгесіліп.

Бергеніңе мың шүкір,
Ой, Аллама-ай,
Ортаймаған көңілім толы арнадай.
Құдай берген «бақыттан» бойды аулақ сап,
Іздеп тапқан азапты қоям қалай.

Алас-күлес алмасып күндер өтер,
Бірегей бак тірлікте кімге жетер.
Кұдай берген өнерім — өлеңім де,
Бейнетім мен рахатым бірге келген...
О дүниеге де өзіммен бірге кетер.

КІНДІГІМ БІР

Күзгі бақтай құлазыған жүрегім,
Өзім де сол — құлазыдым, жүдедім.
Сырласым да, мұндасым да — жырларым,
Ол таппаса, таба алады кім емін?

Сақтандырып алапаттан, дауылдан...
Сипаса, тек сол сипады сауырдан.
Жырым ғана шырыл қағып, шарқ ұрып,
Жүгіреді сәттерімде ауырған.

Шуағындай не көктемнің, не күздің,
Сынарымдай, шынарымдай дегіздің.
Өлең-жырмен кіндігім бір жаралған —
Онсыз өмір сүре алмайтын егізбін.

Ауырса да, сауыкса да жүрегім,
Табатұғын шын шипасын, шын емін
Дәрігер де, бақсы да емес — жанымда
Жанып шығар ЖЫРЛАРЫМ деп білемін!

ДОСҚА СЫР

Кетеді қауқар сенен де бір күн, менен де,
Сұлдерің қалып қауқиған анау дененде.
«Алмастың асыл жүзіндеі еді-ау!» — деп қалай
Айтармын бұрын көрмеген мынау сені елге.

Айтар-ақ ем-ау жеткізіп мынау сені елге,
Сөз таппай тіптен киналар ем-ау тенерге.
Алтынның құнын қолында барда білмейтін
Зердесіз жандар зерінді көріп сенер ме?..

Жүрісім — ауыр, жолдарым — қия, өр менің,
Есікте кім қап, озғанын сонау төрге кім
Көз бар болғаннан, амалсыз талай көргемін,
Сөз бар болғаннан, сөйлегем, талай өлгемін.

Болмаса түптеп шықпай жүргені бір үкім,
Өлгенмін, достым, қауқиған қазір рухым.
Сөзді сөз арбап, көзді көз алдап жатқандай,
Кірпік іле алмай аңдимын соны күні-түн.

Қасарып карттық ойды да бойды дендейді,
Өзімді өзім алдағым сірә келмейді.
Сен де от едің, мен де от едім, қайтесін,
Бүгін айтқанмен, бәрібір ешкім сенбейді,
Сенбейді және УАҚЫТТЫ адам жеңбейді!

ЖЫРҒА АСЫҒАМ

Онаша елден безіп қырға шығам,
Қарсы алар қарындастай жырға асығам.
Бөрінен жақын достың алыс кетіп,
Жалғаннан қалап табар сырласым – ӘН.

Ән салам өзіме өзім үнсіз ғана,
Мен де бір іштен тынған тілсіз бала,
Тындайды мұңға толы жан күйімді
Өзімдей күңіренген гүлсіз дала.

Қырда – күз,
Жабырқаған жанымда – күз,
Тәңірге талай мәрте жалынғамыз.
Бәрібір жаз оралып келмейді екен,
Қалғаны жастығымнан жарымжан із.

Күз өтсе...
Күзден бетер қыс бар алда,
Қыранның тірлігі не ұшпағанда,
Табынып тағдырына күн кешкенмен,
Өрекіп өрге шабар күш қалар ма?!

Ойласам, көбі өкініш мына өмірдің,
Көңілімнің сейілте алар түнегін кім?
Жаксысы – білмейтінім

(Сол ғана үміт)

Қай күні тоқтайтынын жүрегімнің.

Ойдың да бірі келіп, бірі кетіп...
Жанымды қырық жамау ығыр етіп,
Түндерде тыным бермей мазалайды,
Қорқамын бара ма деп ғұмыр өтіп.

Кей-кейде қырдан да асып...
Шыңға шығам,
Мың сан ой тарқатылып бір басымнан.
Сендерге соның бәрін жеткізем деп,
Тағы да қарындастай ЖЫРҒА асығам.

ЖЫРЛАРЫМ ЖЫЛАП ТҮРСА ЕГЕР...

Мұнданған кезде жырым да мұнды көрінді,
Көзімнің жасы сезіммен бірге төгілді.
Қақырап барып қабырғам қатты сөгілді,
Көзің де жылап,
Сезім де жылап тұрғанда,
Бәрінен ерек боларсын қалай көңілді.

Себебі неде? Білмеймін әзір. Мең-зеңмін.
Қай-қайда кеткен қиянды қиял кезген күн.
Бәріне соның қалай да-қалай тез көндім,
Серпіліп бір сәт сергіін деймін, бірақта
Сейілер емес енсемді басып езген мұң.

Жоғалсын бар мұң деймін-ақ, бәрі жоғалсын!
Мұң басса жанды, жадырап қалай онарсың?
Бір сәтте күйіп, бір сәтте қайта тоңарсын,
Сездірмейін-ақ, сездірмейін-ақ дейсің-ау,
Сол үшін бірақ қалайша артист боларсың?!

Бозқырау ұрса, балауса-нәзік гүл семер,
Аңғырт кезің де, албырт сезім де бір сөнер.
Салмақсыз болса, желбуаз сөзге кім сенер?
Беу, ағайындар, менің де жылап тұрғаным,
Жырларым жылап тұрса егер.

КҮН САНАУ

Ұйықтап жатып дейсің аман тұрсам-ау,
Көздің алды кіл бұлыңғыр, тұмшалау.
Алдың қысқа, артың ұзақ жеткізбес,
Кәріліктің бір белгісі — күн санау.

Күн санайсың, ай санайсың, санайсың...
Атқан танды қазынаға балайсың.
Артың — күз жар, қайта оралғың келмейді,
Ал алдында бұлдырайды талай шың.

Кешегі күн келеді көз алдыма,
Өткенменен өлшей ме бәрін адам.

«Мәңкүр-Нүңкүр» ортаға ап қысты бір күн,
Шуак еді,
Жаныма түсті кірбің.
Қамсыз-мұңсыз жүргенге байқамаппын
Қанатында заулаған құс — ғұмырдың.

ӨМІР ЖАЙЛЫ ТОЛҒАНЫС

Сирек көрдім жүзге келгендерді мен,
Аспайды ешкім тағдыр сызған белгіден.
Олай болса, жер ортасы — елу деп,
Мен өзімді қалай ғана сендірем?

Қалай ғана сендірем мен өзімді,
Сол сенімге жемдірем мен өзімді?
Жүз деген не — жігіт болып үлгірмей,
Талай боздақ қыршынында көз ілді.

Бойға құт деп жүргенменен барды рас,
Көңіл көзің тас қияда, қалғымас!
Елу деген маған бүгін ақиқат,
Кім біліпті алда қанша қалды жас?

Тіршілігің — толып жатқан белгісіз,
Біреулерден артықпысыз? Кембісіз?
Бір ғұмыр бар — ғұмыр емес, күн кешу,
Бір ғұмыр бар — жүз ғұмырға бергісіз!

Талай елді, талай жерді аралап...
Көрдім. Білдім. Достарым бар, қанағат!
Өкініш те болған шығар, кайтемін,
Толып жатыр басқан ізім сан ағат.

«Не тындырдым? Көрейінші саралап», —
Десем, бәрі шамалы екен, шамалы-ақ.
Дәтке қуат — адам деген атыма
Түсірмеген секілдімін қара дақ.

Таусылмайтын тіршіліктің күйбені,
Қол байлайтын ұсақ-түйек үйдегі...
Шідерлі аттай жаздырмапты өремді,
Көп арманым от басында күйреді.

Өртке оранған бала күнім – бал күнім,
Жазылмаған жаралары бар бүгін.
Жылдар жамап бүтіндеді дегенмен,
Көкіректе айықпастай қалды мұн.

Албырттықпен өтті тағы көп айым,
Жастық барда, бәрі де бар, жоқ уайым, –
Деумен жүріп, босқа кеткен күндердің
Қайта оралар таппай қойдым орайын.

Мен секілді талайлар-ақ өкінген,
Шамырқанған, шар болаттай бекінген.
Бұқпантайлап көрген жоқпын, әйтеуір,
Оттан, судан, соққан желдің өтінен...

Қанша белге кетер екен сөз, үнім...
Қанша жерге жетер екен төзімім?
Көмбедегі көп жүйріктің ішінен
Тани алса болғаны елім өз ұлын.

Жасық жандай жанарыма шық тұнып,
Дауыл, боран көрген емес ықтырып.
Сынсам-дағы емен сынды шарт сынып,
Құласам да күрт құлармын тік тұрып!

ҚАЙРАУ

Көлкелеме жүзінді, тура кара –
Жалғыз жүрген жан ба едің ку далада.
Гүлден нәзік, сүттен ақ жүрегіңді
Жабырқатпа, берілме мұң-налаға!

Нысанаға ап, тағдыр оқ кезегенге,
Іштей мұқап, еңсеңді езе берме!
Сенің жөнің бөлекше түсінгенге,
Кімнің кім екендігін сезеді ел де.

Сезеді ел де кімнің кім екендігін,
Өзінді өзің қажаяуың бекер бүгін.
Табашыл жұрт сыртыңнан сынап кетер,
Өр еңсеңді түсірме, көтер, күнім!

От басады өмірде аңдамаған,
Бұл фәниде кімді кім алдамаған?!

Адам деген арманмен күн кешеді,
Тіле, бауырым, болғай деп АРМАН аман!

Шындық барда, өмірде жалған барда,
Жетіп-жетпей жүрген көп армандарға.
Көкірегінде сөнбесін жарық сәулең,
Басынды ұрып қайтесің жардан жарға.

Басынды ұрып қайтесің жардан жарға,
Көп өмірде алдаған, алданған да...
Өлі жандай өлексе өмір кешпей,
Күресіп өткен жанда арман бар ма?!

ЕРТЕҢГЕ БАРАР БАҚ КҮНІМ

Елдігімізбен, ерлігімізбен көктеген
Қиын күнді де, күйін күнді де көппенен
Өткеріп бастан, бірге көтерген жұрт едік,
Күн кешіп жеңіл көрмеген айла, еппенен.

«Арымнан – жаным, жанымнан – малым садаға»...
Ақшаңыз түгіл, алтын да жүрмес араға.
Дауға түссек те, саудаға түспес жұрт едік,
Ана сүтімен АДАЛДЫҚ сіңген санаға.

Содан да ма екен, тиынды жәй бір тиын деп,
Байқамай жүрдік тірліктің түйткіл күйін көп.
Ағайын барда атым көп, әмбе асым көп,
Қайда келсем де салулы төсек, үйім көп...

Әуселем – жыр, ән, көңілімнің шалқар шарты – күй,
Тебіреніп кетсе, қазақтың әрбір қарты – би.
Өнердің өрен өресі биік, өресі...
Түскен жерімде салулы төсек, салқын үй...

Өзгерді уақыт, өзгерді бәрі, өзгерді...
Өзгеріп кеттік біздер де көріп өзге елді.
Егін де, мал да, алтын да, мыс та, темір де...
Сенім де бүгін ақшаға мықтап сөз берді.

Бауырың – бауыр, досың да – қимас досыңдай...
Қосылып бәрі, тек ақшаң ғана қосылмай,
Елдігің де енді есепке мықтап көшеді,
Көн-көнбе – бірақ НАРЫҚТЫҢ заңы осындай!

Еркінбіз енді, бар жеке тиын, теңгеміз,
Теңгең тең болса, еңсем де биік, тең деңіз.
Тәуелсіздігімізді тәлкек етгіре алмаймыз,
Баяғыдағыдай қол созып көрші елге біз.

Өзімде барда,
Мүсәпірсимін мен несін,
Көрсін күллі әлем,
Бізді де ЕРКІН ЕЛ десін.
Алтыннан асыл қазақы тиын, теңгеме
Алтынмен өрдім БАБАЛАРЫМНЫҢ бейнесін.

Алтынмен өрдім,
Алтыннан да асыл болсын деп,
Берекесі мол,
Бірінен мындар өрсін деп.
Алыс-жақында қызғаныш оты жанбасын,
Қуанышыма қуансын күллі көршім кеп.

Алғашқы ақшам,
Алғашқы менің шаттығым,
Алтын сыңғыры — әлемге кетер тәтті үнім.
Алатауымнан асырып алысқа ұшырдым,
Ақ құсым менің,
Ертеңге ұласар БАҚ КҮНІМ!

Бәйгеге қосып келген ел жүйрік, жорғасын...
Мәреге шықты,
Мерейлі ерге ол да сын.
Бар бақытымның бастауында жүрген ЕЛБАСЫМ,
Ұлы сапарда бағынды Құдай көтеріп,
Ұлы БАБАЛАРДЫҢ ұлы аруақтары қолдасын!

БАЛАМЫН МЕН

Сұлулықтың айта алар кім өлшемін,
Біреу көлін мақтайды, біреу шөлін.
Туған елің болмаса Ту ғып ұстар,
Қадірінді басқа кім білер сенін.

Өз елімде сұлтанмын, өз жерімде...
Айтсам, өтер ойларым, сөздерім де.
Ақынмын деп қаншама кеуде ұрғанмен,
Еркелігім жарасар өзге кімге?

Елге барсам, ақкөңіл Ана көріп,
Қайта түлеп шығамын бала болып.
Кісімсінген қалпымнан демде өзгеріп,
Ақындығым әп-сәтте қалады өліп.

Жасы еркелеп, үлкені еркелетіп,
Ағам, жеңгем, той болса, ерте кетіп,
Құшағына қалың ел алған шақта,
Қалғанымға қысылам ерте жетіп.

Суық ұрып солдырған ерте гүлін,
Көңілім – сынық домбыра, шертеді мұн.
Жетім қозы секілді ерте отығар
Шүкір, бүгін Елімнің ерке ұлымын.

Тоңа білген және де жана білген...
Тек жақсылық тілеген жан-арыммен,
Елге келсем, бәрін де тез ұмытар –
Ақын емес,
Баяғы баламын мен,
Баламын мен,
Бала боп қаламын мен!

АСЫҒЫП ЖЕТКЕН ҚОЛЫМ...

Мұнар бұған көктемде – дала сағым,
Мұнар-әлем ішінде адасамын.
Сағым қуып, өлі де арман қуып...
Жалаң аяқ жүгірген бала шағым.

Жалаң аяқ... қоңторғай жетімдігім
Армандайды бұғанам бекір күнін.
Қарыным аш болғанмен, көңілім тоқ –
Жалғанның жалғыз байы секілдімін.

Көктем сайын тау түлеп, дала гүлдеп...
Жанымда – алау, от болып жанамын кеп.
Біреу мені кемсініп тұрғандай-ақ,
Арланушы ем айтуға баламын деп.

Елім мені көрсе деп **АРЫСЫНДАЙ**,
Лаулар ем көлдің құрақ, камысындай.
Албырт сезім алдына жан салмайтын
Не бар екен баланың **НАМЫСЫНДАЙ!**

Сол қиялмен қиға өрлеп еркін,
Көрдік біздер әкенің көрмегенін.
Той болса, жиын болса, еншіміздей
Бізді күтіп тұрады төрдегі орын.

Алыстап асылың да, ардағың да...
Арманың араласып танда нұрға,
Қалғандай қолын бұлғап көз ұшында —
Көлбеген көк мұнардың ар жағында.

Көк мұнар — көк шымылдық аралықта,
Көп қызық көлкеленіп қалады ықта.
Асығып жеткен қолым ағалыққа,
Қор боп жүр орала алмай балалыққа.

ҰРПАҒЫМДЫ АЯЙМЫН

Ей, аңғалдық,
Туа біткен аңғалдық,
Таң қалмайтын дүниеге таң қалдық.
Өзімізді өзіміз көп алдадық,
Жетпісті де жерорта деп сандалдық.

Сөйте жүріп тең еместі тең қылдық,
Арыстанды қу түлкіге жем қылдық.
Ерді езге ебін тауып жеңдірдік,
Жігерін — күм,
Көкірегін жер қылдық.
Сорақысы —
Бәріне де нандырып,
Бұлжымайтын заңдылық деп сендірдік.

Бой үйретіп алдық тарға, кеңге де,
Кім, не керек көнбіс болған пендеге?
Бәрін, бәрін ауыстырып теңгеге,
Тарс ұмыттық серпілуді, сергуді,
Ең жар болып кеткен сонша ел неге?!

Тағдырына таңба басып талайдың,
Өте берді бір «міні жоқ әйәй күн!»
Біз сенгенге ол да сенер ме екен деп,
Кейін келер ұрпағымды аяймын.

БІЛСЕ-АУ ӘРКІМ...

Елу үш жыл — қысы бар, жаздары бар,
Ғұмырым бұл көпке де азға құмар.
Беріп келем және де алып келем
Пешенеме тағдырдың жазғанын бар.

Көкжиектен күн сайын күле шығар
Әр күннің алар, берер үлесі бар.
Қамшы сабы секілді келте өмірді
Қызық етіп көрсетер — міне осылар!

Қайсысы көп — аласым?..
Бересім бе?..
Бәлкім, соның екеуі тенесуде.
Қалай-қалай десе де АДАМ болып,
Қалсам деймін ертең күн Ел есінде.

Бар бағымды бүгінмен өлшемедім,
Қиялыммен ертеңге жол шегемін.
Ұрпағым: немерем бе, неменем бе?..
Менен қалған тамшыны көрсе дедім.

Көктем сайын бүршігін емен жарған —
Өтер-кетер дүние деген жалған.
Олардан да бір күні қалары хақ
Мына ғұмыр бабамнан, менен қалған...

Бағың жанып, ұшқанмен көкке құсын,
Біреуге риза, біреуге өкпелісін.
Аяз бидей тәубесін ұмытпаған
Білсе-ау әркім дүниенің өтпелісін.

АДАМНЫҢ БӘРІ МЕНІҢ БАУЫРЫМДАЙ

Кұлдыраған қайда екен құлыншақ күн,
Ордан, жардан қарғыған ұрыншақ күн...
Сол күндердің ләззатын сезінбеген
Бір ұрпақтың келеді мұнын шакқым.

Мұң дейміз, сол әншейін мұң ғана ма,
Тірлікте мұннан АДАМ кұр қала ма?
Көз алдымда — сәбиін тойдыра алмай,
Көз жасы көкірегіне тұнған ана.

Оралып ой-өкініш алыс күнге,
Отырмын, ондай күндер таныс кімге?
Қаршадай қара бала жалаң аяқ
Ойнайтын қаңтардағы қар үстінде.

Дүрлігіп қанға бөгіп жатқанда елі,
Үстіге киер лыпа тапқан ба еді?
Болмаса ақыл-есі сау баланың
Жүргені жалаң аяқ мақтан ба еді?!

Бүгінгі тоқшылығым былай қалып,
Жүрегім қан-жоса боп жылайды анық.
Қаптаған жарылыстар дүмпуінен
Қазірде кететіндей ми айналып.

Ышқына шеру тартып шерменде күн,
Сыр қылып шертетіндей көргендерін.
Солардың ортасынан қылаң беріп
Барады балалығым өлген менің.

Дүние көз алдымда шыр айналып,
Шошынып... Бірде қайта шырайланып,
Теңіздей дауыл ұрып ширатылған
Көпіршіп жатыр тулап лайланып...

Бойымды үрей-апат меңдеп алып,
Бір сәтке кетердеймін сеңмен ағып.
Еркі жоқ, ақыл-естен ада болған
Жосиды ыққан қойдай пенде-халық.

Тіршіліктің жоғы — жоқ, бары — бардай,
Өтті жылдар азаптан арылардай.
Дей тұрғанмен, сол күндер еске түссе,
Қырық жамау жүрегім жарылардай.

Елі үшін бар бәйгеге тігер басын
Ердің де көңілінде үрей басым.
Ұлтына, нәсіліне қарамайды,
Төбенен төңкерілсе дүлей-жасын.

Біз ғаріп, аспандағы Күн, Ай ғаріп...
Тұнығым жатыр умен лайланып.
Қайда барсам, алдымда — Қорқыт көрі
Қамалап төңірегімде жүр айналып.

Өткізген ғаріп Күнді, ғаріп Айды...
Бір ұрпақ қайтіп бүгін налымайды.
Тоймаған уызына жетім көңіл
Желпініп ер жетсе де жарымайды.

Бәрі де бәрі соның көз алдымда,
Айта-айта жұқарып тозармын ба?
Қапысыз көргенімді баяндадым,
Атынан бір ұрпақтың сөз алдым да.

Құлдырап бізден өткен құлыншақ күн,
Біреуден соң, біреуден бұрын шаптым.
Кешпеген балалықтың есебінен,
Кім білген, бәлкім, бүгін ұрыншақпын.

Көрінбей кетті бәрі, кетті бәрі...
Балалық қайта оралып жетті ме әлі?
Адамның бәрі менің БАУЫРЫМДАЙ,
Бәріне еркелегім кеп тұрады.

Кім берер Ер төлемін, Ел төлемін,
Өткен күн көкіректе шерте ме мұң?
Беймезгіл балалығым ұстап кетіп,
Бәріңе кеп тұрады еркелегім!

ЖЫР ОҚЫДЫМ

Жыр оқыдым, күн сайын жыр оқыдым,
Күнім жоқ жыр оқымай жүретұғын.
Тонған кезде жанымды, жүрегімді
Алауына жылыттым жыр отының.

Жыр оқыдым еңсемді мұн басқанда,
Жыр оқыдым досыммен сырласқанда.
Жыр оқыған кезімде қанат бітіп,
Ай, Жұлдызым жымындап күлді аспанда.

Көңілім қалып достан да, бауырдан да...
Ет жүрегім езіліп ауырғанда,
Жыр оқыдым дауасы бола ма деп,
Жүрегің ауырғаннан ауыр бар ма?!

Жыр оқыдым сабылып-шаршағанда,
Жыр оқыдым сағынып-аңсағанда.

Жыр оқыдым жұбаныш көңіліме,
Шуағын жеткізсем деп барша Адамға!

Жабыққанда жыр болды жұбанышым,
Зарыққанда жеткізді ол жылы ағысын.
Жырдан артық ештеңе бере алмады
Жанымның мұны менен қуанышын.

Жыр оқыдым, әйтеуір, жыр оқыдым,
Бар дертімнің шипасы білетұғын –
Жүрегімді, жанымды алауына
Бір мезет жылытып алу жыр отының.

СЫР

Жарты ғасыр,
Болмас, бәлкім, бәрі оның алтын, асыл.
Көңілімнің күйлерін күлтелемей,
Айтып келе жатырмын халқыма сыр.

Биік ұштым, кей-кейде төмен ұштым,
Көрдім кескін-келбетін өр, еністің...
Көрдім көркін астасып көкжиекпен
Таң нұрына балқыған көк егістің.

Зеңгір аспан, жұмыр жер, бар ғаламның...
Тағдырына барымды арнағаным.
Немере мен шөбере, шөпшектерім
Көрмесе деп көргенін зар бабамның.

Жаз даламда сұлу ән бұлғақтаған,
Сұлу әнде сиқырлы сыр қапты әман.
Елуде де елім бар еркелетер –
Бүгінімнен ертеңім қымбат маған.

Аспан ашық, бұлты жоқ, күні күлген,
Қымбат маған ертеңім бүгінімнен.
Мақтанышым – мәңгі өлмес жыр тағдыры,
Тағдырым деп жүрегеннің бірімін мен.

Өлең – менің аларым, берерім де,
Өлең – менің биігім, тереңім де!
Ата-анамның қанымен қанға сіңген
Дүниеге шыр етіп келерімде.

Содан бері кеудемде жыршы бұлақ
Ағады сылаң қағып, түрші құлақ.
Жер тынысын тындаймын, жел тынысын,
Елу деген белеске бір шығып ап.

Тартқан ерек тағдырдың сыйы маған –
Бәрін естіп, кеудеме құйып алам.
Жырға зерлеп шегемін кестеменен
Тіршіліктің күмбірлі күйін әман.

Мен сөнбеймін тұрғанда төбемде күн,
Жамыраған жырларым – көгендерім.
Бақытым да, сорым да мандайдағы,
Қуанышым, қайғым да ӨЛЕН менің!

ЕТ ЖҮРЕГІМ СЫЗДАЙДЫ

Ауыр болар менің арман-мұратым,
Өмірім де ауырлықтан тұратын,
Әрине, оны сезім керек ұғатын,
Парызым көп өтелмеген, өтелген...
Көк өгіздей сезінем мен өзімді
Жұмыр жерді көтерген,
Ауырлыққа бойы үйреніп, еті өлген!

Сезім керек, сезім керек ұғатын,
Қайтіп оны жасырам?
Біздің ұрпақ не өткермеді басынан:
Қысас тағдыр салды аямай қыл бұрау,
Онға толмай диқан болдық, сұмдық-ау!..
Онға толмай фашистермен соғыстық,
Онға толмай жау тылына көп ұштық,
Онға толмай аналарға, карттарға
Орда жығар өрендерше болыстық,
Москваның түбінде де, Берлинде...
Тоғыспайтын жолдарменен тоғыстық!

Тоғыстық біз майданда да, елде де...
Басқа түссе, шыдамайды Ер неге!
Ер деп ұқтық өзімізді, о, тәуба!
Қаншама ару қалды жесір отауда.
Бір-бір үйдің бас көтерер жалғызын
Аждаһа-жыл көк құрақша отауда.

Қаншама үйдің баста бағы жоғалды,
Жылай қалса, жұбаттық біз соларды.
Қаншама үйдің үміт еткен ертеңі
Күзгі ормандай жапырағынан тоналды.
Қаршадайдан көріп өстік соны біз —
Айтары не! Ауыр болды жолымыз:
Қыран аспас тауға барып тірелді,
Қия баспас жауға барып тірелді.
Қылпылдаған ұстараның жүзінде
Тірліктен де үздік талай күдерді.

Тірліктен де үздік талай күдерді,
Жылағанды жұбатады кім енді?
Жер бетінен өшірем деп бір елді,
Жау— қара бұлт төбемізден түнерді,
Келіспедік, беріспедік сонда да,
Кекке жанып жігерді.

Елге деген шын махаббат — Шың, Алып...
Ер намысын қайрап, қайта суарып,
Өзімізді өзіміз кіл сынадық —
Өттік аман, бәріне де шыдадық!

Көрдік біздер шыңдалудай шындалып,
Тал шыбықтай иілдік те, сынбадық.
Қара бүгін — сынбағаны емес пе,
Қиындықта қыңбағаны емес пе,
Сақтардай-ақ мәңгі-бақи ел есте
Ерлік жасап, тарттық қия-белеске.

Зар жылаған, қалжыраған бұл дала
Бір басынан не өткермеді шында да.
Қызыл қанға суарылған қызыл гүл
Тұрған өсіп сай-салада, жылғада...
Жанымызға ұялатты мұң-нала.

Дауылды да, жауынды да көп көрдік,
Қиын күнді, күйын күнді өткердік.
Өтеуі ме деп ойлаймын сол күннің
Күлсек бүгін көңілімізді көктем ғып.

Бәрі бір де сезімдерде мұң-қайғы
Мәңгі тоң боп қатып қалған мұздай-ды —
Ерімейді, жан жадырап қызбайды.
Есіме алсам жалаң аяқ жылдарды,
Ет жүрегім әлі күнге сыздайды!

ҚАЛАТҰҒЫН ТҮРІМ ЖОҚ

Өмір деген шүү асаудың жалына
Жармасып ем, кетті талай аударып.
Қапылыста қара жердің шаңына
Талай мәрте аунадық.

Оңбай түстім — кейде тіпті қабырғам
Қалғандай-ды қақырап.
Өмір-тұлпар ағып өтті жанымнан,
Екі көзі шатынап.

Қойсаншы бұл жанкештілік дегенді,
Ес жидым да, қайта тағы жармастым.
Мерт боп кетпей, тірі жүрсем мен енді
Бәрі бір де қыр соңынан қалмаспын.

Серт-семсердей өз-өзіме сыным көп,
Болса-дағы аузым мықтап күйгендей.
Өлмей, сірә, қалатұғын түрім жоқ,
Асау — маған, мен асауға үйренбей!

КЕҢШІЛІК

«Кеңшілік» деп біреулер
Қойып жатыр баласының есімін,
Енді біреу ашып тастап есігін,
Дейді: «Шіркін, даламыздың кеңін-ай!»
Таршылықтан жапа шегіп жүрген жандай, тегі, ұдай.
Әрине ғой, кең болған соң — жері бай!
Өмір бойы аңсап келген кеңдікті,
Арманы ғып ән сап келген теңдікті,
Пай-пай, менің Елім-ай!

Кеңдік! Кеңдік!.. Адамның да кеңдігі,
Ғаламның да, даламның да кеңдігі —
Бар байлықтың басы дер ем мен мұны.
Марапатшыл биік мансап, биліктер...
Сол үшін де жан қинадық, кұйдық тер.
Пейілінде тарлық жатса, болмаса ерлік, нарлығы...
Бәрібір ел төбесіне көтермейді әлгіні.
Адамның да, қоғамның да байлығы —
Көкіректе кеңшіліктің барлығы!

«Бас терісі келіспеген жан екен!»—
Деп кейітін біреулерге ағекем.
Өзім талай естідім,
Мақтағанда қариялар есті ұлын:
— Көрдің бе ана кере қарыс маңдайын,
Сол маңдайлар біледі істің мән-жайын,—
Десіп, десіп... алатын,
Қомдап қойып қыран сынды қанатын.
Сонда мен де керегімді тапқандай
Айызым бір қанатын.
Бір суретші салып тау, су, даланы...
Олай тұрып қарады,
Былай тұрып қарады...
Қарады да, «Кеңшілік» деп қойды атын.
Ал мен соны ойға тым сыйдыра алмай отырдым,
Мағыласын, бәлкім, кейін оқырмын.

Әрине, оған кінә қою да әбестік,
Қазір жұрттың бәрі ақылды, бәрі есті.
Бір жылы сөз көрмеп еді әлі естіп,
Өзін өзі көтерсінші әрі өстіп,
Дестік, дестік, дестік сонсон,
— Жә!— дестік.

Ұқтым, ұқтым!
Мен жаңа ұқтым, жаңа ұқтым!..
Шүберекке түйіп өтер жаныңды,
Алдырмасаң арынды —
Өнер деген көпірі екен тамұқтың,
Сөз ғой ол да, көрді дейсің жанып кім?..
Десек-тағы кесел ойды, кесір сөзді шідер ғып
Жүргендерге қас жүйрікті мойындау да — Шын Ерлік!

Бәлкім, міне, осы жолы біз оның
Сыпырып ап тұсау, нокта, жүгенін...
Қуат беріп шапқан сайын үдерлік,
Қиялына ҚАНАТ байлап жібердік!

* * *

Көк көлдерім құстарын әлдилеген,
Көктемдерім — құштарым өн билеген,
Бұрынғыдай көрінбей құрақ ұшып,
Жырақ ұшып неліктен қалдың менен.

Бұл не деген ғаламат, бұл не деген –
Ғаламатты мен мұндай білмеген ем.
Алансыз ақпа-төкпе кездерім-ай,
Түсімде де сендерді күнде көрем.

Көңілім көктемдегі сел ме, тегі,
Білсем деймін, білмесем нем кетеді?
Қалам өсіп, түсімде Дала-бесік
Алақанда әлдилеп тербетеді.

Әлдилеген даламның өні қандай,
Әннен бойға күш-қуат дарығандай.
Ата болып жүрсем де, сәби көңіл
Келе жатыр құмары әлі қанбай,
Ана әлдин ансардай, сағынардай!..

Тұғырым – тас қияға ұшарымда,
Сол өнде мені билер күш, арын да...
Басқа бақ тілемедім тіршіліктен,
Тербеліп жүрсем болды құшағында!

БӘРІ ЖҰМБАҚ

Мені білген, дәл сондай-ақ мен білген
Талайларды ойша зерттеп көрдім мен.
Төнге емес, жанға түскен жарадан,
Қарап маған күлердей-ақ бар адам,
Тірі жүріп өлдім мен.

Тірі жүріп талай мөрте өлдім мен,
Білте шамдай жарық жетпей сөндірген.
Жанымдағы айғыз-айғыз әжімдер
Қалған белгі сол күннен.

Қаным қайнап, сан қыршылды бармағым,
Жәрдем сұрап жарыма да бармадым.
Тәңірім-ай, өзім де әлі қайранмын,
Бәрі жұмбақ қайтіп аман қалғаным?

Бәрі жұмбақ қайтіп аман қалғаным,
Бір күн тамұк, бір күн жұмақ тандарым.
Жүректегі әжімдерім есімде,
Білем кімнің салғанын,
Өзіме аян қайсын қай күн алғаным.

Тірлігімде ырыздықтың қауғасын
Келем ұстап, жасап кей күн саудасын.
Айдың, Күннің жарығында адасып,
Аспайтұғын қырқалардан әрі асып,
Жүрем мүлгіп дауға ілініп сау басым.

Оймен кезіп, қиыр-қиыр шалғайға —
Киял шіркін кияндарға самғай ма?
Ондай кезде бәрін-бәрін ұмытып,
Кете берем, кете берем андамай
Мен сүрінер ор қайда,
Мен құлардай жар қайда?!

НАМЫС

Еститін едік бағзы заманның батырын,
Бір өзі мың сан жасақты жауға татырын.
Сес көрсетемін деп жалауын қадап әр жерге,
Әр белге тігіп жатпайтын қосын, шатырын.

Тәрік қып өзге арманы менен мұратын,
Үйірлі малға ауыстырмайтын бір атын.
«Арымның жаным — садағасы!» деп, тұрысса,
Ажалға қарсы кеудесін ашып тұратын.

Ар атты әділ безбенге салып әр ісін,
Өлімнен қорқып кашпаған шыбын жаны үшін.
Мерт болса-дағы серт жолында тұрып қалатын,
Бастырмай жауға ел менен ердің намысын.

Көрмесек-тағы, естімесек те атын көп...
Бүгінде өзін батыр санайтын батыр көп.
Бірақта бірін таныған жан жоқ бас тігіп,
Жасақты жаудан Елін қорғасып жатыр деп.

Арыстан білек, жолбарыс жүрек, шын ерен...
Бірі — бәйтерек, қайыспас қайсар бірі — емен.
Елдіктің туын көтеріп биік төбеге,
Дұшпанын көрсе, намысын жанып, түлеген!

Ойлаймын қазір бар ма екен сондай батырлар,
Өзі аттан түсіп, дейтұғын: «Міне, атымды ал!»
Күн туса елдің басына намыс шақырып,
Жау төбесінде найжағай болып шатырлар.

Ойласам бәрін, жаныма бір дерт батқандай,
Еңсемді езген зіл салмақ ауыр батпандай.
Жолбарыс жүрек түлкі кулыққа жол беріп,
Арыстандарым ұсақтап бара жатқандай.

БӘРІНЕ ҚҰЛДЫҚ

Бар тіршілігің — бірде ылди, бірде өр деген,
Көрместің бәрін көреді пенде өлмеген.
Реанимация! Шығармыз аман бұдан да,
Төтеннен пәле кезікпесе бір көлденен.

Көңілім сергек, өзіме өзім саудаймын,
Қалт еткен сәтті жібермей, өлең аулаймын.
Жалт еткен ойлар оралса сезім-қармаққа,
Сейіліп сәтте кетеді басқан таудай мұн.

Бір күндік ғұмыр қайшылықтарымен әжейіп,
Бүр жарған қайын, тал-шыбықтарымен ғажайып.
Болса да қанша сергелдең сезім көбейіп,
Бара жатқандай сезім-сенімің азайып,
Бір күн де болса бойымызды еркін жазайық.

Сеземін өзім, еңісте тұрмын, өрде емен,
Көргенге тәуба, қызықтарым көп көрмеген.
Шақырады әлі алдағы қиял арманға,
Үмітшіл пенде, күдікшіл пенде өлмеген.

Қызығың көрдім өсіріп ұлы-қызымның,
Желігіп кейде қызынбас жерде қызыңдым.
Майланбай жүрген мотордай ерте бұзылдым,
Үзілер тұсы таяды ма екен ұзынның,
Күдай не жазса, бәріне құлдық, ҚҰЗЫРМЫН!

РИЗА КӨҢІЛ

Бір-бірін жақсыласын, жамандасын,
Бұл ғұмыр, қалай болғанда, адамға сын.
Жаныңа қаяу түсіп қайысқанда,
Іздесе аған, інін, замандасын...

Саулықта кеуде қағып кім есірмес,
Өз тірлік шырағынды шын өшірмес.
Адам деп АДАМДАРДЫҢ іздегені —
БАҚ екен, БАЙЛЫҚ екен түгесілмес!

Тоқыраған судай тоспада ағынсыз ми да сасиды,
Қайнайды каным,
 лыпасыз жаланап жүрек ашиды.
Жартасқа барып
 Абайдай күнде айғай салып жыласаң,
Кеудесі құлып!
Күнде ұлып тебіренге алмайсың тас үйді.

Айкалап көрдім, айқайлап,
 жандауысымнан кім ықты ал,
Міз бақпайды әне таскерен
 шойыннан құйған құлыптар.
Бірі болмаса, біреуі оянар ма екен ұлықтар,
Тау менен тасты күңіренгіп ұлы, жүрегім,
ҰЛЫП қал!

ОБАЛЫМ ЖАЛҒЫЗ ӨЗІМЕ

Соғыс жылдардың ақтардым талай тарихын,
Қоңылтақ тірлік қантардан бетер қаритын.
Біреулер әлі ертегі ғой деп күледі,
Ол менің бүкіл болмысым еді танитын.

Қырық жамау көйлек,
Жабырқау көніл,
Аш қарын...
Ойлаған пенде көрмедім онда бас камын.
«Әжелер елге оралса,— дедік,— аман-сау»,
Болған жоқ бізде басқа арман менен басқа мұн.

Таршылық кезен,
Пейілдер қандай кен еді,
Сүрінсе біреу, өзгелер келіп демеді.
Елігіп жүрген,
Желігіп жүрген бір жан жоқ —
Жас жесірлер де желкілдеп қалған желегі.

Біріміз — онда,
Біріміз — онға толмаған...
Кіл жетім едік жетіліп әлі болмаған.
Қасірет бұлты сәби жүректі торлаған,
Қарт аталар мен кәрі әжелеріміз қорғаған.

Бізден соңғы ұрпақ:
«Тоқырау жылдар тудық»,— деп,—
Қанат қаға алмай, құлаш жая алмай жүрдік көп...»

Жылыған кезде, соғыс жылдарғы сормандай
Не дерге білмей, аңыра қарап тұрдык кеп,
Сонан соң барып күлдік-ай, күлдік, күлдік кеп...

Күлдік-ай, күлдік...
Күлудің де бар жүйесі,
Біздерге, бөлкім, тағдырдың тартқан «сыйы» осы.
Ұмытып бәрін кетердей уақыт болған жоқ,
Асылық айтып,
Сокпаса болды киесі.

Қасиетіннен айналдым ұлы топырақ,
Кетпесең болды кеудемнің жалын-отын ап.
Басқаға емес,
Обалым жалғыз өзіме,
Тәубәмнан қалып,
Токтықтан жүрсем тоқырап.

ӨМІР ТОЛҒАУЫ – КӨҢІЛ ТОЛҒАМЫ

Бірде ашық көңілім, бірде тұман,
Бір беті мұң өмірім, бір беті ән.
Құдай қосқан жарымдай қосақталып,
Өмір бойы солармен бірге тұрам.

Ұйқың келсе, маужырап күн батпайды,
Ояу жатсаң, албырап таң атпайды.
Қайшылығы бітпейді бұл ғұмырдың,
Ашу жеңсе, ақылға қаратпайды.

Қара нөсер тынымсыз жауған мына –
Ішпеген у, түспеген дау қалды ма?
Соның бәрі көңілді көрбілте ғып,
Ұмыттырар Құдайды,
Тәубанды да...

Досы барды камалап дұшпаны жүр,
Басқа қонған бағың да – ұшпалы гүл.
Барды, жоқты ұмытып кетердеймін,
Құрсауына ап тас тағдыр қысқалы бір.

Берер ме Алла әр кезде сұрағанды,
Көрдім талай жабығып жылағанды.
Өткен-кеткен заманда естімедім
Жеттім деген арманға бір адамды.

Бір күні бұлт тірліктің, бір күні нұр...
Адамның да жер басып тұр-түрі жүр.
Көз алдында сағымдай сылаң қағып,
Жеткізбейді қусаң да түлкі-ғұмыр.

Бұл өмірге кім келіп, кім кетпеген,
Жаксылық бар жанымды жүдетпеген.
Кейінгілер ізінді қайдан білсін —
Адам ба адам артына гүл екпеген.

Кейде шалқып, бөсендер отым кей күн,
Жазғанымнан ұрпағым оқыр кейін.
Адам болып жаралып, Адам болып
Өтсем фони жалғаннан өкінбеймін.

Таусылмайды тірлікте толғанысым,
Күн мен Түндей қайшылық толған ішім.
Намыс буып, ызамен ыңыранып,
Жатыр бұғып кеудемде жолбарысым.

Ұйқы қашты мезгілсіз неге менен,
Күлкім ащы, боламын елемеген.
Өн бойымды мың ине шабақтайды,
Шырылдатып қаққандай шегеменен.

Көп іздедім інжуді ойға қанбай,
Нұрым төктім талайға толған Айдай.
Келгенің не өмірге, кеткенің не —
Ізсіз өтсен ештеңе болмағандай.

Жатыр күндер алмасып түндерменен...
Берерім көп, тек беріп үлгермеген.
Ойдағыңның бәріне жете алмайсың,
Өтерінді дүниеден білгенменен.

Бойыңдағы барынды, нәрінді алған
Азын-аулақ жастықтан жалын қалған.
Барған сайын қызуы, қызығымен
Ыстық тартып барады жарық жалған.

Бабалардың өмірін жалғасын деп,
Келеді арман өзiрге алға сүйреп.
Шабыт берді бойыма талмасын деп,
Қанат берді ойыма самғасын деп.

Мөлтілдеген көзде жас, көңілде мұн...
Шарасынан шайқалып төгілгенін
Қиналсам да сан көріп, құлағам жоқ,
Жездем емес еркелер өмір менің.

Ойсыз өткен күнім мен түнім жарым,
Білмей келем тірлікте тыным барын.
Кейінгілер ішінен көп жырымның
Айтып жүрсе біреуін РИЗАМЫН!

Қимас ғұмыр — кім кетіп, кім келеді,
Барыңды алып, жоғыңды кім береді?
Әркім шама-шарқынша күн көреді,
Айта берсем, қызыл тіл күрмеледі.

Бірде ашық көңілім, бірде тұман...
Бір беті мұң өмірім, бір беті ән.
Өлгенде де солардан жұбым жазбай,
МӘҢГЛІК тұғырында бірге тұрам!

АҚҚУ – ҒҰМЫР

Көре жүріп өмірдің жалған жағын,
Бөріне де көндігіп алған жаным.
Есімде біреулерді малданғаным,
Біреулерден және де алданғаным,

Алда да алданбағым...
Асау аттай тимеген жүген-кұрық
Тастап кеткен шаңға орап армандарым,
Армандарым — таңырқап-таңданбағын!

Танданбағын, ағайын, таңданбағын —
Адастырды, ұмытып қалғам бөрің.
Шынды шын деп айтуға арланбағын,
Талай тұста талпынып, тал қармадым,
Тілемедім тірліктің жалған бағын.

Жақының бар, өкпе артпа жатыңа әлі —
Алдамшы ойлар сыландап шақырады,
Шақырады, түбіне батырады,
Қабат-қабат тірліктің сатылары,
Бұйым емес, аяғы құйын елес,
Ол да өзінше театр сахналы,
Достығын да кей-кейде сатылады.

Ұсақ деме Адамды, ірі деме –
Күле білген – біледі күнірене,
Көкжиегі көңілдің түріле ме,
Жазық жерде қас жүйрік сүріне ме,
Жаның досты жатырқап, түңіле ме,
Керек болмай қаласың біріне де,
Ағаңа да, әрісі ініңе де,
Әркім сенің жаныңа үніле ме?!

Өмір – сапар, бұлтарыс, бұраланы,
Ойы-қыры, сай-сала, жыралары,
Асулары, құздары құламалы...
Ерлігінді, еркінді сынағалы
Андаусызда алдыңнан шығады әлі,
Шығады әлі, табылар бір амалы,
Сынаса да сыр берме, шыда, пәлі!

Түр-түстердің ағынан, карасынан...
Қақтығыстан, ойлардың таласынан,
Жүректердің сыздаған жарасынан,
Әділет пен қиянат арасынан
Жандауысын шындыққа жаны ашыған
Шығар болса, оны елің ұғар болса,
Құтылғаның досыңның наласынан,
Дұшпаныңның табасы, жаласынан.

Теңіз тулап, толқындар жарға ұрады,
Үзіліп қайыс баулы қарғылары,
Арпалысқан төбеттей жағажайға
Көбік шашып, көпіріп қарғығаны
Көрген көзді арбайды, таң қылады,
Барынды – жоқ, жоғынды бар қылады!

Болдым, толдым дей көрме өркен жайып,
Өмір – сапар, бүгін – бар, ертең – ғайып.
Шет-шегі жоқ айдында аққу – ғұмыр
Қалтылдаған бейне бір желкен – қайық.

Аққу – ғұмыр айдында қалтылдаған,
Алау оты самарқау, салқындаған,
Алау сезім барлығып қарқындаған,
Осылай ма тірліктің салтында өман,
Тоқыраған қайсыбір адамдардың
Әкеледі момақан қалпын маған,
Бәрі бір де суалып саркылмаған.

Қалады ақыр, бәрі де қалады ақыр,
Қимас болсан, телміріп қара да тұр.
Жағажайды көмкеріп дала жатыр,
Желкен — қайық үстінде аққу — ғұмыр
Көз ұшында қалтылдап бара жатыр!..

АРПАЛЫС

Тәңірге жалбарынып, құлдық ұрып,
Беліміз мың жазылып, мың бүгіліп,
Мехнаттан келеміз ажырамай,
Өмір бізбен ойнайды кіл құбылып.

Балдызындай, болмаса құрдасындай,
Албырттығы, аптығы бір басылмай,
Өмір ойнап алдайды тек алыстан
Сыңғырлаған сұлудың сырғасындай.

Жете алмайсың, бәрібір жете алмайсың,
Келдергі-бөгеті көп, өте алмайсың.
Жылан арбап тастаған шымшықтай-ақ
Шырылдайсың, бірақта кете алмайсың.

Қашқан түлкі қайқаннан — үміт-арман,
Арпалысқан тірліктен кім ұта алған.
Ажал, бейнет артында өкшелеген,
Бірі — құмай тазы да, бірі — тарлан.

Бірі — тарлан шалдырмас, бірі — құмай,
Тіршіліктің кім ұққан сырын ұдай.
Алмағайып заманда арпалысқан
Тынымы жоқ көңілдің тұнығы лай.

Бірді білмей өмірде, бірді біліп,
Сорлы пенде тынымсыз жүр жүгіріп.
Түлкі — тірлік алдамшы айласы көп,
Құйрығын ұстатпайды мың құбылып.

ҚОЙДЫҢ-АУ КӨЗ ІЛДІРМЕЙ

Жұмбақ орта,
Бітпейтін сұрақ өмір —
Қашан көрсен, міз бақпай тұрады өңір.
Бейжай тірлік айналаң алагеуім,
Қалыс қалған бәрінен мына көңіл.

Беймағұлым бергенің, алғанын да...
Бой үйреніп кеткендей зарға, мұңға.
Өкінішің өртердей өзегінді
Керексіз боп біреуге қалғаныңда.

Дос, жолдасқа...
Ет жақын ағайынға
Мұң-шерімді төгілтіп шағайын ба?
«Бөрі арығын білдірмес...»
Мен де солай
Тас бекініп, үн-түңсіз қалайын ба?!

Төңірегімді қоршаған бал айымда
Кімдер қалды,
кімдер жоқ маңайымда.
Айтып-айтып өкпемді ағайынға,
Өкініштен өртеніп жанайын ба?

Сыр ұқпайтын сырт елге сөзім дүрдей,
Өзімді осы жүрмін-ау өзім білмей.
Жатсам да – ой,
Тұрсам да – ой шет-шегі жоқ,
Құдайым-ай, қойдың-ау көз ілдірмей.

ӨМІР ШІРКІН...

Салмайды сынға кімді мына жалған,
Жастықпен көп қарғыдық жыра-жардан.
Ерте-кеш бір құларсын тұра алмастай,
Қуанба құтылдым деп мың ажалдан.

Аз көрдім қуанышқа толы күнді,
Тірліктің бола бермес жолы гүлді.
Келемін ғұмыр кешіп алаңдаумен,
От пенен оққа байлап өмірімді.

Кім қашып құтылады жазымыштап,
Фәнидің суық тартып жазы қыстан,
Көбейіп алаяқтар мезі қылды,
Мәймөңке жүзі – түлкі, жаны – мыстан.

Басылмай жалыным да, арыным да...
Жансам да ана жақтың тамұғында,
Бар қызық, бар қуаныш, бар ләззатын...
Көрсем деп ем дүниенің жарығында.

Кім біледі? Бәрі арман, бәрі де алыс.
Табынамыз Тәңірге, жалынамыз...
Тарынамыз, тарынбай не қыламыз?..
Шілде шықпай орнаса жаныңа қыс.

Асып-тасқан көңілім зәуде менін,
Төбешік боп шығады тау дегенім!
Қойдым-ау бір түсінбей, айналайын,
Өмір шіркін, әншейін әуре ме едің?!

БАР АЙЫБЫМ

Безініп талай аға, талай інім...
Сырт беріп кетті қанша ағайыным.
Алдыңда көлбең қағып, көлгірсініп,
Жалған сөйлей алмаған бар айыбым.

Бар айыбым, сол керек өзіме де,
Жөн айтты-ау деп біреудің сөзіне ере
Қоймайтұғын туа жат мінезім бар,
Ондайларды ілгіштің көзі іле ме?

Содан шығар, кірмеймін бір есепке,
(Менен жас та, кәрі де жүр есепте)
Тағдырымның туғаннан жолы тайғақ,
Жүк болардай қырсығым мың есекке.

Күндер қандай, бірінен бірі қызық...
Бәрін-бәрін көресің тірі жүріп.
Сөйтсе де пешенеңе жазылғаннан
Кете алмайды екенсің құрық үзіп.

Ара жігін алтын мен қалайының
Ажырата бермеппін, қалай мұным?
Заман — түлкі,
Тазы боп шала алмайтын,
Алар жерден ағалап ала алмайтын,
Біреулердің ығында сөйлей білмей,
Жүрер тұста тік емес, көлбей жүрмей,
Қатып қалар қақиып бар айыбым,
Түсінбейді оны көп ағайыным.

БӘРІ ДЕ БӘРІ ЖАЙШЫЛЫҚ

Бәріне қызығам —
Байлық та керек, мансап та...
Шағала сезім шарқ ұрып кейде сан саққа,
Албырттық жеңіп, бой бермей ала қашады,
Жерорта дейтін белдеуден асып қалсақ та.

Бәріне қызығам, желмая көңіл желеді,
Осалмын ба осы, ақылды сезім женеді.
Жиырмадағыдай ес-түссіз сүйіп сұлуды,
От құшағында өртеніп кеткім келеді.

Сезім де сезім...
Қаптаған дүлей селдей ме,
Қаптаған селді тежеуге шамам келмей ме?
Асау жүректі ақылға салсам деймін де,
Өзіммен өзім арпалысамын мен кейде.

Сері көңіл-ай, үдере көшкен елдей ме,
Өзіммен өзім арпалысамын мен кейде.
Мүлгіп бір тұрған жарқабак -- жүрек жағаны
Солқылдата кеп соғатын алып сеңдей ме?

Сең деймін, иә,
Сең дегенім де жайшылық,
Түсінді мені жақын-жаранның қайсы ұғып.
Жүргенім мынау,
Жүрегім — майдан алаңы,
Өне бойымда бітпейтін мың сан қайшылық.
Мен іздеп жүрген байлық та,
Бак та, мансап та —
Бәрі де бәрі... жайшылық!

* * *

Ұйқы қашты,
Ой басты зіл салмағы,
Өзіме аян жанымды мұң шалғаны.
Түннің тыныш койнына кіре алмадым,
Өзімді алдап,
Көзімді жұмсам-дағы.

Мен ешкімді түсінбей, ешкім мені,
Жалғыз жүрген жандаймын ес білгелі.

Ағын судай есепсіз өтіп жатыр
Өмірімнің өткінші еш күндері.

Жұртқа сенгіш жан едім жастан аңғал,
Жанай жүріп жастығын жастағандар...
Айналып кеп алдымнан ор қазады,
Сырты күлік дос болған пәтшағарлар.

Қайда барам, шын досты қайдан алам,
Табылса, қай керекке пайдаланам?
Сөзі сылдыр қулардың өзі судыр,
Өлі судай жылымшы қайнамаған.

Жұмбақ ғұмыр, білмеймін не дерімді,
Кімге сенбей, кімдерге сенерімді.
Өзіме өзім қараймын, қайран қалам —
Сыртым сұлу, жүрегім неге мұңды?

Маған ғана уақыттың зіл салмағы
Түскені ме, жанымды мұң шалғаны?
Кірпік ілмей жатырмын ой камалап,
Көңілім ояу, көзімді жұмсам-дағы.

* * *

Сырға — жырды,
Жырға сырды қостым да,
Шындарымды, мұң-зарымды қостым да,
Ақ қағазға түсіріп ем,
Ақ көңілім
Кетті айналып күнгірт қара қошқылға.

Көңілім де,
Өмірім де күл-күрең,
Жүрек шіркін, осыншалық күпті ме ең?
Жүріп-жүріп сезімнің де, о, ғажап,
Түрі-түсі болатынын ұқтым мен.

Өмір, өмір...
Аққан судай, не дерсің,
Басымыздан өтті дәурен, нелер сын.
Қара тасқа қайрап салсаң қайтпайтын
Қайрап сынса,
 қайтіп, қалай жеберсің?

Өтгі бәрі,
Артта қалды сері күн,
Сан соқтырып, сансыратты сенімім.
Іздегенмен, енді қайтып таппайсың
Құс көңілдің алабұртқан желігін.

БІРІН КӨРМЕЙ ҚАЛСА ДА...

Менің де келер күнім,
Арман-ару көрер де, берер гүлін.
Бұлдыр тұман айығар тұмшалаған,
Мұң тараған жаныма себер нұрын.

Келген, кеткен талайлар менен бұрын,
Ертегідей, қайсына сенер бүгін.
Екіұдайда ес жиып, ту көтеріп,
Көрсеткен ер ерлігін, ел елдігін.

Нала қылып тағдырға өкпелерлік,
Қырық жыл байлық, қырық жыл жоқ кедейлік.
Ел болмаса, ертең-ақ ұмытылар
Елің үшін жан қиып еткен ерлік.

Теңей ме адам төзімді тегін нарға,
Жабырқасақ, тартамыз сенімді аяға.
Ерен ерлік жарасар Елің барда,
Елдігің де – еңіреген ерің барда...

Менің де күнім келер,
Арман-ару таныр да, гүлін берер.
Елім үшін тер төктім, түп-түбінде,
Бірін көрмей қалса да, бірін көрер!..

* * *

Келенсіз ісін ойыңа түсіп кешегі,
Қара мысықтай алдынды орап кеседі.
Бір ұтып, бірде ұтылып жатқан тірлігің –
Пендешіліктің бітпейтін «бакай есебі».

Сендіріп демде өтірік сөзіне имандай,
Шындыққа балап, төбеннен алтын құйғандай.
Қайсыбір кулар астында жалғыз атыңды
Аударып алып кете береді қиналмай.

Ақ пенен қара ауысып жатқан кезегі,
Қас қағым сәттей кимылы қандай тез еді.
Қылдай қиянат қылмадым деген қулар да
Ар алдында бір есеп берерін сезеді.

Сезеді...

Бірақ амалы қайсы сезгенмен,
Барың мен жоғың өлшеніп жатса безбенмен.
Ана дүниеде жаным жәннәтта болар деп,
Тірліктің сірә бал шырынынан безген кем.

Өлшеулі ғұмыр,
Өлшеулі қызық, қуаныш,
Өтерің анық –
Тірлік деп қанша құрақ ұш.
Арман өлмейді,
Үміт өшпейді жақсысы,
Көңілге сонсоң пейіш, тозағың тым алыс.

Ұмытып бәрін, безініп ұят-ардан да,
Ризамыз іштей есебін тауып алғанға.
Асылы, соның бәрі де бәрі... түк емес,
Адам біткеннің өтеді бәрі арманда.

Бұл жарық жалған –
Шында да осы жалған ба,
Қанағат, тойым...
Бәрі де адыра қалған ба?
Адам өншейін алдамшы тірлік иесі,
Туа ма екен жете алмау үшін арманға.

* * *

Шым-шытырық айнала,
Түсінбелім түгіне,
Ойлай-ойлай ойдың да жете алмадым түбіне.
Аш бөрідей талайды әлі жеткен әлсізді,
Ашкөздене қарайлы адамдар бір-біріне.

Қайда кетіп барады мына тірлік қым-қуыт,
Алабөтен сезімде қауіп-кәтер тудырып.
Үрей жеңген бейбақтар қалтырайды қояндай,
Жүректерін бәрінің жібергендей су қылып.

Өлмей-жітпей ешкім де,
Айналада аза көп...
Жаксылықты айтқанмен,
Жауыздыққа жаза жоқ.
Абай айтқан секілді
«Біз ішпеген қалмады у»,
Таза адамға жүру де қиын шығар таза боп.

Бәрі сауда бүгінде,
Кім алады, кім беріп?
Бәрі көсем,
Білмейсің кетерінді кімге еріп.
Санасыздар көбейді,
Панасыздар одан көп,
Жүрер екен күні ертең қайсы қалай күн көріп?!

Шыбын жанды жатса да қуырдақтай қуырып,
Алдайды кеп, алдайды қызыл түлкі – қу үміт.
Қорқатыным – ағайын бір-біріне жат болып,
Бара жатыр бауырлар бір-бірінен суынып.

АРМАНҒА ЖЕТКЕН ЖАН БАР МА

Өтетін сөзім біреуге
Екінші біреуге өтпейді.
Қаңырап қалған бұл кеуде
Сезімді тежел,
Шектейді.

Ақылшылар да көбейді,
Мақұлшылар да көбейді,
Ерлердің орнын ез басып,
Жанынды мұңға бөлейді.

Кеудемде жойқын дауыл бар,
Дауылдын арты –
Жауын, қар...
Жабырқау жүрек ауырлар,
Ұғындар мені, бауырлар!

Қиялмен кезіп жалғанды,
Үйқысыз қарсы ап тандарды,
Сабылтып келем арманды,
Үмітім талай алданды.

Қаңырап көңіл қалғанда,
Түк емес берген, алған да...
Айтындаршы, бұл жалғанда
Арманға жеткен жан бар ма???

* * *

Әр нәрсенің болады бір себебі,
Себебі жоқ болса, оған кім сенеді.
Ашық тұрған жаранның ауызына
Шыжылдатып біреулер у себеді.

У себеді жарана, жанына да,
Намысына, адамдық арына да.
Ұйып тұрған ақ сүттей ақ өлемде
Табылады біреулер қаны қара.

Ақиқатты аямас шыбыртқы ғып,
Айтар сөзін айтса ғой шын ұқтырып.
Көз алдында көлгірсіп, жамандығын
Жасайтынын қайтерсің күліп тұрып.

Көрсетсе де ол өзін қылықты ғып,
Бәрін соның ішінен ұғып-біліп
Жүргеннен соң не істейсің, амалсыздан —
Сен де қарсы аласың «күліп» тұрып.

Қуанышқа көңілің тоймағандай —
Шыға бермес көп ісің ойлағандай.
Өзге түгіл, алдайсың кейде өзінді
Басқа жанның рөлін ойнағандай.

Өмір деген қиямет-сахнада
Жақын ұқпас жайынды жат ұға ма?
Абайсызда сезбейсің дақ түсіріп
Алғаныңда адамдық атына да.

Бір ұтылып, тірлікте бір ұтпасаң,
Үлгермексің сырларын ұғып қашан?
Толғанда да, шараңнан асып-таспай,
Асылынды жоғалтпай ақық тастай,
Арманыңды ақ нұрға шомылдырып,
Аяз бидей жүретін жолын біліп,
Жарар еді тәубанды ұмытпасаң!

КҮН – КӨҢІЛ ҚАЗІР БАСЫЛҒАН

Аз болған жоқ-ау асынған кезім, тасынған,
Кесірлік менде шашымнан да көп, шашымнан.
Басымнан бір сөз асырмаймын деп, басымнан,
Айрылып қаппын талай да талай асылдан.

«Кек!» демейінші,
«Кск!» демейінші,
Кек құрсын...
Ренжігендер сонда да қалай тек тұрсын.
«Көкірек!» деді,
«Әкірек!» деді біреулер,
Әйтеуір, мені қайтып көрместей кетті ұрсып.

Кезінде маған бірі де,
Бірі... көп сынның
Дарымай қойды,
Бойымда бір мін жоқ сынды.
Өзіме өзім келіп алған соң,
Көзіме
Май бітті ме екен?
Көңілім дәйім тоқ сынды!

Үлкен де айтты,
Кіші де айтты ақылын,
Еске алып оны елесін қайдан «батырын».
Бірі жоқ қазір,
Ұмылтым бәрін, аты кім?..
Өзім де өзім!
Өзімнен өзге жан жоқтай,
Сезімді көміп,
Еркімді алды жат ұғым.

Өткіздім солай өкпек жел сынды күндерді,
Кімдерден бездім,
Бауырыма бастым кімдерді?
Күн бар кездерде көлеңкем болған талайлар
Асырып ойын,
Жасырып бойын үлгерді.

Жел тұрып еді,
Бытырай ұшып кептердей,
Елбесіп көріп, селбесіп келіп сеп бермей,
Жым-жылас болды –
Іздесең табар ізі жоқ,

Су шәйіл бәрін,
Су шәйіл бәрін... кеткендей!

Өтіпті сәтте асынған кезім, тасынған...
Асылым қайда?
Асығым қайда шашылған?!
Мұздайды жүрек,
Сыздайды жүрек ашынған,
Байкамаған боп талайлар өтті қасымнан,
Күн – көңіл қазір су сепкендей-ақ басылған,
Айрылып қаптын бойымдағы бар асылдан!

* * *

Оятардай сезімі тас керенді
Жазайын деп жазбайсын жақсы өленді.
Ұйықтап жатсам, бір тылсым сыбырлайды,
Мен Тәңірдің сонысына ризамын,
Бермесе де төгілтіп басқа өнерді.

Демеймін аса туған ақылдымын,
Жоқ тағы жау алардай батырлығым.
Келемін ел қатарлы ғұмыр кешіп,
Бар кейде жылдарға ұзақ татыр күнім.
Содан шығар, көтеріп төбесіне,
Аялап туған ауылым жатыр бүгін.

Болмасам да айтардай тым қарымды,
Осы ауылда туғаным, тұрғанымды
Әйгілеп кіп-кішкентай балақандар,
Асқақтатып оқиды жырларымды.

Сый бар ма одан асқан ақынына,
Ақынның жанашыры, жақыны да...
Мейірімі – кіндік қаны тамған жердің
Әр тасында қалатын аты мына.

Шомылдырып сезімнің тұнығына,
Туған ел айтса болды мұны ұлына.
Мен үшін сол мінгізген пырағы да,
Биікке көтеретін тұғыры да!

ШАНШИДЫ ҚАЙРАН ЖҮРЕГІМ

Қара нан дәмін ертерек таттым, өйткені
Қара күн келіп, ертерек шалды өрт мені.

Қаршадайымнан қаралы хаттар оқыдым,
Жүрегім жара, содан да жаным дертті еді.

Қара қағаз бен қаралы хабар әр үйді
Айналып жүрді шошытып қартты, сәбиді...
Қақаған қыстың мұз, қары емес,
Соғыстың
Ызғары жанды қариды.

Содан да шығар,
Мұқалып қайрат-жігерім,
Үзе алмай келем уақыттың шынжыр шідерін.
Аспандағы анау моншақ жұлдыздың біреуі
Ағып түссе де шаншиды қатты жүрегім.

ҚОШТАСАР КЕЗДЕ ҚИМАЙСЫҢ

Бағылан сойып, сарыала қымыз сапырып,
Шалқытып әнді, ақ таңды көзден атырып...
Думанға бөлеп дүбірлі мына дүниені,
Жатқан да жоқпыз күнара қонақ шақырып.

Арман ғой, шіркін, арман ғой бәрі, арман ғой...
Өреміз төмен, көрсетіп жүрміз жалған бой.
Жақсылық күтіп емексуменен ертеңге,
Жол қарағандай көзіміз ұзақ талған ғой.

Жол қарағандай көзіміз ұзақ талған ғой,
Тоса да тоса талайдан көңіл қалған ғой.
Өтірікке зорлап сендіріп жүрміз көңілді,
Болмаса, шындық дегеннің бәрі жалған ғой.

Өмірде бәрі... бәрі болады не керек –
Жазда – қар, қыста жауады жанбыр себелеп.
Отқа да күйіп,
Суға да түсіп кейде адам
Жүреді бейне секілді көзсіз көбелек.

Көктем шыққанда көзді арбап алар гүл өңір,
Жан нұрынменен жарық қып үйге күле кір.
Қызығымен де, шыжығымен де... бәрі бір,
Қоштасар кезде қимайсың – кымбат бұл өмір!

ТІЛЕК

Арыла алмай көңіліңнің шерінен,
Кейде тіпті тірліктен де жеріген
Кездерінде кезіктіріп,
Қорқып ем
Ренжітіп алам ғой деп сені мен.

Қарап едім –
Жанарында мұң тұрды,
Зорлап шығарғандай болдың күлкіңді.
Шілдедегі суық ұрған лебіңнен
Суық ызғар сезілгендей біртүрлі.

Айтпай-ақ қой,
Айтып тұр көз қарасың,
Қайта тырнап жанның бітеу жарасын
Не қыласың, онсыз дағы күн сайын
Бір уыс боп барасың.

Қалдырыпсың артта талай жылды, айды...
Өмір – өзен бір қалыпта тұрмайды.
Сусылдаған сынап құсап зырлайды,
Жетіп жатыр жаныңды езген мұң-қайғы.

Тірі адамда таусылмайтын үміт көп –
Жан азабың кетсе деп ем ұмыт боп.
Арманыңды алғы күнге жетелеп,
Тұрса болды төбенде ылғи күліп көк.

АҒАЛАРЫМДЫ САҒЫНАМ

Мұң бар менің көңілімде,
Мұң бар менің жанымда,
Айықтырар одан кім?
Жұрт тынышта, ел аманда –
Жұрдай болып тоналдым.
Бүйте берсем, қақыраған қаңтарыңда шөліркеп,
Әус айналып жерге түскен шілдеде де тонармын.

Мен түсінбей ағайынды,
Олар мені түсінбей,
Жапандағы жансыз, қансыз мүсіндей
Күн кешемін –
Кімге сенім артсам екен, Құдай-ау,
Адам деген абыройдың биігінен түсірмей.

Інілеріме өке болдым —
Өке жүгін көтердім.
Солар тонып қалмасын деп,
Көкірегімнен от өрдім.
Бәлкім, осы сезім мені өмір бойы босатпас,
Өмір бойы үлкендіктің құлы болып өтермін.

Өке өлгенде
Арқаланар аға менде болмады,
Қай соқпаққа соқтырмады тағдырдың тар жолдары...
Жетімдіктің жегі құрты қара бұлт боп торлады.
Адамдықтың ақ қайнары шықты алдымнан,
ҚОЛДАДЫ!

Жасы үлкеннен — жалғыз апа,
Әпке дейді көп жерде.
Бірге туған аға жоқтан,
Еркелетер жоқ жеңге.
Ешкім маған ат қоймады
Деп «Тентегім», «Кекілдім»...
Жетім қозы секілденіп содан ерте жетілдім.
Кішілерге қызыққаннан —
Кіші болғым келеді-ақ,
Бірақ маған кім берді оны —
Барады ауып екіндім.

Тағдыр сенің мұңына да,
Құныңа да қарамас —
Содан кейде жыр жазамын көз жасыммен аралас.
Інілерім бар, шүкірлік,
Барды бар деу керек қой,
Бірақ олар аға болып арқалауға жарамас.

Перзенттің де жөні бөлек,
Болғанменен қыз, ұлын —
Өрқайсысы қызықтайды тек өзінің қызығын.
Бірі бөліп бере алмайды жүрегінің қызуын,
Жалғыз қалып отырасың нала-мұңмен күнұзын.

Елемейді ештеңені —
Көкірегің өрт, жалын ба?
«Ата-аталап» алдап қойып тек немерең жанында
Жүргеннен сон, мәз боласың сәтке бөрің ұмытып,
Тіршіліктің қаны ойнайды салқын тартқан қанында.

Мұң-нала бар жүрегімде,
Кейде отырып тарынам –
Күйіп-пісіп аумап қалам қуырылған тарыдан.
Бірі болса, бірі болмай, қор етеді пендені,
Бұл адамның күні бар ма жақсылыққа жарыған?!

Бәрін соның ұмытам да, кейде тағы қағынам,
Тағдырыма бас ием де,
Тәңірімдей табынам.
Аттары бар –
Бірақ бірін көрген емен тіріде,
Туғанменен тұрмай кеткен ағаларымды сағынам!

* * *

Тербейді ылғи жанымды бір ағын кеп,
Барға, жоққа... бәріне шыдадым көп.
Шыдадым көп, күндерде алмағайып
Өзгермедім біреуге ұнағым кеп.

Болды ма екен кейде бір сөзге ергенім,
Пенделікпен төзбеске төзген жерім.
Кім біледі, жұрт айтар жанымдағы,
Менің анық білерім – қате айтсам да,
Өзім алған бағыттан өзгермедім.

Жетегіне ілесіп жат елестің,
Тағдырыма төндірмес қатер ешкім.
Жол тапсам да өзімше,
Басқаға ермей,
Қателесем де өзімше қателестім.

Бір ез кетіп дүниеден,
Бір ез келіп –
Қажытқанда жанымды кіл езбелік,
Тұрып қалдым орнымда табан тіреп,
Өзгергіштер жатқанда мың өзгеріп.

Бағыма ма,
Білмедім сорыма ма?
Білетінім – ой-қырлы, жолым ала.
Өмір бойы арыммен арпалысып,
Дәтке қуат етемін соны ғана.

Ұнау керек тірлікте,
Білем оны,
Ұнай білу — талайдың кіре жолы.
Бірақ ондай бәріне ұнағыштар
Тірі жүріп күніне мың өледі.

Аппақ шыңға нұр болып жауған арай —
Менің аппақ арымнан аумағаны-ай.
Бейкүнә таза келген таза өмірден
Таза өтсем қара басты сауғаламай,
Арым менен жанымды саудаламай!

ОЛ ЖАЗА...

Жыр жазам —
Жылап жазам, күліп жазам,
Ай жарық, түндігімді түріп жазам.
Өзім емес, жылатып өзгені де,
Жұбатып, қуантарын біліп жазам.

Бірде бар, жоқ көңілдің бірде хошы,
Аққан су — өтіп жатқан күндер осы.
Басына екіталай іс түскенде,
Жан алып, жан берердей әр адамның
Жанынан табылмайды күнде досы.

Жыр жазам —
Күліп жазам, жылап жазам...
Жалынып, жалбарынып, сұрап жазам.
О, Төңірім, тіршілікте бар секілді
Ең ауыр мен қорқатын бір-ақ жазам.

Ол жаза — айтылмаған арман әні
Шабытсыз тіршіліктің бар ма мәні.
Ол жаза — бар атақтың бәрін алып,
Елінің махаббатын алмағаны,
Халқының көкірегінде қалмағаны!..

ПЕНДЕЛІК

Пенде шіркін тірлікте ой-арманы бітпеген,
Жете алдым ба, білмеймін, жерлеріме діттеген.
Жасырайын несіне, ат арқасына ер салып,
Жігіт болған шағымнан осы тойды күткен ем.

Атқа міндім дегенмен, пырағым көп жекпеген,
Айсыз түнде жүргенмен, шырағым көп жетпеген.
Әкем жасай алмаған өткізіп ем бір тойды,
Сол тойымның жалғасы тарқамаса деп келем.

Ішіп-жемнен, киюден қоймаса да кенде ғып,
Кейде адамды билейді тойымсыздық, пенделік.
Тағы-тағы ойлайсың жүре тұрсам екен деп,
Өзер-өзер жер басып тұрсаң-дағы сенделіп.

ТӘТТІ ӨМІР-АЙ

Күлгенімнен күңіреніп-күрсінгенім
Көп шығар-ау, жанымның дүрсілдерін
Естіген жан есінен танар еді,
Жүргендеймін жер басып құр сұлдерім.

Неге келдім өмірге, неге кетем,
Баз тіршілік ойын ба, немене екен?
Жүз жасаған адам да бұл ғұмырды
Қамшының сабындай-ақ деген екен.

Ала берсін мен болсам — андығаны,
Қызық-думан кейінде қалшы бәрі.
Құрығынан тағдырдың кім құтылған,
Андығанға адам бір алдырады.

Жаудан бетер үрейлі жапқан жалаң,
Жақының да андысқан жаттан жаман.
Жұбан ақын айтқандай сұралылдан
Қайтқаныңа аман-сау өкінесің
Уақыт дерті жаныңа батқанда әман.

Уақыт дерті жаныңа батқанда әман,
Ұрдажықтар көбейіп «Аттандаған!»
Жер тесігі табылса кірердейсің,
Адамды алам талап жатқан заман.

Өмір шіркін жалғасқан ой-арманға,
Көрінеді орта боп толы арнам да.
Мың күндік жұмағыңнан бір-ақ күндік
Тірлік артық екен ғой деп тұрасың,
Әйтеуір, таңда ұйқыңнан оянғанда.
Тәтті өмір-ай, тәтті өмір — шат көңіл-ай,
Қызығына тірі Адам тоя алған ба?!

АЛДАМШЫ КӨБІК – АРМАН

О, Тәнірім-ай, шынымен күз келді ме,
Санаймыз артта қалған іздерді де.
Өмірдің алды ыстық, арты суық,
Алдымызда күтіп тұр біздерді не?

Қалғаны – қытымырлау қысы ма екен,
Арманның аласа ұшар құсы ма екен?
Жазы жоқ жаймашуак, көктемі жоқ,
Адамды алдарқатар тұсы ма екен?!

О, Тоба, қайтсін күндер бізден өтпей,
Пенде көңіл өлмесін іздемек пе, ей.
Қыршынынан қиылып кеткендер көп,
Қарттықтың қысы түгіл, күзге жетпей.

Көктем өткен, жаз кеткен жаймашуак,
Қалған ғұмыр,
Келеміз жармасып-ақ.
Көкке құштар қиялдың қанаты жоқ,
Мәз боламыз мал бағып жанды асырап.

Шынымен-ақ сылбырап күз келді ме,
Үмітпенен жалғаймыз үзгенді де.
Еске алумен өткенді алданыш қып,
Қимастықпен санаймыз іздерді де.

Қарап тұрсаң, қызықтың көбі қалған,
Жақсылықты іздейсің жорып алдан.
Мәз боласың табылса сөз ұғар жан,
Ол да, өйтеуір, алдамшы көбік – арман!

ҚАЙРАН ҚЫРЫҚ

Алпыс маған келді ме,
Мен алпысқа келдім бе?
Алпыс маған сенді ме,
Мен алпысқа сендім бе?
Жастықпенен қоштасар жолайрықта тұрғандай,
Сергелдені көп тірлік,
Сенделемін мен күнде.

Болған, толған кезінде
Дегені ме бір төгіл,
Жай-күйімді сынайды мағынасыз күйкі өмір.

Сорлап қалған бейбақтың мөлтілдеген көз жасын
Жылы сөзбен жебе де,
Көңіліңмен сүрте біл.

Пайғамбардың жасына тура тартқан сапарын,
Сен де атасың бәрі бір болмағанмен сақалын.
Ата жасқа жеткенде жел бурадай желпінбей,
Сол жасыма деп тіле сай болғай да атағым.

Алпыс маған не берді,
Мен алпысқа не бердім?
Алпыс жылда басымнан нелер шаттық,
Нелер мұн...
Өткергенім бәрі де
Бәрі өзіме белгілі,
Шектемесе Тәңірім,
ЖЕТПІСКЕ де келермін!

Бір он жыл ма?—
Арасы Алматы мен Қаскелең,
Көпсінбесе Тәңірім,
Бұйым ба жүз жас деген.
Бәрін берсен,
Нәрін бер қасиетті кәрім дер,
Ол болмаса, керексіз қадірі жоқ жас деген.

Ұзақ жасты үрдіссіз жан емеспін тілеген,
Жапырақ жаймай тұрса егер
Жел өтінде құр емен.
Басын бермей Абайдың,
Жасын ал деп Жамбылдың
Тілек айтқан жандарға жыңды адамша күлер ем.

Алпыс үш жас —
Шынымен ПАЙҒАМБАРДЫҢ жасы ма,
Тұғырынан әлде бұл тайғандардың жасы ма,
Алақанын тағдырға жайған жанның жасы ма,
Кемелденген кемеңгер дейтіндерің осы ма,
Жатыр жайлап, әйтеуір, қоңсы қонып қасыма.

Өрге қарай атылар ойдан тепкен тасына
Сүйсініп шын тұратын досы түгіл, қасы да.
Тіршілікке не жетсін,
Тегеуріні ерек шын —
Қылшылдаған қылыштай
Қайран қырық жасына?!

ҚАНДАЙ БАҚЫТ

Айнасында шағылысып жанымның
Сәуле ойнайды сан түрлі.
Сол сәуледей көңілім де шарқ ұрды,
Құйқылжыған күміс күйлер тартылды.
Селт етпесе, сезім шіркін – сезім бе?
Бәрін-бәрін тәрік еткен кезімде
Ұстараның жүзінде тек жан тұрды,
Көңіл де бір көзсіз дейтін көбелек
Жалынына шарпылды.

Сәуле ойнады менің-дағы кеудемде,
Сенің-дағы кеуденде...
Кең дүние дөнгелеп
Жүре берді, беу, демде!

Бір нүктеде тоғысатын сәулелер
Алады екен жанды арбап,
Мен соны ұқтым салғанда-ақ.
Көз алдымда дәл сен қиялдағандай,
Көрсен қия алмағандай –
Орнай қалды арман бақ.

Сол бақ елі менің армандағаным,
Сол бақ елі сенің армандағаның,
Мұндай күндер бұрын-бұрын...
Болмапты, ө?
Өзіңменен бірге кіріп сол баққа,
Қандай бақыт, тегі, алданбағаным!

Тан нұрынан таралған,
Адамдардың жан нұрынан жаралған
Сәуле болып келеді екен ақ арман.
Бақыт ізлеп көп ұшатын түнекте,
Содан, содан тоғысатын жүректе
Қандай бақыт арманыңды таба алған,
Ақ нұрлардан жаралған!

СЫРЛАСУ

(Толғау)

Мына жалған – сыры көп біз ұқпаған,
Алмағайып айдында жүзіп барам.

Жүген-құрық тимеген бұла басым,
Баладаймын өрнені қызықтаған.

Тағдырымды койса да сызып қалам,
Баладаймын өрнені қызықтаған.
Арыстан да мерт болар айға атылған —
Көрінбейді бәрібір бұзық маған.

Бәрі мөлдір көрерім, білерім де,
Атырау ма, Арқа ма, Сыр елі ме...
Қамқорым көп қолпаштап қорғалаған,
Жат көрмедім жатырқап біреуін де!

Жігеріме жұптасып ақыл, білек...
Шалғай шықсам, аңсаймын жақынды көп.
Өзегім өрт, өкпем жоқ, кілең бауыр,
Жаралған ба бөлектеу ақын жүрек.

Тілім жайлы тебіренсем, ділім жайлы...
Шыңыраудан мұң-шерім ызындайды.
Ақынның ойдағысы — өлеңінде,
Шертіп қалсан, етердей сырынды әйгі.

Шықпасам да, шықсам да көп ойынан,
Мен, Жұбаға, ақынды солай ұғам.
Елдің мұны — қашанда ердің мұңы,
Жаның шалқып, салмайсың толайым өн.

Дара шапсаң, шаңытып, оздым дер ме ең,
Айта салу — ерлік пе сөз білгеннен.
«Мен — казакпын!» деуің де жан ашуы,
Басқалармен арбасып көп жүргеннен.

«Туған елдің топырағын, тасын мақтан
Етемін» деп Мағжан да, Қасым да айтқан.
Бойын тежеп, ойларын түмшалаған,
Еңселерін көтертпей ғасыр-батпан.

«Мен — казакпын!», орыс та, неміс те емен,
Еркіндікке үйренгем, өріске кең...
Байлығына басканың көз сұқпағам,
Елін, жерін өзгенің бөліспегем.

Өзімдікі — ашуы, арыны да
Өзімдікі — түнегі, жарығы да...
Мен ғашықпын казактың аруына,
Мен ғашықпын казактың бар ұлына!

Жастық та өтгі басымнан, сайрандар күн...
Желік көңіл, ысырып қойғам бәрін.
Қазақтың қыздарының ерлігіне,
Ерлігіне ғаламат қайран қалдым.

Көз алдымда жастығы, бұла күні —
Көкірегінде күркіреп жыр ағыны,
Жанарында жарқылдап отты ұшқындар,
Құлағымда саңқылдап тұр әлі үні...

Тұлғасына жарасып ұлан-көрік,
Той-думанда беретін жыр-өнге ерік.
Душпанына шүйлігер қыран болып,
Нағыз ақын аңқылдап көрінеді
Желтоқсанда самғаған Жұбан болып!

Дүниені дүбілткен дүрбелені,
Ер басын сынға салған күндер еді,
Біреу сөйлеп, біреулер үндемеді,
Белгісіз кімнің бастап, кімге ерері.
Енді біреу ұрланып, ұпай жинап,
Еркіндікке ұмтылған ерлерімді
Біреулердің түтіп жеп жүндегені.

Арын қорлап тіріміз, өліміздің,
Төбесінде тайрандап көріміздің,
Ұлт екенімізді ұмытып көбі біздің
Жүрсе де, «Мен — қазақпын!» деген сөзді
Жұбағандай саңқылдап айта алатын
Қауқарымыз болмады көбіміздің!

Ылдиы мен өмірдің өрлері көп,
Көз алдына келтіріп көргенін дөп,
Қан жұтып, қамыққаны бәрі есімде:
«Мынадай маскараға куө болмай,
Неге ғана майданда өлмедім!» — деп...

Қиырым, көз жетпестей қиян далам,
(Оны да қорғап келген ұяң бабам)
Басқаға бір пұшпағын қияр ма адам,
Баладай бәрін ойлап, қиялданам.

Көкірегі қарс айрылып қиялға өмән,
Жатса-тұрса, ән буып, күй арбаған
Жайықтың толқынындай қайран жүрек
Тулайды арнасына сия алмаған.

Мұнына мұң қосқандай қара түннің,
Ұйқы көрмей, мазасыз таң атырдым.
Уызымен өлеңнің ауызданғам,
Ақын болып туғанда жаратылдым.

Көк тіреген жан емен төбемменен,
Көп алдында көлбендеп көлеңдемен.
Өлсем, жұртым басымда өлең оқып,
Ел алдында ойымды өрелі етіп,
Жаназамды шығарсын өлеңменен.

АҚЫН БАБА РУХЫНА

Қайран баба!
Мекенін Сарыарқадай сайран дала.
Дария ой, дарқан жүрек сөзі мірдей –
Өнердің қиясына қиял жетпес
Қырандай жас қанатын жайған бала.

Қырандай жас қанатын жайған бала,
Жігіт боп кірген сауық-сайранға да,
Ажары той-думанның, сән-көрігі –
Шал ақын атанды скен қайдан ғана?!

Батырдан туған ерсең ақын болып,
Тебіреңің кеткен көпті жақын көріп.
Өлеңнің өрге сүйрер күдіреті ме,
Данадай тамсандырған ақыл-көрік.

Әйгілі әкең батыр Күлеке еді,
Дейтін ел: «Күлекеден кім өтеді!..»
Ежелден көпке мәлім АҚЫНДЫҚ пен
Тамыры БАТЫРЛЫҚТЫҢ бір екені.

Кездерде қарт та мұңды, жас та мұңды
Ұмытып бұлт шалғанын аспанымды...
Арды аттап,
Кедеймін деп күңіреніп,
Бір сәт те ойламапсың бас қамымды.

Ақ тиын Арыстанды жұтқан замаң,
Бас қиын,
Ой қамалса жұттан жаман
Сандалтып айықпас дерт саналарды,
Арсыздар арлыларды жыққан заман...

Қуандық өлгеніміз тірілгендей
Жырларың тас қамаудан шыққанда аман.

Десек те кімдерді кім құтқармаған,
Тегеурінінің шыққанын мықты арнадан
Елден бұрын зерделеп ұққан даран —
Текті ұяда тербелген Мұхтар балаң,
Асылы, нар жолында жүк қалмаған.

Төңірінің берген бағын кім ала алар,
Тасқа да жігін тауып сына қағар —
Жалғаспай жапырағында тұрар ма олар,
Батырдан ақын туған нақ өзіндей
Рулы ел — ұрпағында академик
Қошанов Аманжолдай ғұлама бар.

Қазағың, татарың да, орысың да...
Есіл менен Теңіздің тоғысында.
Пір тұтып көтереді Шал бабасын
Түлеген ежелгі атақонысында!

Орнында орман, тоғай, Есілің де...
Өзің туған аудан — өз есімінде.
Әз Баба, ел түзелді, күн түзелді,
Тербеліп тыныш ұйықтай бер **БЕСІГІНДЕ!**

* * *

«Үйін-тоғін бақытты берме маған...»

Мұқағали.

Жарты бақыт тілеген жарықтық-ай,
«Жаныңды жарты азапқа салып бұлай,
Бағынды тірлікпенен байлама», — деп,
Пейішке кеткен сынды алып Құдай.

Жарты бақыт, қуаныш —
Жарты бөрі...
Өзі жарты —
Одан не артылады?
Жарты қылып ұстаған кең жалғанда
Ұға алмапты-ау жаныңды халқың әлі.

Ұға алмапты-ау жаныңды халқың әлі,
Ұлылықтың өлшеусіз нарқы-дағы.

Тотыны торда ұстау да қиянат қой,
Биіктіктің биікте бар тұрағы,
Ақын жүрек шырылдап шарқ урады.

Біле бермес ғұмырдың мына заңын
Таланттылар тағдырдың мұң, азабын
Елден ерек тартады, сенің-дағы
Тақсіретің болмаған, сірә, жарым.

Кезіндеі күңгірт тартқан күн райының
Оқысам жырларыңды – ұдайы мұң.
Тұмшалап төңірегінді бұлт жүреді,
Болмаған неге жарты уайымың?

Қашырған қайсарлық пен құтыңды өрі
Қайғың да, қасіретің де... Бүтін бөрі!
Жарты бақыт тілеген, жарты ғұмыр
Қайран басың жазмыштан құтылмады.

Шындық үшін көп тіккен оққа басын
Абай – Абай! Оған еш жоқ таласым.
Көз көрген заманың бір болғаннан ба,
Абайдан сен жақындау боп барасын.

Тұрар ма мәңгі маздап шырақ-тірлік,
Сол тірлікте қаншама құлап... тұрдық...
Барлығыңда білмеген кәдірінді
Фәниден кеткенінде бір-ақ білдік.
Жаны жырдан жаралған жарықтық-ай,
Жанымызбен егіліп жылап тұрдық.

ҚАСЫМ АҚЫН

Өзегі өрт,
Жаны дерт Қасым ақын
Көктемдегі гүл болып ашылатын.
Жабырқаған жандардың жүрегіне
Шуақ күйіп,
Нұр болып шашылатын.

Шалқытып жыр-дария кенерені,
Көңілге күй-қуаныш себер еді.
Тірі жүрсе өлеңнен от лаулатып,
Әулие ақын сексенге келер еді.

Елге беріп шаттығын, әл-қуатын...
Жырларымен жаңына нәр құятын.
Дала төсін дүбілтіп дарабоздай
Келер еді-ау сексенге әулие ақын.

Тебіренсе, телегей жыр ақтарылған,
Басын иген жақын да, жат та бұған.
Ананың қасиетті ақ сүтімен
Өлең болып әулие бақ дарыған.

Күмбір-күмбір көкірегі толы арманға...
Мінбелерден өлең-жыр жол алғанда,
Қыран үні саңқылдап тұрар еді
Арқадан да,
Алтайдан, Оралдан да!..

Әттең, бізге жазбады ол күнді өмір,
Қасіретке көкірегін толтырды өңір.
Тірлігінде сол тойдың бірін көрмей
Өткен ақын –
Содан да солғын көңіл.

Өлмейтұғын өлеңінің селі жанда,
Адамды жетелейді сенім алға.
Қасым жоқ деп қабырға қайысқанмен,
Тәубе етеміз қасиетті елі барда.

Өзегі өрт,
Жаны дерт Қасым ақын,
Көп тіріден әлі де басым ақын,
Сырлы, сұлу өмірге ғашық ақын,
Тау суындай бұрқанып тасынатын,
Жай оғындай жауына жасын ақын,
Білгенге бір өзі бір ҒАСЫР ақын!..

Ақын Қасым,
Періште,
Пенде Қасым!..
Дүбірлеткен қазақтың кең даласын.
Бұл ғасырдан ЕРТЕҢГЕ екеу барса,
Сол екеудің бірі боп СЕН барасың!

Ақын Қасым,
Періште,
Пенде Қасым!..
Ертегідей тараған елге Қасым.

Бұл ғасырдан ЕРТЕҢГЕ біреу барса,
Сол біреудің өзі боп СЕН барасың!
Сен барасың!

ДАНАДАЙ ЗАҢҒАР, БАЛАДАЙ АҢҒАЛ...

Фәни жалғанда көңілдің таусылмай жүрген алаңы-ай,
Күн кешіп жатыр ақындар біріне соның қарамай.
Уыз үйқысын қия алмай отырғын мең-зең күйі анау —
Бөбегін қысып бауырына, емізген тұмса анадай.

Бөбегін қысып бауырына —
Сарғайтып сезім-сананы,
Кіреуке шалып жанарын,
Мұнайып бір сәт қалады.
Дүниені шарлап ой-қиял канатын қайта қағады,
Шырылдап отқа түседі,
Ажыратып ақ пен қараны.

Сәбидей мөлдір,
Тағы да... көңілі нәзік гүлдейін,
Өмірде жолы сокпақты,
Бірде — ілгері, бір — кейін.
Ол үшін уақыт қас қағым,
Түнеріп қазір түндейін,
Шығады сәтте жадырап,
Жарқырап алау күндейін.

Шалдығып кейде жетеді өкпесін қауып шаң ұрып,
Жақынды, досты, бәр-бәрін...
Бір туғанындай сағынып.
Өмірден кейде опық жеп
Жүрер кезі де аз емес,
Олжасыз қайтқан аңшыдай
Кансонарда бос сабылып.

Көңіл ғой жүйрік қашанда —
Аспанмен, аймен тілдескен,
Ұмытып өзін,
Басқаның
бас камын ойлап күн кешкен.
Кетер де, бәлкім,
Өмірден осынау аңғал қалпында,
Періште күйі,
Пенденің қулық-сұмдығын білместен.

Тірліктен мынау алғаны,
Бергені қанша, беймәлім,
Ағаттау кетсе өзге емес, өзінің келіп жейді арын.
Атылған айға арыстан секілді оңбай мертігіп,
Қансырап тағы жатады,
Біле алмай қалып кейде әлін.

Алдау-арбаумен ісі жоқ,
Арманы асқақ, заты бай,
Дүниенің шәрбат шарабы тандайына бір татымай
Жүретін...
Және сонысы жарасар жайсаң жанымен,
Данадай заңғар,
Кей-кейде баладай аңғал АҚЫН-АЙ!

БЕЛОРТАДА ОРЫНЫМ

Онша кедей емеспін,
Онша бай да...
Баймын дер ем,
Сол шіркін болса қайда?
Баспанасыз кешпедім тепең тірлік,
Шалқып тағы тұрмадым мол сарайда.

Қырық жыл бойы атандым жаяу жігіт,
Бір төбеге шықпадым таяу жүріп.
Көңіліме демеу боп, қолтығымнан
Сүйеді әркез қалдырмай баянды үміт.

Тұмшалап кей кездерде шабытымды,
Көкірекке уақыттың шаңы тұнды.
Сырттай оқып біреулер бар үкімді —
Өлмей жатып сайлады табытымды.

Соңына ердім ілгері жүрген көштің,
Қалмадым, қызық, қиын күндер кештім.
Қайда барсам, жұртыммен бірге болдым,
Оза шауып оларсыз гүлденбеспін.

Оймен кезіп дүниенің шолдым бәрін,
Қазанаттай қыс-жазы болдырмадым.
Ұлы көштің басында,
Соңында емес,
Білдім әркез ортада орным барын!

БАУЫРЛАРЫМ

Бауырларым!
Шыбығынан өсірген бауым-бағым,
Қадалады жаныма шаншудай боп
Сендердің жүдегенің,
Сендердің ауырғаның!..

Қасіретін жетімдіктің
Ерте тарттық, ертерек жетілдік тым.
Тырбанып өмір кештік өксігі мол,
Тірлігіне бере алар кепілдік кім?

Сендерден сәл-сәл ғана ересек ем,
Күйіміз былайғы елмен тенесе, кем!..
Бұлғақтап жүре алмадым жүрер кезде,
Жүрер ем – кімге сенем? Неге сенем???

Сендер үшеу, мен жалғыз ағасымақ,
Емінбедік ешкімге пана сұрап.
Біріміз бірімізге сүйсеу болып,
Біріміз бірімізге тіреу болып...
Жүргеніміз тұратын жарасып-ақ.

Сендер үшеу, мен жалғыз ағасымақ,
Өзім бала, тағы да бала асырап,
Ерте есейген кездердің жүрегімде,
Жүрегімде қойғандай жарасы қап.

Сыздайды, сыздайды кеп, сыздайды кеп...
Қаңтарда тоңған жаным қызбайды көп.
Аптапта өн бойымды қалтыратып,
Қоярға жер таппаймын, мұздай жүрек!

ҰЛЫМ, САҒАН...

Рас шығар,
Бір тұщыға келетін мың ащы бар.
Өмір саған жезде емес еркелетер,
Күткеніңнен аларың тым аз шығар.

Ұл туғанда,
Шығарса деп биікке жұртымды алға
Тілейсің,
Бір күн қыран болған артық,
Қарқылдап болғаннан да мың күн қарға.

Армандай шіркін елес,
Жалғасар бір күн емес, мың күн емес...
Данқымен мәңгі-бақи өлмейтіндей
ҒҰМЫРДЫ перзентіне кім тілемес?!

Ұлым, саған —
Жеткенінше қуатым, ғұмыр, шамам...
Бар жақсыны тіледім,
Көп айтпаймын,
Жаным жомарт болғанмен, тілім сараң!

Өмірімнің мәйегі — ең маңызым,
Қалдыратын артыма сен ғана ізім!
Аталар аруағын тербетпіндей,
Өтей алсаң болғаны Ел қарызын.

Ұлым, саған
Жеткенінше айтамын тілім, санам.
Елің — Алтын Бесігің, БЕСІГІНДІ
Аялай бер біткенше ҒҰМЫР, ШАМАҢ!

СЕН АУЫРМА

Сен жүрген жер — тарқамайтын сауық, ән...
Мен ауырсам,
Саған карап сауығам.
Саған карап жан-күйімді өлшеймін,
Сен ауырсаң,
Онда мен де ауырам.

Бірге жүріп бағалайды барын кім,
Бірге жүріп сағындым да сарылдым.
Алыс кетсем, адасатын адамдай
Сені көрмей тұра алмадым жарым күн.

Мына өмірге адам болып келдің бе —
Шыда онда дауыл күнге, жел күнге.
Ең алдымен, сен мен үшін ауырма,
Сен ауырсаң,
Ауырам ғой мен бірге.

Менің өнім — сен беріліп салған ән,
Арманымды алғы күнмен жалғаған.
Сенің нұрлы жанарындай жарқылдап,
Көз алдымда дөңгелейді бар ғалам.

Көз алдымда дөңгелейді бар ғалам,
Қыран құстың қанатындай самғаған.
Қуанышым,
Қайғы-мұңым...
Бәрі сен,
Өзге түгіл, өзім кейде таң қалам.

Сен арқылы дүниенің кеңісін
Ұққандаймын,
Жалғаны жоқ, тегі, шын.
Мен жүрейін жұрт көзінде жарқырап,
Сен де солай жарқырап жүр мен үшін!

ЖАНЫМ БАЛАМ

Жаным балам!
Мен де жігіт болғанмын жалындаған.
Албырттығым алдымды орап кетіп,
Табылатын тұстарда табылмаған.

Жаным балам!
Өрттен, дерттен қаулаған, қабындаған,
Жауын, дауыл, боранның... арасымен
Жадап-жүдеп жеткіздім жанымды аман.

Жасырайын несіне, көрдім бәрін —
Желдің, селдің, аңызғақ шөлдің дәмін.
Айдың, Күннің адасып жарығында,
Жаудан жәрдем болар деп қол бұлғадым.

Өмір жолы — ұзақ жол, ойлы-қырлы,
Ұзартумен келеді ой ғұмырды.
Күле кірген достарым күңіrentіп,
Аза күнге айналдырды той күнімді.

Жаным балам!
Іздегенде көп досым табылмаған.
Тіршіліктің жолдары тым тайғанақ
Атаңнан мирас қылып қабылдаған,
Қапылыста сынбасын сағың, балам.

Атаң қойған атың бар Ерден деген,
Бойың өсіп келеді ербеңдеген.
Он үшінде бәрі бар керегіннің,
Бұл атаңның білсең ғой жиырмасында
Алматыға келгенін елден немен.

Мен көргенді ертең-ақ сен көресің,
Көп ісінді тіршілік оң демесің
Сезесің, ыққа жүрер жел кемесің
Алдына әкеп көлденең ұсынбайды,
Желсіз күнде жүре алмай сенделесің,
Нар көтермес ауырдан талша иіліп,
Бота белің қайысып өңгересің.

Өңгересің, ертең-ақ өзгересің,
Тәлтіректеп шыбықтай тербелесің.
Жүре-бара есейіп, есің жиып,
Ауып барып кемедей жөнделесің...

ШУАҚ ҚЫП ЖАН НҰРЫМДЫ

Көңілім бірде алай,
Бірде былай...
Жаныма жәй таба алмай жүргенім-ай!
Дүниеде БАҚЫТ. БАЙЛЫҚ...
Бәрі өлшеулі,
Өлшеусіз бере берсін кімге Құдай?

Құдайдан бала дедім,
Бала берді,
Ырысын, ырыздығын ала келді.
Тіледім,
Бәлкім, мұным тойымсыздық,
Сол балам сүйсінтсе деп тәмәм елді.

Тілейміз,
Тілейміз кеп, тілсейміз кеп...
Тілектен шет қалардай дүлей біз бе ек?
Сүрініп-жығылсақ та жазатайым,
Ат басын АЛЛАҒА әкеп тірейміз кеп.

Қалған бір БАБАЛАРДЫҢ бөлшегі едім,
Білмеймін БАҚЫТ немен өлшенерін.
Құдайдан сұрап алған құлындарым
Қызықты мен көрмеген көрсе дедім.

Өрбіткен Ата қаздай балапанын,
Шуақ қып жан нұрымды таратамын.
Мен білсем,

Осы шығар ұрпағына
Төңірден тілейтіні бар Атаның.

Бірінші бөлім. ДҮНИЕ ЖАЛҒАН

Халқым барда	3
Тағзым етем	4
Сыншым – халқым	6
Абай болындар, адамдар	7
Өрнегім	8
Алпыс – арман (<i>Толығу</i>)	9
«Дүрліккен ел»	14
Ана тілім	16
Аралым – көз жанарым	17
Кұранды баса алмадым	18
Сенімім – серігім	19
Айналайын Жаратқан	20
Ауылым	21
Дана халық	22
Қайтарда жылап кетем	23
Дала – жұмбақ	24
Уақыт	25
Туған ауыл	26
«Ауылда өскен...»	27
Адам. Адамгершілік (<i>Баллада</i>)	28
Тәубама қайтып келейін	31
Зымырап барады өмір	32
«Өмір өтіп...»	33
Өмірге жыр да керек	34
«Тірлік, тірлік!...»	–
Әлі де	35
Сөндірмендер сол нұрды	36
Жалғыз аққу оралды	37
Ағайын	41
«Кетер бір күн...»	42
«Аз көрдім бе өмірде...»	44
Айналайын туған жер	45
Сенім	46
Отанның қадірін білер ме	–
Жұлдызым түгел	48
Қоштасуға болды ауыр	49
Сұмдық-ау	50
Айтқаным – ашық сырым	51
Тіршілік дөңгелейді	52
Арман қып келем мен	53

Ертегім бітсе	—
«Мен елденмін...»	54
Арманым	55
Көтере бер елімнің Ақ Ордасын	57
Ана тілің және өсиет	59
Ата — тағдыр	60
Бәрі қымбат	61
Біле тұрып...	62
Сағынғанда	63
Асығумен	64
Төңірегім — телегей	65
Суда жүріп	66
Сөзің бітсе	67
Пенделік-ай	68
Обал	69
Ой ғана	—
Ертеніме кеттім еріп	70
Жансам сол тозағында	71
Өленді де...	72
Мен, әйтеуір, тірімін	73
Өлең ғана	74
Жүрегімде жара жатыр	75
Ақтық демі біткенше	76
Мүжіген миды ит егес	—
Құдайдың сақтағаны	77
«Қирап жатыр...»	78
Сені менен мен үшін	—
Өзіндей күдіреттің	79
Тәуба қылам	—
Өзімді өзім кешірмен	80
Тындап ал	81
Тағдырыма әркез мақтанам	82
Ұрпағыма жалғаймын	—
Сене көрме	84
Алпыстамын	85
Әке ұлағаты	86
Әз далам, абыз бабам, өулие анам	88
Соғыстың ардагерлері	89
Береді дейсің кім өндеп	90
Уақыттан адам озбайды	91
Сағым қуып	92
Тілектерің сендердің	93
Дос табу — шын-ақ арман	94
Бір күні отырады-ау	—
Бал күндер-ай ақ таңдай	96

Анқылдаған ауыл-ай	97
«Шет-шегі жоқ...»	98
Өмір	99
Өмір — бәйге	100
Мына заман	—

Екінші бөлім. ЕСІЛ КӨҢІЛ

«Тіршілігімнің...»	102
Сенбейтін болып барам	—
Тәуба	103
Пенде қасқа	104
Тәубамнан жаңылмадым	—
Бәрінен де	—
Түлкі — ғұмыр	105
Менде не жоқ	—
Әлімсақтан	107
Жаралы-ақ боп өтейін	—
Қайда қоям	108
«Өлең — менің өмірімнің...»	109
Он бірінші қараша	—
Жетпейсің қуып арманға	110
Жамалған жүрек	111
Бақ тіле	112
Біле алмай соның	114
Арман	—
Жайымды қайсы біледі	—
«Көктем тұрмақ...»	115
Дүние көз алдымда	116
Есіл көңілім	117
Балалығым-ай	118
Абай тұрмақ	119
Қос пырақ	120
Адасып жүрген жайымды-ай	121
«Шашылып келем...»	122
Әзіл-шыны аралас	—
Жылауық күз — жылауық қыз	123
Кеш ұғасың	124
«Тірліктің құты қандай...»	—
Ішімді ашып көрсең	125
Үзілмейді үміт	—
«Ел жазады кітапты...»	—
«Секілді қан ойнаған...»	126
«Өмірім, жоғы қандай...»	—

Зымыраған уақыттың дөңгелегі	127
Бар арманым	128
Шылдықтың, айтылмаса, құны қанша	—
«Япырау, не боп кетті...»	129
Жалғыз ғана	—
Қысқа ғұмыр	130
«Өмір өлшеулі...»	131
Тұтылған тұтқынымын	—
Өмір – майдан	132
Көңілім – сынық арба	134
Ұға алған жанға	135
Жетпіс атты қатар жегіп шыққандай	136
Жүреді айтып	—
Көңілім де бұлыңғыр	137
Тындап көр	138
Көңілімде өкпе кетті	139
Түсінді ақын	—
Сынама	140
Сырты базар үйімнің	142
«Қалғандарым...»	—
Қан қысымы	143
Көп ойланам	144
Көңіл деген	—
Көңілдің алаңы көп	145
«Жылсасак...»	146
Бейжай кезде	147
Бекер бөрі	—
Белгілі болу қиын ба	148
Қалай қараймыз ертеңге	149
Бөрі жалған	150
Ез боп кете береді	151
Алабүлік	152
«Байлық деген...»	153
Арналған алғыспенен	—
«Шайлықтастан...»	154
Уланып қалдық	155
«Біреу өтіп дүниеден...»	157
Бір-ақ күн	—
Еленде, көңілім	158
Айып па	159
Жүрек керек	160
«Даурыққыштар...»	161
Ит болып ұлиды	—
Іштен жүдеп	162
«Бас ауырып...»	163

Өзіміз	164
Бұралаң тірлік	165
«Баладай көрінетін...»	166
Шер толғау	167
Өзінде емес өз еркін	169
Ештеңе де сұрама	170
Қиын сұрақ	171
«Көңіл, көңіл...»	172
Айтар мезет	173
Сак жүрші	174
Алданбасқа алданамыз	175
Кешірсін Тәңірім	176
Қайран ағам	—
Досқа хат	177
Жақсы екен ғой	178
Ұққанға	179
Іні сұрағына орай	180
Ей, бауырларым	—
Бірге кетер	181
Кіндігім бір	182
Досқа сыр	—
Жырға асығам	183
Жырларым жылап тұрса егер	184
Күн санау	—
Шуақ еді	185
Өмір жайлы толғаныс	186
Қайрау	187
Ертеңге барар бақ күнім	188
Баламын мен	189
Асығып жеткен қолым	190
Ұрпағымды аяймын	191
Білсе-ау әркім...	192
Адамның бәрі менің бауырымдай	—
Жыр оқыдым	194
Сыр	195
Ет жүрегім сыздайды	196
Қалатұғын түрім жоқ	198
Кеншілік	—
«Көк көлдерім...»	199
Бәрі жұмбақ	200
Намыс	201
Бәріне күлдық	202
Риза көңіл	—
Ұлы, жүрегім...	203
Обалым жалғыз өзіме	204

Өмір толғауы – көңіл толғамы	205
Аққу – ғұмыр	207
Арпалыс	209
Қойдың-ау көз ілдірмей	—
Өмір шіркін	210
Бар айыбым	211
Бәрі де бәрі жайшылық	212
«Үйқы қашты...»	—
«Сырға – жырды...»	213
Бірін көрмей қалса да	214
«Келенсіз ісің...»	—
«Шым-шытырық...»	215
Арманға жеткен жан бар ма	216
«Әр нәрсенің...»	217
Күн – көңіл қазір басылған	218
«Оятардай...»	219
Шаншиды қайран жүрегім	—
Қоштасар кезде қимайсың	220
Тілек	221
Ағаларымды сағынам	—
«Тербейді...»	223
Ол жаза	224
Пенделік	—
Тәтті өмір-ай	225
Алдамшы көбік – арман	226
Қайран қырық	—
Қандай бақыт	228
Сырласу (<i>Толғау</i>)	—
«Білем, білем...»	231
Ақын баба рухына	232
«Жарты бақыт тілеген...»	233
Қасым ақын	234
Даладай заңғар, баладай аңғал	236
Белортада орыным	237
Бауырларым	238
Ұлым, саған	—
Сен ауырма	239
Жаным балам	240
Шуак қып жан нұрымды	241

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫ

Есләм Зікібаев

ҚАС ҚАҒЫМ СӘТ

Өлеңдер мен толғаулар

Редакторы *Е. Дүйсенбайұлы*
Көркемдеуші редакторы *Б. Серікбай*
Техникалық редакторы *З. Бошанова*

ИБ № 6645

Теруге 11.03.2004 жіберілді. Басуға 18.06.2004 кол қойылды.
Қалыбы 84x100^{1/32}. Офсетті басылыс. Қаріп түрі «TimesRKazakh».
Шартты бояу көлемі 12.28. Шартты баспа табағы 12.09. Есепті баспа
табағы 13.14. Таралымы 1000 дана. Тапсырыс 677 . Келісімлі баға.

Қазақстан Республикасы «Жазушы» баспасы, 480009,
Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй.

Дайын диапозитивтерден ЖШС «Жедел басу баспаханасында» басылды
480016, Алматы қаласы, Д. Қонаев көшесі, 15/1.